In the literature, different definitions of real law are given, the differences between which are mainly due to the fact that the authors of these definitions take one or another feature of real law as a basis, often ignoring others.

Here are some arbitrarily taken definitions from modern textbooks of civil law and from works on Roman law:

Property law is a subjective civil law having an absolute character, possessing a specific object and methods of protection, including in addition to the rights of ownership, use and disposal of property, the powers of ownership and benefits;

It is a subjective civil law, the object of which is a thing. The person possessing the real right carries out it independently, without resorting for this purpose to any certain actions, assistance of other obligatory persons;

Jus in rem - this is the right, the subject of which is a thing in the material meaning of the word, fixing the belonging (appropriation) of this thing and the attitude of the person to it, i.e. direct domination over this thing through a set of certain legal relations and enjoying absolute protection;

Under the real right it is accepted to understand the right providing satisfaction of interests of the authorized person by direct influence on a thing which is in the sphere of its economic domination.

Property rights are rights that are directed directly to a thing.

Property law in the subjective sense is a right that gives its subject direct dominion over a thing.

The right is called real when the person has such right to property which represents to its carrier possibility of direct influence on it; in the same cases when the subject has no direct possibility of influence on a thing, and there is only the right to demand from other person of granting of a thing, such right is called the right obligatory [5].

General legal essence of rights is that between the person and the thing is set some the perfect (legal) and direct connection: the domination thing seems to be a known entity, given in his will, belongs to him. At the same time, all other persons are prohibited from any action

capable of violating this rule, in consequence of which property rights are directed against all, which in this sense is absolute rights.

Real right is a legally secured opportunity of subjects of the right to exercise domination, power over the things belonging to them, as far as it is not limited by the law and the rights of other persons.

We can give much more similar definitions. It is easy to see that almost all of them are characterized by one-sidedness; the essence of real law is not revealed. The definition of the type «real right is the right to a thing» is unlikely to bring something new to the concept of «real right», except for what is inherent in its very name. In our opinion, the definition should disclose the most essential features of real rights. Of course, it will be somewhat cumbersome, but for a scientific definition, this is not the biggest drawback.

With this in mind, we consider it possible to construct the following detailed definition of property law:

Property law - vested absolute right to:

- 1) the object of which is an individually-definite thing;
- 2) having a specific protection against each and every using a special proprietary claims;
- 3) expressed in the presence of a possessor of the powers of possession, using or the order, all together or separately, in full or in part;
- 4) giving the holder the ability to direct action on the item (direct domination over a thing), including by restricting the owner or the subject of another real right in exercising the powers;
- 5) characterized by the presence of the powers of succession and advantage.

REFERENCES:

1. А. Г. Диденко Гражданское право. Общая часть. Курс лекций. «Нурпресс» – Алматы, 2006.–722 с.
2. Е.В. Кожевина Римское частное право. Учебно – методическое пособие. Е. – 2009г.
3. Суханов Е.А. К понятию вещного права // Нотариус. 2005. N 2. С. 35.
4. Civil Code of the Republic of Kazakhstan. The General Part (27.12.1994, has been amended for the 2012)
5. Щенникова Л.В. Вещное право: Учебное пособие. М.: Юристъ, 2006. С. 32 - 33.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МҮЛІКТІК ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ АРАЖІГІН АЖЫРАТУ

Ибраев А.С.

Бұл мақалада автор азаматтық құқық институттардын: заттық және міндеттемелік құқық салыстырмалы талдау жүргізген. Қысқаша талдау жүргізіліп, әр бағытқа тән ерекшеліктер анықталды. Сондай-ақ заттық құқықтың нақты, толық түсінігі берілді.

Кілт сөздер: *мүлік, міндеттеме, азаматтық құқық, міндет, құқық.*

РАЗГРАНИЧЕНИЕ ИМУЩЕСТВЕННОГО И ОБЯЗАТЕЛЬСТВЕННОГО ПРАВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Ибраев А.С.

В данной статье рассматривается сравнительный анализ институтов гражданского права: вещное и обязательственное право. Был проведен краткий анализ, и

выявлены особенности присущие каждому из направлений. Также данное четкое, развернутое понятие вещного права.

Ключевые слова: имущество, обязательство, гражданское право, обязанность, право.

Материал поступил в редакцию: 10.07.2019г.

ӘОЖ 347.664

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАРЫ

Копбасарова Г.К., Ерболатұлы А.

Халықаралық мұрагерлік құқық - бұл екі немесе одан да көп мемлекеттің құқық тәртібімен байланысты мұрагерлік қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Мұндай қарым-қатынастар осы қозғамда қалыптасқан адамгершілік ұғымдармен, отбасылық ұстанымдармен және ұлттық дәстүрлермен тығыз байланысты. Халықаралық деңгейдегі мұрагерлік қатынастар, ең алдымен, әр түрлі мемлекеттердің материалдық-құқықтық нормаларының принципті айырмашылықтарына байланысты күрделенеді.

Қазақстан Республикасы аумағындағы мұрагерлік құқық қатынастарын реттейтін нормативтік актілер мұраға байланысты барлық қатынастарды реттейді. Бірақ мұрагерлік мәселелерін шешу кезінде шетелдік құқықты қолдану қажет болған жағдайлар тууы мүмкін.

Кілт-сөздер: *мұрагерлік құқық, халықаралық мұрагерлік құқық, коллизиялық нормалар, шетелдік элементтер, мұрагердің мәртебесі.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1038-бабына сәйкес, мұрагерлік – қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы. Мұрагерлік кезінде алынатын мүлік, құқықтар мен міндеттер кешенін мұралық мүлік, мұра деп атайды. Қайтыс болған адамның мұрасы мұрагерлерге әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен, яғни біртұтас және сол сәтте өзгермеген түрде өтеді, аталған жайлар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларымен бекітілген [1].

Қазақстан Республикасы аумағындағы мұрагерлік құқық қатынастарын реттейтін нормативтік актілер мұраға байланысты барлық қатынастарды реттейді. Бірақ мұрагерлік мәселелерін шешу кезінде шетелдік құқықты қолдану қажет болған жағдайлар тууы мүмкін. Қазақстанда қолданылып жүрген заңдар мұрагерлік жөніндегі қатынастар мұра қалдырушының соңғы тұрақты тұратын жері болған мемлекеттің заңы бойынша белгіленеді деп белгілейді. Қазақстанның мұрагерлік құқығының нормалары мұра иесі Қазақстан аумағында тұрған кезде қолданылады. Егер мұра қалдырушы шетелдік елде тұрған болса, онда шетелдік құқық нормалары қолданылады. Қазақстанның құқығы, шет елдердің құқығы сияқты, теңдік негізінде қолданылатынын атап өткен жөн.

Материалдар мен жұмыс әдістемесі

Халықаралық мұрагерлік құқық - бұл екі немесе одан да көп мемлекеттің құқық тәртібімен байланысты мұрагерлік қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Мұндай қарым-қатынастар осы қоғамда қалыптасқан адамгершілік ұғымдармен,

отбасылық ұстанымдармен және ұлттық дәстүрлермен тығыз байланысты. Халықаралық деңгейдегі мұрагерлік қатынастар, ең алдымен, әр түрлі мемлекеттердің материалдық-құқықтық нормаларының принципті айырмашылықтарына байланысты күрделенеді.

Қазақстанда шетелдік элементпен мұрагерлік қатынастарды реттейтін нормалар қолданылады. Шетелдік элемент әртүрлі болуы мүмкін екенін атап өту керек. Мысалы, мұра қалдырушы Қазақстанда тұрған және Қазақстан Республикасының азаматы болған, Қазақстанда мұрагерлік мүлік бар, мұнда оның шетел азаматы болған мұрагері тұрады. Бұл жағдай шетелдік элемент болса да, ол шетелдік құқық нормаларын қолдануға әкелмейді. Бұл ретте Мұрагер шетелде тұрақты тұрып жатқан жағдайдың өзінде де, мұрагерлік құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасы территориясындағы нағыз заңнама бойынша жүзеге асады. Ал кереісінше, мұра қалдырушы шетелдік азамат болса, ал мұрагер ҚР азаматы болса, аталмыш құқықтық қатынас шетелдің заңнамасымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Заңнамасы мұрагерлік құқық бойынша кейбір жағдайда шетелдік элементтермен күрделенген іс бойынша басқа елдің заңына сілтеме жасауы мүмкін, ал сол мемлекетте қазақстандық құқықты қолдану қажеттілігін көрсететін коллизиялық норма бар жағдайлар болуы мүмкін. Осылайша, мұра беруші Қазақстан азаматы болды және Швецияда тұрақты тұрады. Қазақстанда қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес Швецияның заңын қолдану керек, алайда Швед заңнамасы мұрагерлік мұра беруші азаматы болған елдің заңымен реттеледі деп белгілейді. Бұл әрекет кері сілтеме деп аталады [2].

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің мұрагерлік құқықтары. Қазақстан Республикасының аумағында шетел элементінің қатысуымен мұрагерлік құқықтық қатынастар бірқатар жағдайларға байланысты туындайды. Олардың арасында:

1. Қазақстан Республикасы аумағындағы мұраны шетел азаматы пайдасына ашу;
2. Шетелдік элементтердің ҚР аумағында мұрасы болуы;
3. Қазақстан аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтың қайтыс болуы және т. б.

Осыған байланысты Қазақстанда шетелдіктердің мұрагерлік құқықтары қандай деген сұрақ туыады. Бұл сұраққа жауап бере отырып, ең алдымен мұрагерлік құқық қатынастарында, шетелдік элементі бар басқа да бірқатар құқық қатынастарындағы сияқты, шетел азаматына және азаматтығы жоқ адамдарға ұлттық режим қағидаты қолданылатынын атап өткен жөн. Бұл Қазақстан Республикасындағы мұрагерлік саласындағы шетелдіктер осы елдің азаматтары сияқты құқықтарды пайдаланады дегенді білдіреді.

Заңнама шетел азаматтарының мұрагерлік құқықтары саласындағы жалпы шектеулерді белгілемейді. Шектеулер реторсия және шетелде қазақстандық азаматтардың тиісті құқықтарын шектеу тәртібімен жауап сипатында болуы мүмкін. Егер, мысалы, шет мемлекет Қазақстан Республикасының азаматын мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де негізде өз аумағында жер сатып алу құқығынан айырса, Қазақстан Республикасы мұндай мемлекеттің азаматтары үшін өз аумағында жауап ретінде шектеулер белгілей алады. ҚР Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығына сәйкес, шетел азаматтарының осы Жарлықта белгіленген мақсаттар үшін жерді жеке меншікке сатып алуға құқығы бар. Егер Қазақстан Республикасының заңдарына орай шетел азаматтарының меншігінде Республика азаматтарының жеке меншік объектісі болуы мүмкін қандай да бір мүлік бола алмаса, шет ел азаматтары үшін қайтыс болуына байланысты мұраны ашқан кезде осындай жағдай туындауы мүмкін. Бірақ, шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағында мұрагерлік құқықтарын анықтай отырып, олардың мүліктің белгілі бір түрлерін сатып алу, әкету құқықтарының мүмкін

болатын шектеулерін ескермеуге болмайды.

Мұндай шектеулер айрықша болып табылады және заңдарда көзделген жағдайларда ғана қолданылады, қалған жағдайларда шетелдіктердің құқықтары тең болып табылады.

Шетел азаматтары субъектілері болып табылатын мұрагерлік құқықтық қатынастар туындаған кезде бірқатар мәселелерге жауап беруге тура келеді, олар: заң бойынша немесе өсиет бойынша мұрагерлер қатарына кім кіреді, мұрагерлік құқықтарды ресімдеу тәртібі мен мерзімдері, өсиеттің нысандары, мұраны қабылдау немесе одан бас тарту тәртібі қалай жүзеге асады. Аталмыш сұрақтарға жауап бермес бұрын, қолданыстағы нағыз Заңды анықтау қажет. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұрагерлік бойынша қатынастар мұра қалдырушының соңғы тұрақты тұрғылықты жеріне байланысты анықталады. Егер соңғы тұрақты тұрғылықты жері Қазақстан болып табылса, қазақстандық құқық қолданылатын болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұрагерлік құқығы мұра қалдырушы қайтыс болған немесе ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда туындайды. Қазақстандық заңнамамен заң бойынша мұрагерлер шеңбері, олар мұраға шақырылатын тәртіп, олардың мұрагерлік мүліктегі үлесі, мұраны қабылдау және одан бас тарту нысаны және басқа да бірқатар мәселелер анықталған.

Мысалға, Шымкент қаласындағы нотариусқа Қазақстан Республикасының аумағында соңғы 3 жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Өзбекстан азаматы мұра қалдырушы басқа Өзбекстан азаматының мұрасын алу ісі бойынша келді. Нотариаттық кеңсе оған мұрагерлік құқықтарды танудан бас тартты. Нотариаттық кеңсенің бас тартуы негізді болып табылады. Мұра қалдырушы өсиетті қалдырмады. Демек, бұл жағдайда заң бойынша мұрагерлік болады. Себебі, аталмыш азамат соңғы тұрғылықты жері Шымкент қаласы болғандықтан, оған қатысты мұрагерлік құқықтық қатынастар ҚР заңдарымен реттеледі. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша немереле-іні заң бойынша мұрагер болып танылмайды. Өзбекстан құқығы оларды мұрагер ретінде таныса да (Өзбекстан Республикасының азаматтық Кодексінің 1118-бабы), нотариалдық кеңсе мұрагерлік туралы куәлік беруден негізді түрде бас тартты [3].

Қазақстан Республикасындағы құрылыстар мен басқа да жылжымайтын мүлікке мұрагерлік Қазақстан құқығы бойынша анықталады. Сот немесе өзге де орган коллизиялық істі қараған кезде және жылжымайтын мүлікке мұрагерлік құқықтарға қатысты мәселені шешуі тиіс болса, онда оған ең алдымен даудың нысанасы жылжымалы немесе жылжымайтын зат болып табылатындығын анықтау керек. Аталмыш сұрақты дер кезінде шешу қай құқықтық жүйенің қолданылатыны анықтайды. Жер, құрылыс, көпжылдық екіпелер және жермен тығыз байланысты өзге де мүлік сияқты объектілерді жылжымайтын мүлікке жатқызу қиындық тудырмайды. Неғұрлым күрделі мәселе физикалық қозғалыс болып табылатын нәрсеге құқық жылжымайтын мүлікке құқық ретінде қарастырылады. Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жылжымайтын заттарға мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, "өзен-теңіз" жүзу кемелері, ғарыш объектілері теңестіріледі. Жылжымайтын заттардың ең кең концепциясынан Француз құқығы шығады. Оларға заң мен тәжірибе кәсіпорында қолданылатын машиналар, құралдар мен шикізат, ауыл шаруашылығы құралдары мен малдары жатады [4].

Шет ел элементінің қатысуымен өсиет бойынша мұрагерлік өзінің кейбір ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, мұра ашылғанға дейін өсиет жасау қажет. Адамның өсиетті жасауға және оның күшін жоюға қабілеттілігі, сондай-ақ өсиеттің және оның күшін жою актісінің нысандары өсиет қалдырушы актіні жасау кезінде тұрақты тұратын жері болған елдің құқығы бойынша айқындалады. Алайда, өсиет немесе оның күшін жою нысанды сақтамау салдарынан жарамсыз деп танылмайды. Қазақстандық құқық жазбаша нысанда өсиетті және нотариаттық нысанда немесе оған теңестірілген тәртіппен куәлікті

жасауды талап етеді. Мысалы, егер адам Англияда тұратын болса, ағылшын құқығының талаптары бойынша өсиетті құрастырса (жазбаша түрде жасалса, өсиет қалдырушы қол қойса және куәгерлер куәландырса), содан кейін Қазақстанға тұрақты тұруға көшкен соң қайтыс болса, мұрагерлік қатынастар қазақстандық құқықтармен реттелетін болады, бірақ өсиеттің жарамдылығы ағылшын құқығы нормаларының негізінде анықталады [5].

Мұрагерлік саласындағы салық салуға қатысты шетелдіктерге де қазақстандық азаматтарға да бірдей режим қолданылады. Осы ережеден болуы мүмкін ауытқулар халықаралық келісімдермен белгіленуі мүмкін. Мысалы, 1994 жылғы 28 наурызда тараптар қол қойған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Консулдық Конвенцияға сәйкес, консулдық мекеме қызметкері немесе оның отбасы мүшесі қайтыс болғаннан кейін консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеме қызметкері немесе оның отбасы мүшесі ретінде қайтыс болған адамның осы Мемлекетте болуына байланысты ғана болатын жылжымалы мүлікті салық салудан және баж салығынан босатады [6].

Шетелдік азаматқа тиесілі мұралық мүлікті қорғау туралы мәселе маңызды болып табылады. Мұндай мүлікті қорғау жөніндегі іс-әрекеттер қазақстандық құқыққа сәйкес жүзеге асырылады. Халықаралық келісімдер мұрагерлік мүлікті қорғау жөніндегі өзге де органдардың құзыретін белгілей алады. Мәселен, 1993 жылғы 22 Қаңтарда Минскіде қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенцияның 50-бабы мұраны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысу құқығы дипломатиялық мекемелерге беріледі. Осыған ұқсас құқықтар Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 20 қаңтардағы Украинамен, 1994 жылғы 28 наурыздағы Ресей Федерациясымен 1994 жылғы 16 қыркүйектегі Қытай Халық Республикасымен Консулдық Конвенциялары мен шарттарында көзделген [7].

Шетелдік азаматтардың мұрагерлік құқықтарын анықтауда мұрагерлік сомалар мен мұрагерлік мүлікті аудару және әкету туралы мәселе маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған мүлікті қоспағанда, мұрагерлік сомалар мен мүлік кедергісіз аударылуға және әкетілуге жатады. Бұл ретте халықаралық шарттарға сәйкес әкетуге тыйым салынған мүліктің тізбесі мұра қалдырушының қайтыс болуы кезінде қолданыста болған заңдармен айқындалуы мүмкін, өйткені мұрагерлердің шеңбері және өзге де мәселелер мұра ашылған кезде қолданыста болған заңдармен айқындалады.

Қорытынды

Әр түрлі мемлекеттердің ұлттық заңдары арасындағы қақтығыстар шетелдік элементпен мұраға қолдануға болатын құқықты айқындаудың коллизиялық жүйелері арасындағы тұжырымдамалық айырмашылықтарды тереңдете түседі. Мұндай жағдайларда ұлттық заңдардың коллизияларын еңсерудің пәрменді құралдарының бірі әрдайым халықаралық шарттар жасасу болып табылады. Алайда ұлттық, діни және отбасылық дәстүрлерге негізделген мұрагерлік қатынастардың ерекшелігі мұрагерлік туралы материалдық-құқықтық нормаларды нәтижелі біріздендіруге кедергі келтіреді. Осыған қарағанда, Гаага конвенциялары үлкен табысқа жетті: «өсиеттік өкімдердің нысанына қатысты заңдардың коллизиясы туралы» (05.10.1961 ж.), «мүлікке қолданылатын құқық туралы, оған билік ету сенімді меншік негізінде жүзеге асырылады және оны тану туралы» (01.07.1985 ж.), "жылжымайтын мүлікті мұраға алуға қолдануға жататын құқық туралы» (01.08.1989 ж.), «негізгі қағидатты — неғұрлым тығыз байланыс принципі мен оның әртүрлі вариациялары туралы» (01.08.1989 ж.). — азаматтық елдің заңы (*lex patriae*), басым тұратын жердің заңы (*lex domicilii*), заттың орналасқан жерінің Заңы (*Lex rei sitae*) [8].

Қаралып отырған саладағы халықаралық бірізділіктің болмашы деңгейі ҚР-да шетелдіктердің мұрагерлік құқықтарын анықтаудағы ұлттық-құқықтық нормалардың үстемдігіне заңды түрде себепші болды, онда мұрагерлік статутын "бөлу" қағидаты жүзеге

асырылады (ҚР АҚ 1121-1123-бабы). Сонымен, мұрагерлік құқықтық қатынастар ҚР АҚ 1121-бабына сәйкес мұра қалдырушының соңғы тұрғылықты жерінің құқығы бойынша анықталады, егер өсиетте ол басқа елдердің құқықтық жүйесін таңдамаса.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі» 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі // Құқықтық-нормативтік актілердің ақпараттық порталы www.adilet.zan.kz
2. The Interaction of Contract Law and Tort and Property Law in Europe A Comparative Study. Professor Dr. Dr. h.c. mult. Ulrich Drobnig Emeritus Director of the Max Planck Institute for Foreign and Private International Law, Hamburg sellier. european law publ., 2004, p. 179
3. «Өзбекстан Республикасының азаматтық Кодексі» 1995 жылдың 21 жылтоқсанындағы №163-І Кодексі // Құқықтық-нормативтік актілердің ақпараттық порталы www.adilet.zan.kz
4. Гетьман-Павлова, И. В. Международное частное право / И.В. Гетьман-Павлова. - М.: Юрайт, 2013. - 960 с
5. Богуславский, М. М. Международное частное право / М.М. Богуславский. - М.: Международные отношения, 2016. - 416 с.
6. 1994 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы» Қаулысы // Құқықтық-нормативтік актілердің ақпараттық порталы www.adilet.zan.kz
7. "Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам" от 22.01.1993г. // Официальный сайт исполнительного комитета СНГ <http://www.cis.minsk.by>
8. Гражданское право. Т. III: Учебник для вузов (академический курс) / Под ред. М.К.Сулейменова, Ю.Г.Басина. — Алматы, 2004. — С. 273.

НАСЛЕДСТВЕННЫЕ ПРАВА ИНОСТРАНЦЕВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Копбасарова Г., Ерболатулы А.

Международное наследственное право - это совокупность норм, которые регулируют наследственные отношения, связанные с правом порядком двух или более государств. Такие отношения тесно связаны со сложившимися в данном обществе нравственными представлениями, семейными устоями и национальными традициями.

Нормативные акты, регулирующие отношения наследственных прав на территории Республики Казахстан, регулируют все отношения, связанные с наследством. Но при решении вопросов наследования могут возникнуть обстоятельства, при которых необходимо применение иностранного права.

Ключевые слова: *наследственное право, международное наследственное право, коллизионные нормы, иностранные элементы, статус наследника.*

INHERITANCE RIGHTS OF FOREIGNERS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Kopbasarova G.K., Erbolatuly A.

International inheritance law is a set of rules that govern hereditary relations related to the legal order of two or more States. Such relations are closely connected with the moral ideas, family traditions and national traditions that have developed in the given society.

Normative acts regulating relations of inheritance rights in the territory of the Republic of

Kazakhstan regulate all relations related to inheritance. But when dealing with inheritance issues, there may be circumstances in which the application of foreign law is necessary.

Key words: *inheritance law, international inheritance law, conflict of laws rules, foreign elements, the status of the heir.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 22.08.2019ж.

ӘОЖ 347.65/.68

МҰРАГЕРЛІК ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Копбасарова Г.К., Ерболатұлы А.

Мұрагерлік – қайтыс болған азамат мүлкінің басқа адамға - мұрагерге ауысуы. Мұрагерлік кезінде алынатын мүлік, құқықтар мен міндеттер кешенін мұралық мүлік, мұра деп атайды. Қайтыс болған адамның мұрасы мұрагерлерге әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен, яғни біртұтас және сол сәтте өзгермеген түрде өтеді. Мұрагерлік институтының құқықтық аспектілері Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексінде көрсетілген негіздермен жүзеге асады.

Кілт сөздер: *мұрагерлік, мұра, өсиет, заң бойынша мұра, мұраны қабылдау актісі, мұраадан бас тарту.*

Кіріспе

Мұрагерлік құқық - қайтыс болған (мұра қалдырушының) мүліктік құқықтары мен міндеттерінің (мұраның) басқа адамдарға (мұрагерлерге) көшу (мұрагерлік) тәртібі мен нысандарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. ҚР АҚ-нің 1110-бабына сәйкес мұрагерлік кезінде қайтыс болған адамның мүлкі (мұра, мұрагерлік мүлік) басқа адамдарға әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен, яғни біртұтас және сол сәтте өзгеріссіз түрде ауысады.

Мұрагерлік - қоғамның әлеуметтік-экономикалық негізін көрсете отырып, эволюцияланған ежелгі, тарихи қалыптасқан құқықтық санат. Мұрагерлік құқық ең тұрақты құқықтық институттардың бірі болып саналады, тарихқа үніліп қараса, тіпті ежелгі уақытта қайтыс болған адамның мүлкін оның балаларына көшіру практикасы болған. Мұрагерлік құқықты құқықтық реттеу көздері жүйесінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) (бұдан әрі — АҚ) басты орын алады. 2007 жылғы 3 ақпанда ҚР Азаматтық кодексі кезекті өзгерістерге ұшырады, олардың негізгілері 6-бөлімнің «мұрагерлік құқық» нормаларына қатысты болды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1038-бабына сәйкес, мұрагерлік – қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы. Мұрагерлік кезінде алынатын мүлік, құқықтар мен міндеттер кешенін мұралық мүлік, мұра деп атайды. Қайтыс болған адамның мұрасы мұрагерлерге әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен, яғни біртұтас және сол сәтте өзгермеген түрде өтеді, аталған жайлар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларымен бекітілген [1].

Мұрагерлік институты басқа да азаматтық-құқықтық институттардың арасында ерекше, өте маңызды орын алады. Мұрагерлік құқығына ҚР Конституциясымен кепілдік беріледі.

Мұра деп қайтыс болған азаматтың мүлкінің мұра қалдырушы деп аталатын басқа адамға немесе бірнеше мұрагерлерге ауысуы түсініледі.

Мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі барлық мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуымен өмір сүруі тоқтатылмайтын құқықтар мен міндеттер кіреді. Мұрагерлік тек мұрагерге тікелей тиесілі құқықтар мен міндеттерге қатысты ғана мүмкін болады.

Ғалым В.М. Нечаевтың пайымдауынша, мұрагерлік – бұл адам қайтыс болғаннан

кейін мүлікті, титулдарды, борыштарды, құқықтар мен міндеттерді беру практикасы. Мұрагерлік ережелері әртүрлі қоғамдарда ерекшеленеді және уақыт өте келе өзгереді [2].

Материалдар мен жұмыс әдістемесі

Мұрагерлік масса тұрғын үй, пәтер, автокөлік, ақша, бағалы қағаздар, шарттарға негізделген немесе өзге де негіздерден туындайтын мүліктік талаптар мен міндеттемелер сияқты жылжымалы және жылжымайтын мүлікті қамтуы мүмкін.

Бұл ретте, мұра тек қандай да бір мүлік немесе мүлікке құқық ғана емес, сондай – ақ міндеттемелер де біртұтас ретінде өтетінін ескеру қажет. Мысалы, егер мұрагерлерге тұрғын пәтер ауысса, онда коммуналдық қызметтер үшін қарыз төлеу бойынша міндеттемелер де ауысады. Осылайша, мұраның бір бөлігін қабылдауға болмайды, ал басқа бөліктен бас тартуға болмайды.

ҚР Азаматтық кодексінің 1040-бабына сәйкес, мұраның құрамына мұра қалдырушының мұра ашылған күнге тиесілі заттар, өзге де мүлік, соның ішінде мүліктік құқықтары мен міндеттері кіреді. Мұраның құрамына тағы да, мұра қалдырушының қайтыс болуына байланысты тоқтамайтын барлық құқықтар мен міндеттер кіреді.

Мұраның құрамына мұра қалдырушының тірі кезінде ресімделмеген мүліктік құқықтарын ресімдеу үшін қажетті құқықтар, оның ішінде оларды тіркеу құқығы да кіруі мүмкін.

Аталған баптың нормаларына байланысты мұра қалдырушының жеке басына тығыз байланысты құқықтар мен міндеттерге келесілер жатады: заңды тұлғаларға мүше болу құқығы, өміріне және денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы, алименттік міндеттер, заңдарда негізділген басқа да төлемдер. Мүліктік құқықтармен байланысы жоқ жеке мүліктік емес құқықтар мұраның құрамына кірмейді.

Мұра мұра қалдырушының қайтыс болуымен ашылады. Соттың қайтыс болған деп жариялауы өлім сияқты құқықтық салдарға әкеп соғады [2].

Ғалым Жироновтың пайымдауына сенсек, азаматтың қайтыс болған күні мұраның ашылу күні болып табылады. Мұра қалдырушы қайтыс болды деп жарияланған кезде (қайтыс болды деп жарияланған хабарландыруды қараңыз) соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген күн мұраның ашылу күні болып табылады. Ал қайтыс болған күні деп оның болжамды қаза тапқан күні танылған жағдайда — сот шешімінде көрсетілген қайтыс болған күні танылады.

Сол күні қайтыс болған адамдар (коммориенттер) мұралық құқықтық мирасқорлық мақсатында бір мезгілде қайтыс болды деп есептеледі және бір-бірінен кейін мұра қалдырмайды. Бұл ретте олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлік етуге шақырылады [3].

Азаматтық кодекстің 1043-бабына сәйкес, мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса - мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады.

Яғни, Мұраның ашылу орны мұра қалдырушының соңғы тұрғылықты жері болып табылады. Егер Қазақстан аумағында мүлікке ие болған мұра қалдырушының соңғы тұрғылықты жері белгісіз болса немесе одан тыс жерде болса, Қазақстанда мұраның ашылу орны осындай мұрагерлік мүліктің орналасқан жері болып танылады. Егер мұндай мұрагерлік мүлік әртүрлі жерлерде болса, оның құрамына кіретін жылжымайтын мүліктің немесе жылжымайтын мүліктің неғұрлым бағалы бөлігінің орналасқан жері, ал жылжымайтын мүлік болмаған кезде — жылжымалы мүліктің немесе неғұрлым бағалы бөліктің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады. Мүліктің құндылығы оның нарықтық құны негізге алына отырып айқындалады [2].

Американдық ғалымдар С. Дэвис пен Б. Джеймс «Мұрагерлік пен басқа да факторлардың экономикалық теңсіздікке салыстырмалы әсері» атты еңбегінде мұрагерлік құқықтың субъектілері мәселесін қарастырады. Аталмыш тақырып бүгінгі таңда үлкен проблематикалық даулардың бастамасы болып қалуда, аталған мәселені шешу практикасы

екі елде әртүрлі жүргізілетіне карамастан, теориялық жағы ортақ болып келеді. Яғни, ғалымдардың пайымдауынша, мұра ашылған күні тірі, сондай-ақ мұра қалдырушының өмірі кезінде ұрықтанған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған (наситурустар) жеке тұлғалар мұраға шақырылуы мүмкін.

Әсиет бойынша мұраға мұрагерлік ашылған күні бар онда көрсетілген заңды тұлғалар, мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы, муниципалдық бірліктер, шетелдік және халықаралық ұйымдар шақырылуы мүмкін. Заң бойынша мұраға Қазақстан Республикасында иесіз қалған мүлікті мұраға алу тәртібімен шақырылады.

Егер шақырылған мұрагер мұраны қабылдағанға дейін қайтыс болса, онда мұрагерлік трансмиссияға сәйкес оның мұрагерлері мұраға шақырылады [4].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1045-бабына орай, мұрадан лайықсыз мұрагерлерді шеттетуге мәселесі көзделген:

1. Мұра қалдырушыны немесе мүмкін болатын мұрагерлердің біреуін қасақана өлтірген немесе олардың өміріне қастандық жасаған адамдардың әсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ. Бұған әсиет қалдырушы оның өміріне қастандық жасалғаннан кейін өздеріне қатысты әсиет қалдырған адамдар кірмейді.

2. Мұра қалдырушының соңғы еркін жүзеге асыруға қасақана кедергі жасаған және сол арқылы олардың өздерін немесе оларға жақын адамдарды мұрагерлікке шақыруға не мұраның оларға тиесілі үлесін көбейтуге ықпал жасаған адамдардың әсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ.

3. Балаларына ата-аналық құқықтарынан айырылған және мұра ашылған кезде бұл құқықтарын қалпына келтірмеген ата-аналардың балаларынан қалған мұраны, сондай-ақ мұра қалдырушыны күту жөнінде өздеріне заң күшімен жүктелген міндеттерді орындаудан жалтарған ата-аналардың (асырап алушылардың) және кәмелетке толған (асырап алынған) балалардың заң бойынша мұраны алуға құқығы жоқ.

4. Лайықсыз мұрагерлерді мұрагерліктен шеттетуге негіз болатын мән-жайларды сот белгілейді.

4-1. Осы баптың негізінде мұрагерлікке құқығы жоқ немесе мұрагерліктен шеттетілген адам (лайықсыз мұрагер) мұраның құрамынан негізсіз алған барлық мүлікті қайтаруға міндетті.

Мұрагерлік мүлікті қайтару мүмкін болмаған кезде лайықсыз мұрагер оның нарықтық құнын өтеуге міндетті.

5. Осы баптың ережелері әсиеттік бас тартуға да қолданылады (осы Кодекстің 1057-бабы).

Лайықсыз бас тартушы үшін белгілі бір жұмысты орындау немесе оған белгілі бір қызмет көрсету әсиеттік бас тартудың нысаны болған жағдайда, ол әсиеттік бас тартуды орындаған мұрагерге атқарған жұмыстың немесе оған көрсетілген қызметтің құнын өтеуге міндетті.

6. Осы баптың ережелері барлық мұрагерлерге, соның ішінде міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлерге де қолданылады [2].

Мұраға алудың 2 негізі бар: әсиет бойынша және заң бойынша. Заң бойынша қайтыс болған адамның жақын туыстары, әдетте, егер ол әсиетті қалдырмаған жағдайда мұра алады; әсиет бойынша мүлікті кез келген адам ала алады — жеке тұлғалар ғана емес, олардың қатарында сондай-ақ жеке ұйымдар мен тіпті мемлекет болуы мүмкін.

Пенсильвания университетінің ғалымы Э.Н. Канның зерттеуіне сүйенсек, заң бойынша мұра қалдырушының әсиеті болмаған мүлкі мұраға қалдырылады. Заң бойынша мүмкін болатын барлық мұрагерлер бірнеше кезектерге бөлінеді. Егер барлық алдыңғы кезектердің мұрагерлері жоқ болса, мұраны қабылдаса, одан бас тартса не оған құқығын жоғалтса (әсиетке сәйкес немесе өзінің құқыққа қарсы іс-әрекеттері нәтижесінде) әрбір кезектегі мұрагерлер мүлікке мұрагерлік бола алады. Заң бойынша мұраға алынған мүлік тиісті кезектегі мұрагерлер арасында тең бөлінеді [5].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында заң бойынша мұрагерлердің сегіз кезегі анықталған, олар:

- Бірінші кезек - жұбайы(зайыбы), ата-аналары мен балалары (сондай-ақ ұсыну құқығы бойынша немерелері мен олардың ұрпақтары);
- Екінші кезек - туған ағалары мен апа-қарындастары (оның ішінде толық емес), аталары мен әжелері (сондай-ақ ұсыну құқығы бойынша немере-қарындастары мен немерелері);
- Үшінші кезек-туған ағалар мен тәтелер (сондай-ақ ұсыну құқығы бойынша немере ағалары мен апа-қарындастары);
- Төртінші кезек - аталар мен әжелер;
- Бесінші кезек – немере - шөберелерінің балалары, әжелер мен аталардың туған аға-інілері мен апа-қарындастары;
- Алтыншы кезек - немерелері, аға-інілері мен апа-қарындастарының балалары;
- Жетінші кезек —өгей әкесі және өгей шешесі.
- Сегізінші кезек-мұра қалдырушының еңбекке жарамсыз асырауындағылар сегізінші кезектегі мұрагерлер ретінде өз бетінше мұра алады.

Аталған жайлар Қазақстан республикасының Азаматтық кодексінің 1061-1064 баптарында көрсетілген [2].

Егер заң бойынша мұрагер мұра қалдырушыдан бұрын немесе онымен бір мезгілде қайтыс болса, онда кейбір жағдайларда осы мұрагердің ұрпақтары оның орнына ұсыну құқығы бойынша мұра алу мүмкіндігіне ие болады: бұл жағдайда осы қайтыс болған мұрагерге тиесілі үлес оның ұрпақтары арасында бөлінеді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ұсыну құқығы бойынша мұраға:

- Мұра қалдырушының немерелері және олардың тікелей ұрпақтары-мұра қалдырушының балаларының орнына (1-кезек);
- Мұра қалдырушының немерелері — туған ағалары мен апаларының орнына (2-кезек);
- Мұра қалдырушының аға — інілері мен апа-қарындастары-мұра қалдырушының ата-анасының туған аға-інілері мен апа-қарындастарының орнына (3-кезек).

Екінші және үшінші жағдайда ұсыну құқығы қайтыс болған мұрагерлердің балалары ғана шектелген; алыс туыстары мен алыс ұрпақтары 5 және 6 кезектерге жатады немесе заң бойынша мүлде мұра ала алмайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1046-бабы өсиет бойынша мұрагерліктің жалпы ережелерін үстейді, ол бойынша, азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады.

Аталмыш нормада келесі реттер көзделген:

1. Азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады.

1-1. Өсиетті оны жасаған кезде толық әрекет қабілеттілігі бар азамат жасайды.

2. Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады.

3. Өсиетті өзі жасауға тиіс. Өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді.

4. Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Егер өсиеттен өзгеше туындамаса, заң бойынша мұрагерді мұрадан айыру оның ұсынылу құқығы бойынша мұрагерлік етуші ұрпақтарына қолданылмайды.

5. Мұра қалдырушы өзінің кез келген мүлкі, оның ішінде болашақта сатып алуы мүмкін мүлкі туралы да өкім бар өсиет жасауға құқылы.

Өсиет қалдырушы мұрагерлердің мұрадағы үлесін кез келген түрде белгілеуі

мүмкін, әртүрлі мүлікке қатысты бір немесе бірнеше өсиет жасай отырып, өз мүлкіне немесе оның қандай да бір бөлігіне билік ете алады.

6. Мұра қалдырушы жасалған өсиеттің оны жасағаннан кейін кез келген уақытта күшін жоюға және өзгертуге ерікті және күшін жоюдың немесе өзгертудің себебін көрсетуге міндетті емес.

7. Мұра қалдырушының өсиетте өзі мұрагер етіп тағайындаған адамдарға, олар қайтыс болған жағдайда өз кезегінде өсиет еткен мүлікті белгілі бір түрде билік ету міндетін жүктеуге құқығы жоқ [2].

Ресейлік ғалым К.М. Егоров «Наследственные споры в суде» атты еңбегінде мұрагерлік құқықтың, оның ішінде мұрагерлік алудың рәсімдерін зерттейді, аталған еңбек Ресей, Беларусь және Қазақстан секілді үш ТМД елдерінің аталмыш проблематикалық мәселесі тұсында зерттеулер жүргізуге арналған. Яғни, Қазақстанның заңнамасы бойынша мұрагерлік құқығына мұрагерлік ашылғаннан кейін 6 ай ішінде кіру керек. Егер мұрагер алты ай ішінде дәлелді себеп бойынша өз құқықтары туралы мәлімдемесе немесе мұрагер мұраны ашу туралы білмесе және білуге тиіс болмаса, сот мүлікті мұраға қалдыру мерзімін қалпына келтіре алады. Сондай-ақ, сот мерзімін қалпына келтіре алады мұрагерлік ауру себебі бойынша мұрагер немесе мән-жайларға байланысты қиындататын кірісуі керек. Аталмыш практика алдыда көрсетілген көрші елдерде де айнадай қайталаанады. Тек қана мемлекеттік құрылыстың спецификасына байланысты ерекшеленеді, себебі, Қазақстан Республикасы біртекті болып табылғандығынан, аталмыш сұрақ шегінде Беларусь мемлекетінің моделіне жақынрақ болып келеді.

Мұрагерлік құқықтық қатынастарына кіру немесе мұраны екі жолмен алуға болады:

— нотариусқа өтініш беру жолымен;

— іс-әрекетті жасау арқылы туралы куәландыратын іс жүзінде мұраны қабылдау, онда: кіріспе иеленуге немесе басқаруға мұралық мүлікті қабылдау; шараларын сақтау жөнінде мұралық мүлікті қорғау датаны ақы төлеу; өз есебінен күтіп-ұстауға арналған шығыстардың мұралық мүлікті ақы төлеу; өз есебінен мұра қалдырушының қарыздарын алу немесе үшінші тұлғалардан мұра қалдырушыға тиесілі ақша қаражаты.

Егер мұрагер мұраны іс жүзінде қабылдаса, бірақ мұраны қабылдау туралы өтінішпен жүгінбесе, онда ҚР азаматтық сот ісін жүргізу ережелері бойынша мұраны сот тәртібімен қабылдау фактісін анықтау қажет. Мұраны қабылдау фактісін анықтау ерекше тәртіппен жүргізіледі.

Мұрагер мұраны қабылдау мерзімі өткеннен кейін мұраны қабылдаған барлық мұрагерлерден жазбаша түрде келіскен жағдайда мұраны сотқа жүгінбей қабылдауы мүмкін. Егер бұл келісімді мұрагерлер жазбаша нысанда нотариустың қатысуымен бермесе, олардың келісімі туралы құжаттардағы қолдары куәландырылуға тиіс. Мұрагерлердің келісімі нотариустың бұрын берілген мұраға құқық туралы куәліктің күшін жоюға және жаңа куәлік беруге негіз болып табылады.

Қорытынды

Мұрагерлердің талап-арыздары бойынша сот қайтыс болғаннан кейін қалған мұралық мүліктегі барлық мұрагерлердің үлесін анықтайды, сондай-ақ қажет болған жағдайда қайтыс болғаннан кейін мұраға қалдырылған мүліктегі оған тиесілі үлеске/үлеске жаңа Мұрагер мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды айқындайды. Бұрын берілген мұраға құқық туралы куәліктер сот шешімі бойынша жарамсыз деп танылады.

Заң бойынша мұрагерлік кезінде, егер мұрагерлік мүлік екі немесе бірнеше мұрагерге ауысса және өсиет бойынша мұрагерлік кезінде, егер ол екі немесе бірнеше мұрагерге олардың әрқайсысы мұраға қалдырған нақты мүлік көрсетілмей өсиеттелген болса, мұрагерлік мүлік мұра ашылған күннен бастап мұрагерлердің ортақ үлестік меншігіне түседі, содан кейін ол олардың арасындағы келісім бойынша бөлінуі мүмкін.

Мұраны қабылдау актісі біржақты мәміле болып табылады, ол әмбебап, сөзсіз,

қайтарып алынбайтын (нотарнуска мұраны қабылдау туралы өтініш берген адам оны кері ала алмайды) сипатқа ие, кері күші бар (мұра қабылданған кезден бастап емес, мұра ашылған кезден бастап қабылданған болып есептеледі) [6].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі» 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі // Құқықтық-нормативтік актілердің ақпараттық порталы www.adilet.zan.kz
2. В. М. Нечаев. Право наследственное // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1890—1907.
3. Абраменков М.С. Круг наследников по закону в российском гражданском праве // Вестник Димитровградского инженерно-технологического института. 2014. № 3 (5). С. 104-114.
4. Davies, James B. "The Relative Impact of Inheritance and Other Factors on Economic Inequality". The Quarterly Journal of Economics, Vol. 97, No. 3, pp. 471
5. Edmond N. Cahn. Restraints on Disinheritance University of Pennsylvania Law Review and American Law Register, Vol. 85, No. 2 (Dec., 1936), pp. 139-153
6. Анашкина Л.А. Право на обязательную долю при наследовании по закону // Экономика и социум. 2014. № 4-1 (13). С. 370-373.

ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ НАСЛЕДСТВЕННОГО ИНСТИТУТА

Копбасарова Г.К., Ерболатұлы А.

Наследование-переход имущества умершего гражданина к другому лицу - наследнику. Имущество, права и обязанности, приобретаемые при наследовании, называют наследственным имуществом, наследством. Наследие умершего проходит к наследникам в порядке универсального правопреемства, то есть в едином и неизменном виде в тот момент. Правовые аспекты института наследования осуществляются на основаниях, предусмотренных Гражданским Кодексом Республики Казахстан.

Ключевые слова: *наследование, наследство, завещание, наследство по закону, акт принятия наследства, отказ от наследства.*

LEGAL ASPECTS OF THE HEREDITARY INSTITUTE

Kopbasarova G., Erbolatuly A.

Inheritance-the transfer of property of a deceased citizen to another person-the heir. Property, rights and obligations acquired by inheritance, called inheritance property, inheritance. The legacy of the deceased passes to the heirs in the order of universal succession, that is, in a single and unchanged form at that time. The legal aspects of the institution of inheritance are carried out on the grounds provided for by the Civil Code of the Republic of Kazakhstan.

Key words: *inheritance, will, inheritance by law, act of acceptance of inheritance, refusal of inheritance.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 02.09.2019ж.

ӘОЖ 343.1

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМААЙТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДІ ТАҢУ ҮШІН

КӨРСЕТУДІҢ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІ

Нұрбек Д.Т., Дарибаев Ғ.С.

Бұл мақалада жылжымалы және жылжымайтын объектілерді тану үшін көрсетудің тергеу әрекетінің барысы баяндалады. Әсіресе, фотобейне және бейнетаспа бойынша тану үшін көрсетуде тергеу әрекетінің және заттарды тану үшін көрсетудің тергеу әрекетінің тәжірибесіне жан-жақты талдау жүргізіледі.

Кілт сөздер: *тінту, тергеуші, фотосурет, тану, көрсету, зат.*

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 229-бабына сай, Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бұрын байқалған адаммен немесе объектімен ұқсастықты немесе айырмашылықты анықтау мақсатында адамды немесе нәрсені тану үшін куәға, жәбірленушіге, күдіктіге көрсете алады. Тану үшін мәйіт те көрсетілуі мүмкін [1]. Тану үшін көрсету – бұл өзіндік ерекшеліктері бар бірнеше түрден тұратын күрделі тергеу әрекеті. Сонымен қатар оның барлық түрлеріне тарайтын ортақ ережелер құрастырылған. Олар тану үшін көрсетудің өзін, оны дайындауды, алынған нәтижелерді бекіту мен оларға баға беруді қамтиды. Тану үшін көрсету танылатын объектілер сипаты бойынша: а) адамдар; ә) мәйіттер; б) аңдар; в) заттар (құжаттар) болып бөлінеді [2]. Осының қатарында заттарды тану үшін көрсетудің тергеу әрекетін ерекше атап өтуге болады.

Кейбір жағдайларда тану үшін фотографиялық немесе нысандардың бейнежазулары көрсетіледі. Қылмыстық іс жүргізушіде, тергеу және сот практикасын талдау фотографиялық немесе нысанды бейнежазумен көрсету қажет болатыны туралы мынадай тұжырымға келеді:

1. Тануға жататын адам тергеу органынан жасырынған кезде.
2. Тануға жататын адам бұған кедергі келтірген кезде.
3. Мәйіті табылған белгісіз азаматтың бет-әлпетін анықтауда.
4. Егер айыпкер (күдікті) жәбірленушіні танытын болса, бірақ ол қайтыс болса немесе ауыр күйде жатса.
5. Егер танушы танылушы адамды аңғарған уақыттан пластикалық операция, басқа себептердің салдарынан елеулі өзгеріске ұшыраса.
6. Егер танушы немесе танылушы тергеу жүргізіліп жатқан жерден алыста болса, ал кешіктіру мүмкін болмаса.
7. Тергеушінің қолында адамдар бейнеленген түрлі фотокарточкалар мен бейнежазба (тінту, қарау кезінде алынған) бар болса, олардың арасында белгіленген адам болуы мүмкін болса, бірақ ол әлі тергеушінің өзіне де мәлім емес.
8. Фотосуретте не бейнежазда тануға жататын бейне бар болса және басқа жолмен оның қатыстылығын анықтау мүмкін болмаса.

Адамды бетпе-бет көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда ол оның фотобейнесін көрсету арқылы танытылады. Мұндай әдіс танушы немесе танылушы қылмысты істі тексеретін органнан шалғай қашықтықта жүрген, сезікті немесе айыпталған адам тергеуден немесе соттан жасырынған, жәбірленушінің қайтыс болғандығын немесе хал үстінде жатқандығын, жерленгеннен кейін марқұмның түр-тұлғасын анықтау қажет болған және басқа да жағдайда қолданылады [3, 232б.].

Фотобейненің негізгі немесе жекелеген белгілері мүлдем өзгертіліп кететіні, сондықтан объектіні тану қиындыққа түсетіні тану үшін көрсету кезінде жиі кездеседі. Бұл көбінесе сурет түсірілген кездегі жағдайға, суретке түсірушінің шеберлігіне, суреттің, өңделуіне, сондай-ақ суретке түсірілгеннен кейін арада көп уақыт өткендігіне байланысты болады. Сондықтан мүмкіндігінше өңделген не ескірген суреттерді танушыға көрсетпеген дұрыс. Куәден жауап алған кезде, суреттің иесін анықтаудың да мәні зор.

Танытылатын сурет осыған ұқсас басқа суреттерге қосылады, содан соң олар жалпақ қағаздың бетіне жапсырылады да, әрқайсысы жеке-жеке нөмірленеді және әрбіреуіне тергеу органдарының мөрі басылады, фотосуретке тергеушінің қолы қойылады. Осы күйінде ол танушыға ұсынылады.

Егер көрсету кезінде танушы суреттің бірін көрсетсе, одан объектіні қандай белгілеріне қарап танығанын, суреттегі белгінің жаңағы адамның есіндегі белгілерге қалай сәйкес келетіндігін түсіндіру сұралады. Осылай тәптіштеп жауап алу арқылы танушының дәлелдемесін анықтауға болады. Мәйіттің суретін көрсеткенде ғана мұндай ұқсас суреттер іріктелмейді, яғни танушыға тек мәйіттің суреті ұсынылады.

Қазір жеке объектіні анықтау үшін фотосуреттерді жинақтап және бейнені қолмен салып, сондай-ақ бас сүйекті қайта құрап түсірілген суреттер де көрсетіліп жүр. Бірақ азаматтарға ұсынылған мұндай суреттерді танудың негізі ретінде қабылдауға болмайды, өйткені қылмыстық іс жүргізу заңдылығы бойынша тек тікелей объектінің өзі немесе оның фотосуреті ғана тану үшін көрсетілуі тиіс.

Адамзатты фотографиясы бойынша тану үшін көрсетуге әзірлей отырып, тергеуші бірінші кезекте бұл азаматтың сигналеттік суреті жоқ па деп сұрайды, өйткені, онда адамның тану белгілері мейлінше толық бейнеленген. Егер ондай жоқ болса, тергеуші мейлінше сәттісін таңдайды. Мүмкіндігінше танушы оны көрген кездегіге жақын жста танылушы бейнеленген ретушсыз фотосуреттерді таңдау керек. Олардың бірін тергеуші өзара шұғыл айырмашылығы болмауы тиіс басқа адамдардың фотосуреттерінің арасына орналастырады. Тану үшін көрсетілетін фотография көлемі сай келетін қағаз парағына желіммен жапсырылып, мөрмен бекітіледі, фотографиялық кесте құрайды. Әрбір бейненің астына реттік нөмір жазылады, ал тергеуші толтырған және одан соң іске қосымша еткен анықтамада көрсетілетін адамның қажетті анкеталық мәліметтері тиісінше көрсетіледі.

Көрсетілуге қатысты болып табылатын белгілі бір адамның фотосуреті туралы сенімді мәліметтердің болмауы танудың дәлелдемелік маңызына күдік тудырады.

Куәнің қатысуымен танушыға фототаблицаны қарау үшін көрсетіледі, ол төменгі жағына қол қояды. Осының өзімен адам нақ осы фотосуреттер оған тану үшін көрсетілгенін куәландырады.

Егер танушылар көп, ал танылуға жататын адам біреу болса, бір фототаблицаны пайдалануға болады, бірақ олардың әрбіріне жеке көрсетеді. Әрбір танушының түсінігі фототаблица қосылатын жеке хаттамаға жазылады.

Мәйіттің фотосуреті (мәйіттің өзі сияқты) бір өзі көрсетіледі, бұл өліктердің бірнеше суреттерімен таблицаларды көрсетуді жокқа шығармайды. Мәйіттің тану үшін көрсетілген фотосуреті міндетті түрде сигналеттік түсіру ережелері бойынша орындалады. Егер мәйіттің денесінде айрықша белгілер болса, мәйіттің денесінде фотосуретте бұл белгілерді айыру үшін мәйіттің денесінің жалпы көрінісін түсіру қажет және айрықша белгілердің детальдық суреттерін ауқымды фотосурет ережелері бойынша жасау керек. Мұндай жағдайда тану үшін мәйіттің сигналеттік суреті, айрықша белгілерімен оның денесінің фотосуреті және айрықша белгілерінің фотосуреті көрсетіледі.

Бейнежазу сюжетін көрсету алдын-ала бұл бейнежазбаны зерттелуі тиіс. Зерттеудің мақсаты бейнежазбаларды сапалы жария ету үшін маңызы бар бірқатар техникалық сипаттамаларды анықтау болып табылады. Оның үстіне бұл аудио- және бейнежазба болуы мүмкін. Сыртқы бейнесі бойынша танумен бір мезгілде адамның дауысы мен сөзі бойынша тану жүргізіледі. Бейнепенкада бейнеленген тану нысанын қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сай олардың арасында шұғыл айырмашылықсыз басқалардың қатарында көрсетіледі. Сондықтан тергеушіге тағы да ұқсас нысандардың екі-үш бейнежазбасын дайындау талап етіледі. Сол кезде, егер бейнесюжетте ортасында танылушы бар бірнеше адам бейнеленіп, ол танылса, қосымша бейнежазбаларды көрсетудің қажеті жоқ. Танылушы бейнеленген фотосуреттің стоп-кадрын жасау мақсатқа

сай келеді. Таблицада орналастырылған мұндай фотосуретті тану үшін көрсету хаттамасына қосылса, тану материалдарымен танысуды жеңілдетеді [2].

Танылушы бейнеленген бейнежазба қылмыстық іске қосылып, қажет кезінде тергеуші, сот, қылмыстық істің материалдарымен танысу құқығы бар басқа да сот ісін жүргізушілер көре алады.

Бұл жағдайда бейнежазба бойынша тану үшін көрсету хаттамасын толтыру белгілі бір қиындық тудырады. Онда жеткілікті түрде көрсетілуші адамның сыртқы белгілері толық әрі дәл жазылуы қажет. Бұл тергеушінің өзі бейнежазбаны алдын-ала көруге, тану үшін маңызды және хаттамада дұрыс жазуға олардың сыртқы белгілерін мұқият зерттеуге байланыстырылады. Заттарды тану үшін көрсетуге дайындала отырып, тергеуші оларды танушы көрсетілуші нысанға бара алатындай, оларды қолына ұстап көріп, мұқият қарай алатындай орналастыруы тиіс. Тану өтетін бөлмеде жақсы, табиғи жарықтандыру жасау қажет, өйткені әлсіз әрі жасанды жарықта түстің белгілері түрін өзгертеді, ал бұл танып-білуді қиындатады.

Тергеу барысында, тінту жүргізілгенде, не сезікті адамды ұстағанда алынған заттарды жәбірленушіге, не куәге көрсету қажет болады. Мұндай жағдайда тергеуші осы адамдардан ұрланған заттардың белгілері туралы алдын ала жауап алып, анықтап сұрайды. Егер жауап беруші куә болса, одан ол затты қандай жағдайда көргені де сұралады. Тануға көрсету үшін бұл зат сол тектес басқа заттардың арасында танушыға көрсетіледі, егер ол көрсетілген затты таныса, оны нақты қандай белгілері бойынша танығандығы сұралып, анықталады [4].

Кей жағдайда тану кезінде заттарды танушы адамның белгілі бір жағдайларға, не себептерге байланысты қате жауап беруі де мүмкін екендігін естен шығаруға болмайды. Мысалы: танушы адам білімінің төмендігінен, көрсетілген киімнің қандай материалдан тігілгенін, оның бояуын немесе үлгісін дәл анықтап, айтып бере алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда алдын ала жүргізілген тергеу әрекеті негізінде алынған жауапты затты тану үшін көрсету кезіндегі жауаппен салыстырып, олардың бір-біріне сәйкес, не қайшы келетін жерлерін анықтау керек. Содан соң осы сәйкестік немесе қайшылыққа орай тиісті мамандарды шақырып, ақылдасқан жөн, ал заттарды танушы адамнан қайта жауап алып, одан алғашқы жауабында жіберген қатесінің себебін анықтап, мәселенің анық-қанығына көз жеткізу қажет.

Тәжірибеде басқа да жайттар кездеседі. Танушы адам затты тану үшін көрсету кезінде алғашқы берген жауабында айтылмаған ерекше белгілерді келтіруі мүмкін. Мұндайда ол мұны алғашқыда неге келтірмегенін дәлелдеп, негіздеуі тиіс.

Әрбір көрсетілетін затқа реттік нөмірімен бирка бекітіледі. Киімді тану үшін көрсету процесінде тергеушінің көрсетуі бойынша және танушының қалауы бойынша ол әкелу кезінде байқалған оның көлеміне және басқа да белгілеріне сәйкес куәландыру үшін көрілетін затты өлшеуі тиіс. Егер зат танылса, тергеуші ол қандай белгілері бойынша танылғанын түсіндіруді танушыға ұсынады. Мұнда танушы танылатын затта әлдебір өзгеріс болғанын көріп тұрғанын анықтауы тиіс.

Тергеу практикасында мынадай мысалдар белгілі, танушы таныған затын оны алып қою жөніндегі тиісті хаттамада белгіленбеген белгілермен көрсетеді. Мұндай жағдайда танудан соң сол адамды қатыстырып затты қосымша қарау керек және аталған белгілердің барлығын белгілейді. Танушыдан заттың белгілері туралы ол дер кезінде хабарламағанының себептері туралы сұрау керек.

Тәжірибеде тану үшін қылмыскердің бір жерден ұрлаған заттардың көп санын көрсету қажеттігі пайда болады. Мұндай жағдайда тергеуші заттарды олардың атауы мен тағайындалуы (костюм, көйлек, туфли, т.б.) бойынша топтастырып, көрсетілуші ретінде орналастырады. Бір қарағанда танылатын заттардың көп санында басқа заттарды қосу талап етілмейтіндей көрінуі мүмкін. Мұндай бағыт қате, бірдей заттарды қосу міндетті, өйткені танудың сенімділігі кепілдігінің бір маңызды жағдайы.

Түрлі орындардан ұрланған көп затты көрсету үшін, оларды ұрланған орынға қатыстылығы бойынша, ал одан соң атауы бойынша топтастыру мақсатқа сай келеді. Бірінші кезекте танушының нақ оған қатысты деп санайтын заттар көрсетіледі. Бұрын азамат мәлімдеген заттардың бәрі танылса, осымен тану актісі аяқталады. Егер көрсетілген заттар танылмаса, тергеуші басқа танушыларға көрсету үшін дайындаған қалған заттарды көрсетуі тиіс. Кейбір жағдайда түрлі адамдардан алынған тануға жататын көптеген эпизодтар тергелсе, оларды (олар кімнен алынған) жүйеге сәйкес топтастырудың мәні бар. Істі мұндай ұйымдастыруда қылмыстың нақты эпизодымен байланысы зерттеледі.

Мынадай сұрақ туады – жәбірленушінің жекелендіруші белгілері тұтынуында болған жаңа заттарды тану үшін көрсету мақсатқа сай келе ме немесе куәлар атай алмайды? Туыстық белгілері бойынша көрсету дұрыс болып табылады. Егер бұл заттардың заводтық нөмірлері бар болып және иесінде тиісті құжаттар сақталса, онда тануға ұсынылған нөмірлі заттар мен құжаттарды тергеулік қарау процесінде тану үшін көрсету нәтижелеріне қарамастан, құжатта баяндалған және көрілетін заттардың белгілеріндегі мәліметтерін салыстыру жүргізуге жатады. Қараудың нәтижесі қарау хаттамасында баяндалады.

Заң әдебиетінде және практикада оқиға орнын қарауда табылған немесе қатысушылар оның қатыстылығы туралы мәліметтерді хабарлағандағы тінту кезінде табылған осы жағдайдағы заттар үшін көрсету мақсатқа сай келеді және қажеттігі туралы мәселе пікір алысатын болып табылады. Мұндай жағдайда танып-білу өтіп, бірақ іс жүргізу шеңберінде мұнда тану үшін көру әрекеті жоқ. Оның қатыстылығы анықталған заттарды көрмей-ақ тану себебі бойынша мұндай көрсету тергеуде баяндалып, тергеу хаттамасына жазылады.

Көлік құралдарына не қатысты десек, онда табылған автомашинаны (қылмыскер ұрлаған, өз бетінше айдап кеткен, және оқиға болған орыннан жасырынған) тану үшін көрсету қажеттілігі мейлінше жиі пайда болады.

Тануға жататын автомашина типі және маркасы, тозу дәрежесі және бояуы бойынша ұқсас басқалардың (екі-үш) қатарында орналастырылады. Танушы автомобиль иесі болып табылған кезде, тергеуші оған бұл машинаны және ондағы қосымша белгілері деп санауға болатын (қаптағыш, отырғыштың атындағы багажниктегі қойылған заттарды, қорғау дабылдатқышқа қатысты, т.б.) заттарды оған тыңғылықты қарау үшін көрсетеді. Олар автомашинамен бірге танылады. Егер ұрланған автомашинадағы табылған заттар, жекелеп табылса, тану үшін көрсету әдеттегі тәртіп бойынша және бірдей заттардың арасында көрсетіледі [5, 145б.].

Топтың қатыстылығын анықтау мақсатында автомашиналарды тану үшін көрсетілуі мүмкін. Мұнда машинаны көрген куә немесе жәбірленуші көрсетулері бойынша қажеттілік пайда болса, оның маркасы және типі бойынша қорытынды жасауға болмайды. Кейбіреулер бұл тергеу тәжірибесі деп санауға бейім. Алайда бұл жағдайда жалпы белгілері бойынша, ал тәжірибе қойылуында куә автомашинаның маркасын, моделін мүлде тануы туралы сөз болды.

Практикада сирек және қажетті (бірыңғай қайталанбайтын) тану үшін көрсету қажеттілеу пайда болады. Олардың қатарына өнер туындылары (картиналар, икондар), контрабандалық әдіспен ұрланған немесе әкетілген басқа да құнды заттар жатқызылады. Оларды бірдей заттардың қатарында көрсету мүмкін емес, өйткені оған ұқсастары жоқ немесе ондайды табу қиын болғандықтан.

Мұндай жағдайда мұндай заттар тану үшін куәлардың қатысуымен және маманның қатысуымен біртіндеп көрсетіледі. Танылатын заттардың анықтығы мамандардың қорытындысымен қосымша анықталады. Объектіні мұндай тану тиісті сараптама өндірісін жоққа шығармайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2019.
2. Танытуға көрсету тактикасы // Baribar.kz.
3. Криминалистика және сот сараптаамасы сұлба нысанынада [Мәтін]: Оқу құралы / Ә. Исаев, А. Шакенов. - Алматы: Қазақ университеті, 2005.
4. Мамедов Р. Я. Способы собиранаия вещественных доказатаельств в российсаком уголовнаом процессе. Диссертация на соисканаие ученой степени кандидаата юридических наук. Краснодар - 2016.
5. Арыстанбеков М.А., Шакенов А.О. Криминалистика (оқу-әдістемелік құрал). – Қарағанды, 2003.

**РАССЛЕДОВАНИЕ ОБНАРУЖЕНИЯ
ПОДВИЖНЫХ И НЕДВИЖИМЫХ ОБЪЕКТОВ**

Нурбек Д.Т., Дарибаев Г.С.

В данной статье описывается ход следственных действий для демонстрации движимых и недвижимых объектов. Особенно, проводится тщательный анализ следственного опыта для фотографической и видеозаписи.

Ключевые слова: обыски, следователь, фотография, опознания, демонстрация, объекты.

INVESTIGATION OF DETECTION OF MOBILE AND REAL ESTATE OBJECTS

Nurbek D., Daribayev G.

This article describes the course of investigative actions to demonstrate movable and immovable objects. Especially, a thorough analysis of the investigative experience for photographic and video recording is carried out.

Key words: searches, investigator, photographs, identifications, demonstrations, objects.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 06.09.2019ж.

ЭКОНОМИКА

ЭКОНОМИКА

ECONOMICS

ӘОЖ 336.45:622

САЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ РӨЛІ

Байдыбекова С.К., Бөкейханқызы А.

Бұл мақалада еліміздегі салық қызметінің электрондық нысанға көшу үрдісі, салықтарды электрондық түрде төлеу процесі қарастырылып, тиімділігі зерттелді. Бірыңғай электрондық әмиян сервисіне өту үшін қандай іс-әрекеттер жүргізіліп жатқаны қарастырылды.

Кілт сөздер: *Салық қызметі, ақпараттық жүйе, электрондық нысан, электрондық әмиян.*

Кіріспе. Неғұрлым жылдамырақ экономикалық даму, техникалық жаңалықтар мен басқару дағдыларын жеделдетіп енгізу және тарату, жеке тұлғалар үшін де, ел үшін де жаңа экономикалық мүмкіндіктер туғызуда. Жаһандану және экономикалық процестерді ақпараттандыру салықтық әкімшілендірудің жаңа механизмдерін әзірлеу және қолдану қажеттілігін негіздейді. Мемлекет тәуелсіздігінің бірден бір көрінісі – ол салықтар. Салықтар мемлекеттің қаржылық ресурстарын қалыптастыруда заңи және жеке тұлғалардың қатысу міндеттілігін білдіреді. Белгілі философ Фрэнсис Бэкон салықтарды төлеу - әрбір азаматтың қасиетті борышы деген еді. Салық салудың негізгі мақсаты - халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, еліміздің экономикасын дамыту, мемлекет қазынасын толтыру. Біздің еліміздің және Президентіміздің алға қойған мақсаттарының бірі әлемдегі ең дамыған 30 елдердің қатарына қосылу. Бұл мақсатқа жетудегі басты алғышарттардың бірі - мемлекеттік бюджетті қалыптастыруда салықтардың тиімділігін арттыру. Жұмыстардың ұтымды және тиімді ұйымдастырылуы ақпараттық технологиялар мен жүйелердің міндетті түрде қолданылуын талап етеді [1].

Жұмыс әдіснамасы мен материалдары. Мақалада, зерттеу нысаны ретінде салықтық есептеменің электрондық нысанға көшу үрдісі, салық төлеу жүйесінің Қазақстанда Бірыңғай электрондық әмиян арқылы жүргізілу жоспары қарастырылып, тиімділігі зерттеледі. Эстония мемлекетінің салық саясатымен салыстыру тәсілдері қолданылады. Қазіргі таңда салықтық есептеменің электрондық нысанына көштік. Салық төлеушілердің тоқсан пайызы автоматтандырылған жүйені қолданады, яғни салық төлеуші мен мемлекеттік бюджет арасындағы қарым-қатынас барынша жетіледі деген сөз. Салықтық әкімшілендірудің сапасы жақсарып, бюджетке түсім артады. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алуда тиімділігі де өте жоғары. Салық төлеушілер санының күрт артуы, салық салу жүйесінің күрделенуі, ақпарат көлемінің көп болуы электрондық ақпараттық жүйенің қолданылуын талап етуде [2].

Нәтижелер мен талқылаулар. Біздің мемлекетте 2019 жылдың аяғында салық төлеу жүйесі Бірыңғай электрондық әмиян арқылы жүргізілуі мүмкін. Яғни салық декларациясының нысандары отыз пайызға оңтайландырылады деген сөз. Ол үшін салық

төлеушінің Бірыңғай электрондық әмиян сервисіне көшуі көзделіп отыр. Эстония мемлекетінің тәжірибесіне сүйенсек, онда салық төлеушілер салықты бір реквизитке төлейді. Сосын сол сома жеке тұлғалардың барлық салықтары бойынша автоматты түрде тарайды [3].

Электрондық әмиян сервисіне өту үшін кеден, салық, бюджет заңнамаларына өзгерістер енгізу қажет. Ақпараттық жүйені пысықтау және деректер базасын актуализациялау қажет болады.

Электрондық әмиян сервисіне өту үшін кеден, салық, бюджет заңнамаларына өзгерістер енгізу қажет. Ақпараттық жүйені пысықтау және деректер базасын актуализациялау қажет болады.

Электрондық әмиян сервисіне өту үшін кеден, салық, бюджет заңнамаларына өзгерістер енгізу қажет. Ақпараттық жүйені пысықтау және деректер базасын актуализациялау қажет болады.



Кесте 1. Бірыңғай электрондық әмиянды қолдану тиімділігі

Мемлекеттік кірістер органдары 2018 жылдың қорытындылары бойынша жиырма екі миллион қызмет көрсетіпті. Электрондық түрде жиырма миллионнан аса қызмет көрсетіліпті. Қызметтердің көбісін электрондық үкімет порталына шығару жоспарда бар [4].


Салық жүйесінің тиімді қызмет етулерді қазіргі кезде комплекстік техникаға негізделген, алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияны қолдануға байланысты. Осы мақсатта салық қызметтері органдарына автоматизацияланған ақпараттық жүйелер құрылады. Олар бюджетке және бюджеттік емес қорларға міндетті төлемдер және салықты жинауды қамтамасыз ету бойынша салықтық деңгейлердің барлық деңгейлерін автоматтық қызмет көрсету үшін салық салу материалдарын комплексті оперативті анализ жүргізу үшін, органдарды басқаруды қамтамасыз ету үшін және салықтық қызметтердің әр деңгейлеріне нақты ақпаратпен қамтамасыз ету үшін арналған.

Көлеңкелі экономиканың үлесін қысқартудың және бюджетке салықтық түсімдерді ұлғайтудың әсерлі құралдарының бірі импорттан немесе өндірістен түпкілікті сатуға дейін

тауарлардың жылжуларының толассыз мониторингі болып табылады.

Толассыз мониторинг жүйесі тауарларды жеткізудің тұтас тізбегін бақылай отырып, тауарлардың баға құрылуын талдауға мүмкіндік береді.

Бұл тауарларды сату кезінде маржаны және тиісінше салықтардың дұрыс төленуін анықтауға бағытталған [5].



Кесте 2. Толассыз мониторинг жүйесінің жобалары

Қорытынды. Қорытындылай келе, елімізде салық органдарының қызметін цифралаушылықтың жағымды әсерлерін атап өтуге болады. Олар:

- төлем құжаттарының саны қысқартылады;
- салық төлеушілер уақыты үнемделеді;
- салық органдарының қызмет көрсету сапасы жоғарлайды;
- анықталмаған төлемдер мен негіссіз айыппұлдар алынып тасталады;
- қазіргі таңдағы модернизациялау мен әлеуметтік-экономикалық дамуымызға өз ықпалын тигізеді;
- сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алуда тиімділігі де өте жоғары;
- салық қызметін автоматтандырудың тиімділігі салық қызметкерінің еңбегі жеделдігінің және өнімділігінің жоғарлауы;
- салық төлеушілер есебі мәліметтерінің нақтылығын қамтамасыз ету;
- салықтық түсімдер динамикасының терең талдануы және болжану мүмкіндігі;
- салық төлеуші салық түрінің, оның кез келген топтастырылуы бойынша салықтардың түсуі туралы мәліметтерді шұғыл түрде алу;
- салық қызметкері кез келген күнтізбелік күнге салық заңнамасы жөнінде толық және уақытылы ақпараттандырылуын қамтамасыз ету;
- Қағаздық құжат айналымы көлемінің қысқаруын атап өтуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының кодексі // Салық кодексі // №120-VI, 25.09.2017 ж.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауы // <http://www.akorda.kz/.../memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazak>.
3. Данаева Р.С. Бухгалтерлік есептің жалпы мәселесін ұйымдастыру // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті еңбектер жинағы (Астана) -2017.- Б. 258-261
4. Тажибаева А.Х. Қазақстан Республикасының Салық құқығы: Оқу - әдістемелік құрал.– Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017.
5. ҚР Парламенті Мәжілісінде өткен «Салықтық және кедендік әкімшілендірудегі цифрлық технологиялар» атты үкімет сағатына ҚР Қаржы министрі Ә.Смайыловтың баяндамасы. Астана қ., 28 қаңтар 2019 жыл. // <http://www.minfin.gov.kz/>

РОЛЬ АВТОМАТИЗИРОВАННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАЛОГОВОГО КОМИТЕТА

Байдыбекова С., Бөкейханқызы А.

В данной статье рассмотрен процесс перехода налоговой службы в электронную форму, процесс оплаты налогов в электронном виде и проанализирована эффективность. Какие действия предпринимаются для перехода к сервису единого электронного кошелька.

Ключевые слова: *Налоговая служба, информационная система, электронная форма, электронный кошелек.*

THE ROLE OF AUTOMATED INFORMATION SYSTEMS IN IMPROVING THE ACTIVITIES OF THE TAX COMMITTEE

Baidybekova S., Bokeikhankyzy A.

This article discusses the process of transition of the tax service in electronic form, the process of payment of taxes in electronic form and analyzes the effectiveness. What actions are being taken to transition to a single e-wallet service.

Key words: *Tax service, information system, electronic form, electronic wallet*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 11.07.2019ж.

ӘОЖ 368

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛЫҚ САЛУДЫҢ ДАМУЫ

Байдыбекова С.К., Бөкейханқызы А.

Бұл мақалада шетелдік заңды және жеке тұлғаларға салық салу ережелері мен қазіргі кезде қолданылып жүрген ішкі заңдылықтардың негізінде қызмет жасап жүрген шетел заңды және жеке тұлғалардың салық төлемі жайында жанжақты зерттеу

жүргізіледі.

Кілт сөздер: *Салық салу, заңды тұлға, салық төлемі, жеке тұлға.*

Кіріспе. Мемлекет пайда болған заманнан бері салық экономикалық қатынастың ажырамас бөлігіне айналды. Мемлекет құрылымының өзгеруі не дамуы салық жүйесіне әсер етпей қоймады. Қазіргі кездегі өркениетті мемлекеттерде салық мемлекеттің пайда көзінің бірі және негізгісі болып саналады.


Қазақстан аймағында шетел заңдарына сәйкес құрылған көптеген кәсіпкерліктер, кәсіпорындар басқа да мекемелер шаруашылық қызметіне шетел мемлекеттерінің заңдары негізінде атқарып жүр. Бұл субъектілердің іс-әрекеттері күннен күнге өз шеңберін кеңейтіп келеді. Қазақстан аймағында қызмет жасап, елді жұмыспен қамтамасыз етуге біршама көмек беретін шетел компанияларының іс-әрекеттерін ұйымдастыру, бірінші жағдайда салық ережелерінің соның ішінде халықаралық заңдарының жетілікті дәрежеде қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі.


Жұмыс әдіснамасы мен материалдары. Бұл мақалада зерттеу нысаны ретінде Қазақстан аумағында қызмет жасайтын шетел компанияларының іс-әрекеттерін ұйымдастыру шаралары қарастырылып, шетел заңды және жеке тұлғалардың салық төлемі жан-жақты зерттеледі. Қос салық салудан босату жолдары көрсетіліп, салық келісімінің негізгі мақсаттары айқындалады.

Көптеген мемлекеттердің үкіметтері бір-бірімен салық саясаты саласында бірге жұмыс жасауға тырысып жатыр. Бұл бірлестіктердің қажеттілігі екі және көп жақты шаруашылық байланыстың дамуы мен экономикалық интеграцияның қарқынды алға жылжуымен түсіндіруге болады. Бұл әлемдік нарықты бәсекелестікке тең дәрежеде жағдай жасау бағытымен жасалып жатқан игі істер деп ұғуға болады. Барлық дамыған мемлекеттер өзінің аймағында табылған табыстарға салық салады. Көптеген мемлекеттер басқа мемлекеттерден табылған табыстардан өз мемлекеттерінің заңды және жеке тұлғаларынан салық салады. Нәтижесінде олар шет елде және өз елінде екі есе салыққа ілінеді [1].

Нәтижелер мен талқылаулар. 1940 жылы қос салық салудан босату жайында алғашқы болып келіссөздер Ұлттық Лига шешуге бел буды. Даму Ұйымы мен Экономикалық бірлестік 1960 жылы құрылды, «Табыс пен капиталға байланысты қос салық салудан босату жайындағы келісімнің жобасы» Фискалды кабинеті 1963 жылы жарық көрді. Келісім үздіксіз 1963 - 1991 жылдары қайта-қайта қаралып, жаңа үкімдер қабылданды. 1992 жылы Жаңа жоба қолданысқа енді.


Халықаралық салық салудың негізгі қағидасы – қос салық салуды болдырмау болып табылады. Халықаралық экономикалық интеграцияның ең қарапайым түрі ол бос сауда аймағын белгілеу арқылы қатысушы мемлекеттер арасындағы сауда шектеулері мен салық бажын алып тастау [2].





Сурет 1 . Бос сауда аймақтары

Қазіргі таңда біздің мемлекет басқа елдермен қос салықтан босану үшін халықаралық, үкіметаралық келісімдер жасап жүргені барлығымызға мәлім. Қазақстан салық келісімдерін жаасауда Даму Ұйымының, Экономикалық бірлестіктің және БҰҰ-ның тәжірибесіне сүйене отырып, өз қолданысында пайдаланып келеді.



Сурет 2. Салық келісімінің негізгі түрлері

Халықаралық салық қатынастырының құқықтық негізі салық келісімдері болып табылады. Халықаралық салық келісімдері түрлі формаларда болады. Ең негізгі түрі - қос салықтан босану үшін жасалған келісімдер. Бұл келісімдер сауда айналымына және халықаралық инвестицияға, салықтық жеңілдіктер жасауға зор ықпалын тигізеді. Келесі түрі – кәсіпкерліктің жеке бір түріне салық салу келісімдері. Оларға ауа, су, көлік арқылы тасымалдаудың салығын салу жатады. Шетел заңды тұлғасына Қазақстан Республикасында қос салықтан босану үшін өз елінен салықты сол мемлекетке төлейтіндігі жөнінде хабарламасы болуы керек [3].

Егер бейрезидент табысты түпкілікті алушы және халықаралық шарт жасасқан елдің резиденті болып табылса, тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып

табылатын халықаралық тасымал жөніндегі қызметтер көрсетуден түсетін табыстарға салық салудан босату бөлігінде оның халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар [4].

Халықаралық тасымал жөніндегі қызметтер көрсетумен байланысты шығыстардың сомасы екі әдіспен айқындалады. Олар: тікелей немесе барабар әдісі.

Шығыстарды есептеуде салық төлеуші өз таңдау бойынша айтылған әдістердің біреуін қолдануға құқылы. Есепті жылы таңдап алынған әдіс пайдаланылады және есепті салық кезеңі басталғанға дейін салық төлеуші орналасқан салық органының келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

Тікелей әдіс – яғни халықаралық тасымал бойынша қызметтер көрсетумен байланысты тиісті шығыстарды айқындауды көздейді.

Барабар әдіс көрсетілген шығыстарды Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар алуға бағытталған қызметті жүзеге асырумен байланысты бейрезиденттің шығыстарының үлесі мен жалпы сомасының көбейтіндісі ретінде айқындауды көздейді. Үлес халықаралық тасымал жөніндегі қызметтер көрсетуден түсетін табыстар сомасының Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың жалпы сомасына арақатынасы ретінде айқындалады [5].

Қорытынды. Салық төлеуші бюджетке салықтың уақытында төлемеген жағдайда, халықаралық шарттың ережелері заңсыз қолданған кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Халықаралық шарттардың ережелерін қолдану халықаралық шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан экономикасында ірі капиталды құюшыларға өз мақсаттарын орындау үшін Қазақстан Республикасының салық жүйесіне сенімі мол болуы керек. Әрине салық салу жүйесінің тұрақты және түсінікті болуы - шетел инвесторларына қолайлы жағдайлардың бірі. Сол себепті қазіргі уақытты Қазақстан Республикасының салық жүйесінің тұрақтылық, түсініктілік, қарапайымдылық, әділеттілік және икемділік принциптеріне қол жеткізуге тырысудамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының кодексі //Салық кодексі// №120-VI, 25.09.2017 ж.
2. Данаева Р.С. Бухгалтерлік есептің жалпы мәселесін ұйымдастыру // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті еңбектер жинағы (Астана) -2017.- Б. 258-261
3. Алибекова Р. Сократить путь от таможни до розницы// Казахстанская правда. - 20 қараша. - 2010 ж.
4. Тажибаева А.Х. Қазақстан Республикасының Салық құқығы: Оқу-әдістемелік құрал.– Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017. – 154 б.
5. Данаева Р.С. Бухгалтерлік есептің жалпы мәселесін ұйымдастыру // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті еңбектер жинағы (Астана) -2017.- Б. 258-261

РАЗВИТИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Байдыбекова С.К., Бөкейханқызы А.

В данной статье анализируются нормы и правила налогообложения, основные категории и их особенности иностранных юридических и физических лиц, а также налогоплательщиков иностранных юридических и физических лиц, действующих на

основании действующего внутреннего законодательства.

Ключевые слова: *Налогообложение, юридическое лицо, уплата налога, физическое лицо.*

DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL TAXATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Baidybekova S., Bokeikhankyzy A.

This article analyzes the norms and rules of taxation, the main categories and their features of foreign legal entities and individuals, as well as taxpayers of foreign legal entities and individuals, acting on the basis of existing domestic legislation.

Key words: *Taxation, legal entity, tax payment, individual.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 25.07.2019ж.

УДК 657.1

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ АНАЛИЗА И ОЦЕНКИ ФИНАНСОВОГО СОСТОЯНИЯ ПРЕДПРИЯТИЙ

Байдыбекова С.К., Ажинова А.М.

В статье главной целью это исследование производственного предприятия в современных условиях – получение максимальной прибыли, что невозможно без эффективного управления капиталом. Поиски резервов для увеличения прибыльности предприятия составляют основной задачи предприятия.

Чем прибыльнее фирма, чем стабильнее её доход, тем большим становится её вклад в социальную сферу государства, в её экономический потенциал, наконец, тем лучше живут люди, работающие на таком предприятии.

Ключевые слова: *Финансово – экономическое состояние предприятия, анализ предприятия проводится, анализ ликвидности баланса.*

В условиях рыночной экономики определение финансовой устойчивости предприятия, важнейшими признаками которой являются платежеспособность и наличие средств для развития, относится к числу наиболее важных общеэкономических аспекта.

Финансово – экономическое состояние предприятия – важнейший критерий деловой активности и надежности организации, определяющий его конкурентоспособность и эффективность реализации экономических интересов всех участников хозяйственной деятельности. Оно характеризуется размещением и использованием активов и источников их формирования, то есть пассивов.

Предметом изучения финансового анализа выступают такие показатели, как:

- рентабельность;
- ликвидность и платежеспособность предприятия;
- структура капитала предприятия;
- кредитоспособность предприятия и т.п.

Значение анализа финансово – экономического состояния предприятия очень важно, поскольку именно с его помощью разрабатывается финансовая политика предприятия.

Стратегическими задачами финансовой политики предприятия являются:

- максимизация прибыли организации;

- оптимизация структуры капитала и обеспечение его финансовой устойчивости;
- обеспечение инвестиционной привлекательности предприятия;
- создание эффективного механизма управления предприятием и др.

Финансовый анализ предприятия проводится с помощью совокупности методов и приемов, позволяющих структурировать и идентифицировать взаимосвязи между основными показателями.

Методика анализа – это система правил и требований, гарантирующих эффективное приложение метода.

В совокупности метод и методика представляют методологическую основу экономического анализа.

К качественным методам относятся аналитические приемы и способы, основанные на логическом мышлении, на использовании профессионального опыта аналитика, на профессиональной интуиции. К ним относятся:

- метод сравнения;
- метод построения систем аналитических показателей;
- метод построения систем аналитических показателей;
- метод экспертных оценок;
- метод сценариев и т.п. [1, с. 9].

Улучшение финансовое состояния предприятия нужно провести анализ финансового состояния в предприятие. Можно выделить проблему в финансовом состоянии предприятия. Проблемы имеют три основных проявления:

- Первое, недостаточная отдача на вложении в капитале;
- Второе, предприятие низкая финансовая устойчивость;
- Третье, дефицит денежных средств и пониженная платежеспособность.

Есть глобальные проблем предприятия это:

- Отсутствие потенциальных возможностей предприятие;
- Нерациональное управление финансами;
- Небольшой объемы прибыли.

Устойчивая платежная готовность и устойчивая финансовый базы, так же четкая организация расчетов, хорошая обеспеченность собственными оборотными средствами, и их эффективное использование — это хорошие финансовое состояние предприятие.

Экономический анализ предоставляет оценить свое положение на рынке. Быть конкурентно способным, и помогает принятие управленческих решений.

Главным объектом исследование является бухгалтерская отчетность, инвестиция, и их финансовая деятельность.

Цель исследование финансового состояния предприятия развить меры по его улучшению.

Чтоб добиться цели необходимо решить эти пункты:

- рассмотреть имущество предприятие;
- исследовать теоретические основы анализа финансового состояния;
- рассчитать коэффициент ликвидности, и его финансовую устойчивость;
- рассчитать продуктивность финансово-хозяйственной деятельности.

Чтобы идти вперед в условиях рыночной экономики быть конкурентно способно, не допустить банкротства, надо уметь управлять финансами, какую часть должны занимать собственные средства, а какую заемные.

На стабильность предприятия оказывают влияние такие факторы как:

- производство дешевого продукта, высококачественней и чтоб был востребованный продукции;
- возможности в деловом сотрудничестве;
- положение предприятия в рынке;
- наличие неплатежеспособных дебиторов;

- зависимое положение от кредиторов, инвесторов, и их уровень;
- продуктивность хозяйственных и финансовых операций [2, с. 48].

Понятие платежеспособности и ликвидности очень близки. Анализ ликвидности баланса это сопоставление средств по активу, сгруппированных по степени убавлению ликвидности, с краткосрочными обязательствами по пассиву, которые группируются по степени срочности погашения.

Для оценки перспективной платежеспособности рассчитывают следующие показатели ликвидности делаться на: абсолютный, промежуточной и общий.

Цель исследование своевременно устранять недостатки в финансовой деятельности, и найти способы повышение финансового состояния. По утверждению Дьякова В., Любушина Н., Лещева В. необходимо решить следующие:

- своевременное исследование финансовое состояние предприятия, установка «болевых точек» и предотвращение их образования;
- установление резервов, платежеспособности предприятие, и их финансовая устойчивость;
- разработка рекомендаций, направленных на более эффективное использование финансовых ресурсов и укрепление финансового состояния предприятия;
- прогнозирование возможных финансовых результатов и разработка моделей финансового состояния при разнообразных вариантах использования ресурсов [3, с. 135].

Практика финансового анализа составила основные принципы чтения отчетов. Среди них есть шесть основных:

- Горизонтальный это временной анализ;
- Вертикальный это структурный анализ;
- Сравнительный анализ;
- Факторный анализ;
- Трендовый;
- Анализ относительных показателей финансовых коэффициентов.

Для выработки эффективных и операционных решений управляющим нужно достоверная информация о производстве и финансовом положении организаций. Бухгалтерский учет это информационная база, которая измеряет, обрабатывает и передает финансовые данные.

Источникам основной информации являются бухгалтерский баланс – форма №1, форма №2, форма №4, форма №5.

Информация, содержащаяся в балансе удобна для проведения анализа, и доступна пользователям такие как: руководителю, инвесторам, кредиторам, аудиторам и в налоговую.

Существует много методов анализа финансового состояния предприятия. Многие из них построены на анализе финансовых коэффициентов и дают возможность оценки предприятия. Результатами такого анализа могут воспользоваться только внутренние пользователи. Но этот анализ важен для внешних пользователей информации, например как банкам, потенциальным клиентом, инвесторов и т.д.. В связи с этим является важным созданием методики анализа финансового состояния, отражает не только степень текущего финансового состояния, но и его кредитоспособность, и уровень развития организации. Методика нужна для заключения итогов, и так же установить уровень устойчивости финансового состояния предприятия [4, с. 25].

Можно выделить в анализе финансового состояния следующие элементы как:

- оценка имущественного положения предприятие;
- оценка платежеспособности и ликвидности предприятие;
- оценка финансовой устойчивости предприятие;
- оценка деловой активности и рентабельности предприятие.

За рубежом сложностями оценки финансового состояния предприятия занимаются

ученые как: Коробов Л., Штур О., Мартин Д., Браун М. и.д. Это система комплексного анализа фирмы практически каждый интересующий сможет получить информацию о предприятии. [5, с. 336].

Пользователи информации делятся внутренних и внешних. К внутреннему относят менеджеры, директор. Внешнему пользователи кредиторы и инвесторы. [6, с. 390].

Финансовое состояние предприятия имеет пять отличительные особенности:

- показатель оборачиваемости запасов;
- показатель иммобилизации собственного капитала;
- показатель быстрой ликвидности;
- показатель кредитоспособности;
- показатель оборачиваемости дебиторской задолженности.

В Казахстане производственные предприятия многие в затруднительном положение — это влияние таких факторов как повышение цен на энергоносители, большие налоги, недостаток финансовых средств.

Есть ряд действий по предотвращению кризиса:

- повышение эффективности работы;
- Сохранение клиентской базы и расширение клиентской базы;
- Режим жесткой экономии материалов, и снижение энергетического затрата;
- повышение затрат эффективности;
- Маркетинговые исследования;
- Направление на разработку и производство эксклюзивной продукции;
- Гибкая ценовая политика;
- повышение эффективности численности работающих.

Следующая шаги, которые могут обеспечить предприятию финансовую устойчивость и перспективе:

- найти новых надежных партнёров и разорвать отношение с ненадёжными партнёрами. Это возможность более разумно распределять площадями предприятия;
- еще один способ «реанимации» основной производственной деятельности предприятия. Возобновление производственных участков по основному направлению завода позволит сохранить производственный потенциал предприятия в качестве источника небольших, но стабильных собственных доходов.

Надо внести мероприятия по поддержке и развитию производства, обеспечить развитие производственных подразделений за счет увеличения объемов производства, согласно подготавливаемым инвестиционным соглашениям с потенциальными инвесторами.

В целях рыночных отношений иметь большую роль анализа финансового состояния предприятия. Анализ бухгалтерской отчетности имеет свои источники, свою цель и свою методику. Источниками информации является формы отчета, включая приложения к ним, а также сведения, привлекаемое из самого учета, когда такой анализ проводится внутри самого предприятие. Цель анализа бухгалтерского отчета – возможность глубже заглянуть во внутреннюю и внешние отношения предприятие, для выявления его финансовое состояние, и его платёжеспособности.

В результате анализа финансового состояния дают ответ на такие важные вопросы как каковы важнейшие способы улучшения финансового состояние конкретного предприятие в конкретный период его деятельности.

Итоговым результатом анализа должен дать руководителю картину его действительного состояние, а лицам, непосредственно не работающим на данном предприятии, но заинтересованным в оценке его финансового состояния, - сведения, необходима для беспристрастного суждения.

Долгосрочная эффективная работа любого предприятия, его экономический рост и развитие определяются правильным выбором стратегических ориентиров, позволяющих

наилучшим образом реализовать потенциальный человеческий капитал и другие ресурсы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Агаркова Л.В. Пути улучшения финансового состояния/ Л.В.Агаркова, И.М.Подколзина/ Экономика.Бизнес.Банки . 2018 г.9с.
2. Практикум по курсу «Бухгалтерский учет» /С.К.Байдыбекова, Г.Б.Конысбаева, А.Р.Кереева .2018 . 17–23 с .
3. Технология анализа финансового состояния организации/Л.Ф.Бердников, Е.С.Портнова/ Молодой ученый. 2017 г. 384 с.
4. Торговый менеджмент / И.А.Бланк. 2018 г. 41–49с.
5. Инновационный потенциал промышленных предприятий Казахстана/ Егембердиева С.М. Алматы 2018 г. 425 с.
6. Инновационный потенциал промышленных предприятий Казахстана/ Егембердиева С.М. Алматы 2019 г. 62–64с.

**КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН
ТАЛДАУ МЕН БАҒАЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ**

Байдыбекова С.К., Ажинова А.М.

Мақалада негізгі мақсат өндірістік кәсіпорынды қазіргі жағдайда зерттеу - капиталды тиімді басқарусыз мүмкін емес кірісті барынша көбейту. Кәсіпорынның табыстылығын арттыру үшін резервтерді іздеу - кәсіпорынның басты міндеті.

Компания қанишалықты рентабельді болса, оның кірісі соғұрлым тұрақты болады, оның мемлекеттің әлеуметтік саласына, экономикалық әлеуетіне қосқан үлесі көп болады, сайып келгенде, адамдар осындай кәсіпорында жұмыс істейтін болады.

Кілт сөздер: *Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайы, кәсіпорынға талдау, өтімділік балансына талдау жасалады.*

**IMPROVING THE ANALYSIS AND ASSESSMENT OF THE FINANCIAL
CONDITION OF ENTERPRISES**

Baydybekova S.K., Azhinova A.M.

In the article, the main goal is to study a manufacturing enterprise in modern conditions - to maximize profits, which is impossible without effective capital management. The search for reserves to increase the profitability of the enterprise is the main task of the enterprise.

The more profitable the company, the more stable its income, the greater becomes its contribution to the social sphere of the state, to its economic potential, and finally, the better people live working at such an enterprise.

Key words: *The financial and economic state of the enterprise, an analysis of the enterprise is carried out, analysis of the liquidity balance.*

Материал поступил в редакцию: 03.09.2019г.

**ГУМАНИТАРЛЫҚ
Ғ ҒЫЛЫМДАР**

**ГУМАНИТАРНЫЕ
НАУКИ**

HUMANITIES

ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ҚОҒАМ ФИЛОСОФИЯСЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Аликенова К.Н., Жумабекова З.Б.

Илияс Жансүгіров сынды қайраткерлердің идеялары әдебиет пен тарих қатпарларында жатқан гуманистік идеялардың жандануына түрткі болды. Әсіресе, Илиястың туындыларындағы қоғам философиясы туралы ойлары, яғни қазақ болмысы, ұлтарлық қатынастар, дала бейнесіндегі қазақ, әйел теңдігі, адамгершілік нормалары, таттық қоғам өмірі, өтпелі кезеңдегі билік нысаны сияқты күрделі мәселелер қайраткердің шебер тілімен суреттеліп отыр.

Кілт сөздер: *қоғам, философия, поэзия, болмыс, кейіпкер, өнер.*

Қазақ халқының саяси және мәдени тәуелсіздіктен айырылуы XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейінгі аралықта халықтың ұлттық санасында айрықша нышан бере бастады.

Сонау орта ғасырлардағы қазақ даласының кемеңгері Асан Қайғының іздеген «Жерұйық» атты мұраты пессимистік сипаттағы «Зар заман» кейіпкерлеріне орын бере бастайды. Қоғамның болашағын сүренсіз етіп, ақырзаман құбылысы түрінде бейнеленген «Зар заман» ақындарының шығармашылығынан үлкен орын алатын тақырыпқа айналады. Сонымен қатар Дулат ақынның қоғам өміріндегі болып отырған өзгеріс, кейбір әлеуметтік мәселелерді шешуде оның дәрменсіздігін «Бағасы кеткен жігіттің» деген толғауынан байқап көруге болады. Дулаттың кейбір шығармалары өмір шындығымен тікелей ұштасып жатыр. Ол сол кезеңдегі әделетсіздікке, надан ел билеушілерге қарсы шығып, оларды қатты сынға алды. Сөйтіп, философиялық ойдың осы бір байырғы дәстүрі халықтың отаршылдықтың ілгегіне түсіп, одан құтылар жол таппай аласұрған тұсында күшейе түскендей еді. Шынымен де, бүкіл халықтың қол-аяғы тұсалады. Жіптің енді шешілместей құрмелгенін олар өз көзімен көрді де, жүрегімен сезінді. Өздері өмір сүріп отырған заманда жарқын болашақ туралы сөз қозғауды көпшілік түсінбеген де, қабылдамаған да болар. Сондықтан болашақты қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман түрінде елестету үшін алдымен халықты сондай үмітке жетелейтін өзіндік идея керек болатын. Ал отарлау дәуірінің шындығы құлаған хандық биліктен, ондаған сәтсіз күрестерден, күннен күнге күшейген темір құрсаудан тұрғандықтан, келе жатқан жақсы өмір туралы көсіліп жырлауды көпшілік жалғандыққа жорыған еді.

Ресейде өзінің отарлау саясатын 1856-1868 жылдары жүргізілген әкімшілік реформалардан отарлауды нысаналы, әрі катал түрде жүргізе бастады. Бұл халық арасында наразылықты тудырып, талай көтерілістердің басталуына түрткі болады. Ресейден бодандықты ақсүйектердің және ел басшыларының бір бөлігі ғана қабыл алған болатын. Қазақ елінің ең жақсы жерлері мен су көздерін басып алған келімсектер көшпелілердің миграциялық, дәстүрлі, көші-қонылық айналасына кедергі келтірді. Олар бастапқыда бейбіт қарым-қатынаста болды. Кейіннен келімсектердің көшпелі шаруашылыққа тигізген зиянды әсерінен қазақтар мазасызданып, наразы болуына байланысты бұл бейбіт қатынас біршама бұзылды. Сондықтан қазақ даласындағы тіршілік үшін күрес озық ойлы азаматтарды рухани және материалдық дүниедегі жаңа ізденістерге жетеледі. Ағартушылық философиясының кеңінен үгіттеле бастауы да осы тарихи кезеңнің уақытына сәйкес келеді. Абай айтқандай «ақынның азаматтық парызы шындықты бейнелеуде, қоғамдық кесірді әділет пен ақылдың билігіне жүгіндіруде» деп білді. [1, 294]

Қазақ халқы үшін осы уақыт қоғамдағы рухани, әлеуметтік және саяси салалардың

сапалы деңгейге көтерілу кезеңі болды десек қателеспейміз. Жана дүниетанымды, жаңаша ойлауды, елдің көптеген мәселелеріне түбегейлі философиялық және саяси биіктегі көзқарастың болуын қажет еткен қазақ зиялыларының жұлдызы халықтың интеллектуалдық және рухани тұрғыда есейіп келе жатқанын білдірді.

Қазақ халқының қай жағынан алғанда да бай тарихы мен философиясын ұлы тұлғаларсыз, ойшылдарсыз, ақындарсыз көзге елестету мүмкін емес. Себебі, ежелгі заманнан бері ықпалына ерген халқын өрге сүйреп, азаттық пен бостандық жолымен алға бастаған жеке тұлғалар болған. Бүгін біз олардың бірінің жасаған іс-әрекетін құрметпен еске аламыз, ал екіншісіне өкінішпен бас шайқаймыз. Ал, әңгіме философия, мәдениет, өнер мен поэзия жайына ауысқанда, данышпандарымызды ауызға алмау мүлдем мүмкін емес. Кез келген поэзиялық, философиялық еңбек және мәдениет пен өнер туындысы жеке адамның ғана ішкі дүниесінен жарып шыға алады. Кең-байтақ даламыздағы өркениет көшінің өн бойынан қадау-қадау шындар тәрізді бейнелері асқақтай түскен осынау айрықша философиялық ойлау стилі бар тарихи тұлғалардың мұрасы кейінгі қоғамдық ойдың даму барысында орасан зор ықпал жасағандықтан, халық жадында мәңгі сақталған. [1, 165]. Демек, маңызы зор туындылардың философиялық астары тереңде жатыр. Оған үнілу үшін шығармалардың текстологиялық, герменевтикалық талдауларын жасау арқылы ғана оның негізгі философиялық ойын ашып алуға болады. Бір сөзбен айтқанда, қазақ поэзиясы мен прозасы философиялық ойдың бірден-бір өмір сүру формасы болып табылады. Олардың негізі ХХ ғасыр басындағы қазақ қайраткерлерінің шығармаларында көрініс береді.

Қазақ халқының дүниетанымдық мәселелерді терең зерделеуге талпынуы, рухани түлеуге ұмтылысы кезінде қазақтың ұлттық интеллигенциясы қалыптаса бастағанын жақсы білеміз. Сана-сезімі оянған қайраткерлердің басты арманы қазақтың санасын ояту, надандықтан арылу, халықтың бойына сіңген керендіктен құтылу, әйел теңдігін жақтау болды. Мұны қазақтың өткен ғасырдағы алғашқы кәсіби философы болып саналатын данышпан Шәкәрім, одан соң ұлт зиялылары М.Көпеев, Ғ.Қараш, А.Байтұрсынов, С.Көбеев, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, М.Әуезов және т.б. шығармаларында көрсетті. Олардың туындыларында ғасырлардан келе жатқан әлеуметтік теңсіздік, қыздарды малға сату, шалдарға еріксіз тоқал ету сияқты ескі әдет-ғұрыптар бірінен соң бірі тізбектелді.

Сол кездегі қазақтың алдыңғы қатарлы ойшыл-азаматтарын ойландырған қандай мәселелер, қоғамда болып жатқан келеңсіздіктерді шығармаларында көрсету арқылы қандай жетістікке жетті заңды сұрақ туындайды. Сондай-ақ Шәкәрім дүниетанымның анықтаушы бағыты оның адамзат қоғамының дамуын жеке адам және қоғам арасындағы қатынас пен байланыстардың қалыптасуын жаратылыстық, табиғи тұрғыдан түсінуге тырысуында деп пайымдаймыз. [1, 309]

Демократияшыл ұттық интеллигенция қаулап өсіп-жетіліп шоғыры өз халқының мүддесі мен болашақ дербес даму бағдарын айқындап алды. Олар жоғарыда аталған қоғамдағы басты мәселелерді шығармаларына енгізді. Жан-жақтағы парасаттылық пен білімдарлықты, саяси күрестің тәсілдері мен орныққан жағдайды шынайы бағалай білуді жетік меңгерді. Демократияшыл қазақ зиялылары бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістердің жалаңаш қылышпен зеңбіректің аузына қарсы шабатын ұлт-азаттық басшыларынан мүлдем өзгеше-тұғын. Олар туған халқының көзін ашуды мақсат етті. Халықтың көмескі тартқан рухын оятып, оларды басты қару – біліммен қаруландырғысы келді. Осылай бірте-бірте тәуелсіз ел болуға жеткізудің қиын да болса ең сенімді жолы таңдап алған болатын. Бірақ осындай кәсіби зиялылар қаққан тәуелсіздік қонырауының соғысы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, тәуелсіздік пен бостандықты, дербес даму мен азаттықты аңсаған біз атаған азаматтар тек рухын шыңдаумен болды. Бізді бүгінгі тәуелсіз демократиялық ел болуға жеткізіп отырған да сол биік өршіл рухтан басталған дүниетаным. Осындай философиялық құрылым қазақ дүниетанымның негізі болып

табылады.

Иә, әділетсіздік пен қанаушылықты көрген ұлт зиялылары әдебиет, мәдениет және өнер мұраларын сақтауды, жаңа заман талабына сай жаңғыртуды және жалпы түркі дүниесіне тән рухани тұтастықтың аясында өсіп-өркендетуді армандады, соған қол жеткізуді көздеген. Шығармалары арқылы еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, бір сөзбен айтқанда, рухани тұрғыда еңбек етуге шақырды. Сонымен қатар, патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады [2, 32]. Осындай қалыптасып келе жатқан сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайларды өлең жолдарымен де, қара сөзбен де өрнекті шеберлеген қаламгерлердің бірі де бірегейі – Ілияс Жансүгіров.

Ілияс Жансүгіров түрлі жанрадағы шығармаларымен әдебиетіміздегі көркемдік тәсілді қалыптастыруда өзіндік елеулі үлесін қосты. Ол – заман шындығын, оның өткен шырғалаңын нақты суреттей білген реалист қаламгер. Сөз зергерінің айшықты туындылары қазақтың көркемсөз мәдениетін шарықтау шегіне жеткізіп, әдеби тілді байытты [3, 3]. Әлемге аты мәшһүр ежелгі грек философы Аристотельдің «Ақыл тек білімде ғана емес, білімді іс жүзінде қолдана білуде» деген қанатты сөзі Ілиястың ойы, білімі, дарындылығының іс жүзінде дұрыс бағытта қолданып, оның өзі өмір сүріп отырған қоғамның философиялық өмірін көрсетті.

Ұлы философымыз әл-Фараби бабамыз адамның барлық дүниесінен азаматтық-әлеуметтік жаратылыс ерекше бөлектенетінін көрсетті. Себебі, адам табиғатында басқа адммен немесе адамдар тобымен тығыз-қарым-қатынаста, байланыста болады. Сол кезде өзара әрекеттестікке енетін қасиеті ерекше орын алады. Әл-Фараби бұның себебі адам жалғыз өзі қол жеткізе алмайтын көптеген заттарға мұқтаж болатынын және оларға қол жеткізуде адамдар қауымдастығының көмегін міндетті түрде қажетсінетінін айтады. Токетерін айтқанда, адамның жеке басына қажет кез келген зат өзі мүше болып табылатын қоғамнан ғана ала алады. Сондағы ғалымның пікірінше, қоғам тыныштықтағы құрылым емес, өзара әрекеттестікте болатын адамдардың қауымдастығы дейді. Тек қана қоғамның көмегімен адам өзінің толып жатқан материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырады. Сол үшін де Ілияс осы қоғамды өзіне ғана емес, шығармаларын да қоғамға жіпсіз байлады.

Негізінен Ілиястың философиялық, адамгершілік және ағартушылық ойларының, кейіпкер тұлғасы мен болмыс құбылыстары жайындағы терең толғаныстарының айтары өте көп. Реалист қаламгердің шығармашылығымен жіті таныс кез келген оқырман туындыларының ішкі құбылысын сезінбеуі мүмкін. Ол өзінің шұрайлы тілімен қазыналы халық үшін өзіне керектісін тандап, талғап ала білсе де айтар ойы, сол кездегі қоғамның философиясын жеткізу мүлдем өзгеше әлемді бейнелейді. Кейіпкерлердің айтқан сөздері, олардың өмірге көзқарастары мен мінез-құлықтары арқылы ойында тұрғанын деп жеткізеді.

Ақынның өнер тақырыбына жазылған туындысы саналатын атақты «Құлагер» поэмасында XIX ғасырдағы қазақ елінің рухани мәдениеті кеңінен суреттеледі. Автор өзі өмір сүрген заманының түрлі мәселелерін басты кейіпкер Ақан серінің өнер тілімен көрсете біледі. Ақан өмір сүрген феодалдық заманға, қоғамға оның көзімен өз көзқарасын білдіреді. Ұлы ойшыл Сократ «Мен өмір сүру үшін тамақтанамын, ал кейбіреулер тамақтану үшін өмір сүреді» деп айтқандай, Ілияс поэмадағы кейіпкерлердің түп-тұлғасын осылай екіге бөледі. Ал Ақан сері болса, Сократ сияқты өмір сүру үшін тамақтанады.

Тілде де, философиялық мәдениетте де тұлғалық ерекшелік, даралылық сипаттар барынша тереңінен бейнеленетіні түсінікті. Ал өнер мен философия тұлғалық ерекшелікті ерекше танытатын дүние. Сондықтан поэманың негізгі сюжеті Ақан серінің бір әніне ғана құралған сияқты. Поэманы бойынан өткізгенде ғана оның идеялық шеңбері одан да

кеңірек екені сезіледі. Сол бір оқиғаның керегесін кеніте отырып, акын бас кейіпкер Ақанның трагедиясын ашады. Ақан трагедиясы Ақан сияқты мындардың трагедиясы екенін жинақтап танытады. Ақан өмірін жырлай отырып, сол бүкіл феодалдық заманның зұлымдығын, әділетсіздігін сыртқа ашкерелей түскен [3, 42]. Ілиястың басты кейіпкер Ақан сері арқылы сол кездегі қоғамның философиясын бір оқиғамен шебер суреттейді.

Ілиястың «Күй» мен «Күйші» поэмаларында да өнер тақырыбы желеу етілгенімен, сол замандағы қатыгез бен зұлымдық осы өнер арқылы айқын ашылған. Идеялық мазмұны терең бұл шығармалар да қоршаған әлемнің тіршілігі мен адамдық болмысты өз деңгейінде суреттейді. Француз ойшылы, ағарту дәуірінің ойшылы Ж.Ж.Руссо «Әуен тек қана елітірмейді, ол сөйлейді... Оның тілі өткір, от-жалынға толы қарапайым сөзге қарағанда, әлдеқайда күштірек деуге болады» деген сөздерді Ілияс басты назарға алған сияқты болып көрінеді. Поэмалардан әуенді естімесек те, қаламгер өнердің дауысын өнер тілімен жеткізіп, әуезін әрбір оқырманға естіртіп отыр. Ал осылардың барлығының басына қоса отырып тағы да сол қоғамның көрінісін суреттеу – кез келген акынға берілмейтін даралық.

Қазақ поэзиясында ерекше орны бар Ілиястың «Дала» поэмасы қазақ халқының образын далаға балап жырлаған. Бұл туралы филология ғылымдарының докторы, профессор, белгілі ілиястанушы М.Иманғазинов былай дейді:

«Ілияс Жансүгіров көбіне ишарат, символдық мағына беретін философиялық тереңдігі бар сөзбен көрсетеді. Поэманың басты кейіпкері – әр заманда зар шеккен, өмір үшін күрескен халық. Поэманың сюжеттік желісі осы қарт адамның тарихына құралған. Акын оны тарихи-философиялық тұрғыдан көрсету мақсатында оған ертегі, аңыз, көркем баяндау мен образдарды айшықтап астастырып беруге күш салған [3, 64]. Артық дүниесі жоқ даланы құшағы әрдайым кең қазақпен теңестіру кешегі күнгі де, бүгінгі күнгі де қазақтың философиялық толғамын суреттейді.

«Рүстем қырғыны» - қазақ халқының өміріндегі жаугершілік кезеңді, яғни қалмаққа қарсы күресті, феодалдық дәуірдің керітартпа қақтығыстары тәуелсіздік, азаттық жолындағы күрес болса, рулық кездегі адамға, малға байланысты күрес-тартыс ескілік көзқарастары, соның сарқыншақтарын танытады. Әсіресе, найман мен үйсін руының арасындағы қақтығыс, адам тағдыры, ел намысы әсерлі бейнеленеді [3, 72].

Поэмада жұрттың ащы зары, өшпес өкініші, арман-мұны, айтылмай кеткен, айтса да улы оқ өзінді табатын, жүйкеңді жүндей түтетін ұлттың бойындағы дерт-дербез, сорымыз жатыр [4, 134-135]. Тұрсын Сыдықовтың мына пайымынан кейін бір естелік түсіп кетті. Ресей көршілес мемлекеттерді қарамағына қаратқанмен, екі елдің халқын ғана тізе бүктіре алмапты, рухын төмендетуге күші жетпеген. Сондықтан бұл екі халықтың арасынан шыққан зиялылар қауымы Кеңес үкіметі мемлекеттерінің ішінде басқаларынан көбірек қырылған дейді. Ол екі халық – таулы қыраттағы кавказдықтар мен жазық даланың қазақтары. Міне, «Рүстем қырғыны» қазақ халқының феодалдық кезеңдегі болмыс-бітімін, мінезін ашып көрсетеді. Құшағы кей, жүрегі мейірімге толы қазақтың бойында әділетсіздікке деген қайраттылығының орасан күш-қуаты жатыр.

Шыншыл акын жаны өзгеге ұқсамайтын дара сөзін, дара ойын, қазақ даласына дарытып бақты. Әлеуметтік болмысты тануда қстамдылық ұстану, кемел азаматтық парасат таныту әр дарынның қолынан келе бермейтін кезеңде өмір сүру акынға оңай болған жоқ. Қазақ даласындағы жаңа өмір келбетін суреттеуде, қазақтың жан дүниесін ашып ой-пиғыл аңғарын анықтауда, акын ерекше зерделік танытты. Ілияс бабамыздың бір ғана поэмаларының өзінде көрсете білген қоғам философиясы туралы ойлары – біздің басты құнды байлығымыз. Оны тек пайдалы іске жаратуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қасабек А., Алтай Ж. Қазақ философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Эверо баспасы, 2015 ж. – 216 б.

2. Аликенова К. «Қазақ философиясы» кесте: оқу-әдістемелік нұсқау. Талдықорған: Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2018 ж. – 44 б.

3. Иманғазин М, Ілияс Жансүгіров. – Алматы: Қазақ университеті, 2004 ж. – 218 б.

4. Сыдықов Т. Ілияс Жансүгіров ХХІ ғасыр көзімен (зерттеулер, әдеби портреттер), Талдықорған: Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2016 ж. – 452 б.

ПРАВОПРЕЕМСТВО МЫСЛЕЙ О ФИЛОСОФИИ ОБЩЕСТВА ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА И КАЗАХСКИХ МЫСЛИТЕЛЕЙ

Аликенова К.Н., Жумабекова З.Б.

Идеи писателей как Ильяса Жансугурова мотивировали возрождение гуманистических идей в литературе и истории. Мысли философии общества, сложные проблемы казахского народа, межэтнические отношения, казахская идентичность в степи, равенство женщин, нравственные нормы, классовая жизнь, переходный период власти описываются мастерством в работах Ильяса.

Ключевые слова: общество, философия, поэзия, реальность, персонаж, искусство.

SUCCESSION OF THOUGHTS ON THE PHILOSOPHY OF SOCIETY ILYAS ZHANSUGUROV AND KAZAKH THINKERS

Alikanova K.N., Zhumabekova Z.B.

The ideas of writers like Ilyas Zhansugurov motivated the revival of humanistic ideas in literature and history. Thoughts of the philosophy of society, complex problems of the Kazakh people, interethnic realitions, Kazakh identity in the steppe, equality of women, moral standards, class life, a transitional period of power are described by mastery in the works of Ilyas.

Key words: society, philosophy, poetry, reality, character, art.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 04.07.2019ж.

ӘОЖ 1/14 (075.8)

ИБН ХАЛДУННЫҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ ОЙЛАРЫ

Аликенова К.Н., Турсынова А.

Ибн Халдунның тарихнамалық ойларын қарастыра отырып, атын әлемге әйгілі еткен еңбегін талдаймыз. Тарихи ұлы тұлғалардың бірегейі - Ибн Халдунның бұл тамаша туындысы өте құнды болып табылады.

Мақаланың негізгі мақсаты – Ибн Халдунның еңбегіне сүйене отырып, қарастырған мәселелерінің бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпағанын дәлелдеу. Шығыстың ұлы философы Ибн Халдунның тарихнамалық ойларына талдау жасалады.

Мақала жазу барысында негізінен Ибн Халдунның тікелей еңбегіне сүйенеді. Соның барысында жүргізілген зерттеулерге талдау жасалады.

Қорыта келе, Ибн Халдунның еңбегі қаншама засырлар өтсе де өз құндылығын жоғалтпайды. Осыған орай, қазіргі қоғам ішінде Ибн Халдунның жеке тұлғасы және шығармашылығы үлкен қызығушылықтар тудыруды.

Кілт сөздер: философия, тарих, тарихнама, әлеуметтану, экономика, билік, мәдениет.

Шығыстың ұлы философтарының бірі – Ибн Халдун (1332-1406), ойшылдың толық есімі ‘абд ар-Рахман бен Мұхаммет, лақап аты – Уәлиюддин («Діннің көмекшісі»). Философ текті әрі ауқатты отбасынан шыққан. Бірінші мұсылман кәсіпқой тарихшысы. Ойшылды негізінен алғашқы ислам әлеуметтанушысы деп айтамыз, дәлірек айтар болсақ, әлеуметтануды жеке ғылым ретінде негізін қалаушы.

Ибн Халдунның дара тұлғасын, асқан ақыл парасатынан және бойындағы тектілікті жоғары қоятындығын шығармаларынан көреміз. Ибн Халдунның елден асқан даналығын дәлелдейтін көптеген мысалдар келтіруге болады. Дәлірек айтсақ: әлеуметтану ғылымының негізін салушы. Ал тарихнама ғылымында жаңалық енгізген тарихшы. Араб көркемсөз өнерін жетілдірген әдебиеттанушы. Автобиография жазуда жаңа әдіс енгізе білген жазушы. Сондай-ақ педагогика, психология салаларында үлкен жаңалық енгізген ғалым Жалпы, ғылымның әрбір саласын зерттеген энциклопедист – ғалым. Бүгінгі күнде Ибн Халдун жастар үшін ғажайып тұлға болып табылады. Себебі, бір адамның бойынан осыншама сан қырлылықты, ғылымға деген құштарлықты көру тәнті етеді.

Қазіргі таңда Ибн Халдунның қалдырған еңбегін қарастыратын болсақ, көптеген сұрақтарымызға жауап таба аламыз. Философиялық терең мазмұндылығымен белгілі шығармадан, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағыт-бағдар аламыз. Қазіргі қоғаммен ортағасырлық қоғамды салыстыра отырып, біршама мазалайтын мәселелерге басқаша көзқарас қалыптастырады.

Ғалым ғылым саласының бірнеше саласы бойынша жазған («Фикһ», логика, математика, әдебиет, философия, ибн Рушд философиясына түсініктеме), алайда оның трактаттарының басым көпшілігі жоғалып қалған. Бізге «Ибн Халдунның Шығыс пен Батысқа жасаған саяхаты», автобиографиялық сипатта жазылған «Арабтар, берерлер және солармен бір уақытта өмір сүрген басқа да ұлттар мен ұлы билеушілердің өсиеттері мен тарихи энциклопедиясы туралы кітап», екі бөлімнен құралатын: «әл-Мұқаддимат» («Кіріспе»), ғалымға әлемдік танымалдықты әкелген және «Тарих», ол өзі «Алғы сөзде көрсеткеніндей, қатан ғылыми сынның ұстанымдарын ұстанбай, сол уақытқа мәлім әлем мен адамзат туралы барлық тарихи ақпараттарды ұсынады және солтүстік Африканың жергілікті халықтары – берберлер туралы көзқарас бойынша өте маңызды мәліметтерді айқындап жазады. [1]

Сондықтан Ибн Халдунның «әл-Мұқаддимат» деп аталатын еңбегіне ерекше қызығушылық туып отыр. Атақты британиялық Оксфорд университетінің ғалымдарының бірі «Муқаддима» кітабының құндылығын былайша сипаттайды: «Шынында да Ибн Халдун жалпы тарих туралы жазған «әл-Мұқаддимат» атты еңбегінде ақыл-ойының кендігін, керемет кемеңгерлігін көрсетті. Ол мұнда тарихнаманың философиясын ашып көрсетті. Осынау еңбектің адамзат ой-санасының тарихындағы баға жетпес еңбек екендігі даусыз». Алайда тек XX ғасырдан бастап Арнольд Тойнби секілді ғалымдар «әл-Мұқаддимат» еңбегін бұрын-сонды болмаған тамаша туынды деп жоғары баға береді. Еуропаның алпысқа жуық ойшылдары ибн Халдун айтқан концепциялар туралы жазды.

Ибн Халдун 1375-1378 жылдары «Кітаб әл-ибар уа диуан әл-мубтада уал-хабар фи әййәм әл-араб уал-ахам уал-бәрбәр уа мән асараһум мин зәуис-султан әл-әқбар («Үлкен сұлтан заманындағы арабтардың, жат жұрттықтардың және берберлердің тарихы») атты кітабын жазып шықты. Жеті томнан тұратын кітаптың бірінші томы кіріспе болып табылады [2]. Кітаптың алғашқы кіріспе бөлімі «әл-Мұқаддимат» («Ибн Халдунның кіріспесі») деп аталады, нақ осы бөлім оның атын әлемге әйгілі етіп, тарихта қалдырады. Бұл бөлім кіріспе болғанымен көптеген мәселелерді қамтиды. Осы «әл-

Мұқаддиматында» Ибн Халдун әлеуметтану мен тарихнаманың негіздерін салушы және осы салада құнды пікірлерін айтты. Тіпті, осынау керемет еңбегін автор осы бес айдың көлемінде жазып шыққан болатын. Уақыт өте келе, еңбегін екінші рет қарап шығып, өңдеп, одан кейін халықтардың тарихын қосып толықтырады.

Тіпті «әл-Мұқаддимат» Чарльз Дарвиннің эволюция теориясын болжайтын ойлар айтылады. Мысалы, «Жануарлар әлемі сан алуан, соған орай жануарлардың түрлері көбейіп келеді, біртіндеп даму процесі ойлау қабілеті дамыған адамзат баласына әкеледі. Адам әлемі маймылдар әлемінен жылдам, ол тапқырлық пен қабылдау қасиеттерімен ерекшеленеді, бірақ әлі де нақты рефлексия мен ойлау деңгейіне жетпеді» [3].

Ибн Халдун адам және қоғам мәселесіне ерекше назар аударғанын байқаймыз. Себебі, біріншіден – адам баласы азық-түлік табу үшін, екіншіден – қауіп-қатерден бірігіп қорғану үшін бір-біріне мұқтаж болды. Ал негізінен, адам баласына екі қауіп төнген, ол біріншіден жыртқыштардан, екіншіден, адамдардың өздері қауіп туғызды. Осыған орай, олар бірінші қауіптен бірігу арқылы төтеп берсе, екінші қауіпті жеңу үшін адам баласы әлеуметтік ұйымдар құрды. Дегенмен, осы кезеңде адамзат бәрібір де табиғаттан тәуелсіз бола алмады.

Бұл еңбек бүгінгі күні өзінің өзектілігімен ерекшеленеді, егер Ибн Халдун уақыт шеңберінде еркін қозғала алса, қазіргі заманауи әлеуметтік ғалымдармен пікірталастыра алар еді. Кейде ол XIV ғасырды емес, XXI ғасырды түсінудің кілтін ұсынды ма деген ойға қаласын. Мысалы:

"Шәкірттер, құлдар мен қызметкерлер әділетсіздік пен тирандік күштеуді қолдана отырып сыналған жағдайда, бұл олардың ішкі сезімдерінің тежелу және энергия жоғалтуына әкеп соғады. Нәтижесінде оларды жалқау етеді, өтірікке және шынайылық қасиетін жоғалтуына алып келеді. Олардың сыртқы мінез-құлқы мен жан дүниесі екі бөлек болып келеді. Себебі күнделікті іс-әрекеті шындықты жасырып қалуға тырысады. Керісінше, алдау мен айла-шарғы олардың үйреніп қалған сипатты белгісіне айналады. Олар әлеуметтік және саяси ұйыммен (қоғамдармен) үйлесімді адам жанына тән қасиеттерді жоғалтады. Өз жеке- меншігін қорғау ниетін жоғалтып, тәуелділікке бой ұсынады. Олар өз әлеуетін жойып, адам өмірінің деңгейіне жете алмайды. Нәтижесінде, олар өз әлеуетін жоғалта отырып, адам өмірінің төменгі деңгейіне оралады [3].

Егер «шәкірттер, құлдар және қызметшілер, әділетсіздікте және тираниялық күш қолдану арқылы тәрбиеленген болса, осы жерде біз «тәуелді мемлекеттер» және «ішінара тәуелсіз мемлекеттер» сөз тіркестерімен ауыстыра отырып, неге «бір мемлекеттер бай, ал басқа біреулері кедей» деген сұраққа абсолютті жауап таба аламыз.

Сонымен бірге, Ибн Халдун Аристотель мен Платонның саяси философиясын өте жақсы қарастырғанмен, ол монархиядан басқа ешқандай басқару нысанын білген жоқ. Оған дәлел: «институттар мен салт – дәстүрлердің өзгеруінің себептері кез келген халықтың әдет-ғұрыптары, оның билеушісінің салттарына байланысты болатындығына көптеген адамдар келіседі. Осыған «қарапайым адамдар өз билеушісінің дінін ұстанады», - деген накылды айтуға болады [3].

Ибн Халдун еңбегінде қоғам өмірінің дамуын экономикамен тікелей байланыстырады. Яғни, бірігу, бөлу, тұтыну, өндіру белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруда негізінде байланыстырады. Осынау ұзақ үдеріс барысында адам баласы бір-біріне етене тығыз байланысты екенін дәлелдей келе, қоршаған ортаға да ауа-райының ықпалы барын көрсетеді.

«Сырттай қарағанда тарих адамдар мен елдердің бастарынан өткен оқиғалар басқа ештеңе емес сияқты. Алайда осы салада жазылған кітаптардың көпшілігінде қателіктер көп. Не жазылған нәрсенің шынайылығы тексерілмеген, не олардың көпшілігінде шынайылықтан гөрі долбар мен қиялға ерушілік көп. Осылайша сол қателікке толы мағлұматтарды кейінгілер алдыңғылардан көшіріп алды», - дейді. Ибн-Халдун қоғамдағы дамудың негізгі екі сатысын көрсетеді. Оны ол екі ұғым арқылы береді: бірінші сатысы –

«Бидави» («әл-баду»), екіншісі – «Хидари» («әл-хадар»). Бұл сөздердің этимологиясының алғашқы берілген мағынасын қарасақ, онда «Бидави» - шөлді аймақтарда тіршілік етушілер, көшіп-қону, ауылдық, алғашқы,- деген мағына береді. Ал «Хидари» болса, ол отырықшы аймақтарда тіршілік етушілер, қалалық, - деген мағынаны білдіреді [4].

Ал бидави сатысында адамдар мал бағу мен егін егумен айналысса, келесі хидари сатысында оларға қол өнерлік, сауда, ғылым мен өнерге бейімделді.

Ибн Халдун алғашқы салыстырмалы теңдіктен толық теңсіздікке көшу мәселесін қарастырды. Бұл процесті Ибн Халдун екі ұғыммен түсіндіреді.. Олар «асабият» және «мүлік». Осы ұғымдар арқылы ойшыл қоғамның әлеуметтік-саяси деңгейіне көтеріледі.

Жоғарыдағы «асабият» ұғымының шығу тегіне қатысты ғалымдар «рух», «бірігу», «ұлттық сезім» деген мағынада қарастырады. Осы ұғым негізінен екі сөзден құрылады. Яғни, біріншіден «асаб» (байлау) және «асаба» (топ) дейді. Ибн-Халдунның өзі бұл ұғымды «рубірлігі», «тайпа бірлігі» деген мағынада жақындастырады. Алғашқы әлеуметтік байланыстар рулық қатынас екенін мойындағанмен, оның сыртындағы материалдық қажеттіктер, олардың қауіп-қатерден сақтанудың маңызды екенін көрсетті [4].

Ибн Халдун «билікті қолдарына толық шоғырландыруға қол жеткізген билеуші тап уақыт өте келе өсе түседі және өз қажеттіліктерін арттыра түседі, бұл оның қоғамдық ресурстардың сарқылуына, шаруашылық белсенділіктің құлдырауына, халықтың кедейленуі мен азғындауына, қуаттылықты жоғалтуға тән қабілетін анықтайды.

Адамзат баласының алғашқы даму үдерісінде адамдардың ішкі қарым-қатынастары теңдікке негізделген болды. Өйткені ол кезде материалдық байлық аса маңызды болмады. Нәтижесінде араларын алауыздық, дүние-мүлік талас болмады. Бір сөзбен айтқанда, табиғаттың дайын өнімі қажеттіліктерін өтеді. Бірте-бірте тобырдан, қоғамдық қауымға өтті. Кейіннен ру мен тайпа қалыптасты. Тайпаға ішкі және сыртқы мәселелермен айналысу үшін көсем тағайындалды.

Ибн-Халдун, басқарудың түп тамырында теңсіздіктің ұрығы жатыр деп есептеді. Яғни, Ибн-Халдун «мүлік» - деген сөздің екі мағынасын түсіндіреді. Бірі - «байлық-билік» ретінде қолданылса, екінші бірі, «мүліктің иесі бола тұрып, адамдарды өз еркіне бағындырып, қазынаға ақша жинайды, нәтижесінде басқа елдерге елшілік жіберіп, шекараны қорғайды» [4]. Дегенмен мүлік қатынастары дамыған кезең адамдарда артық өнім пайда болғанын көрсетеді. Өйткені дәрежесі тең адамдар бір топ болса, екінші біреулері бағынышты топты құрады.

Нәтижесінде басқару және билік түсінігі ене бастайды. Ең алғашқы көсемге бағыну, оның айтқанына көну, бүгінгі басқару нысанына алып келеді. Ал билікке келген адам, одан ешқашан өз еркімен бас тартпайды. Керісінше, байлығын арттыруға тырысып, өз мүддесін көздейді.

Сонымен Ибн Халдун өз еңбегінде әлеуметтік және экономикалық мәселелерге, тарихнамаға, меншік және билік мәселелеріне көңіл бөлген. Өркениет туралы теориясында Ибн Халдун өркениет құриды, ал мәдениет қалады деген қорытынды жасайды. Яғни, өркениет деген қоғамның жоғары даму сатысы бола тұра, ол да белгілі бір заңдылыққа бағынатындығын айтады.

Қорытындылай келе, қаншама ғасырлар өткенмен Ибн Халдунның баға жетпес еңбегі өзіне тиесілі жоғары сұранысқа ие болды. Ғасырлар қойнауында ұзақ жылдар бойы зерттелмей келген бұл шығарма, бүгінгі күні қоғамның өзекті мәселелерін салыстырмалы түрде қарауға мүмкіндік беретін шығарма. Қанша уақыт өтсе де, сол кезде маңызды болған дүниелер, қазіргі қоғамда да көрініс табады, ғалымның әлемдік ғылыми ойға қосқан үлесі өте үлкен. Голландтық ғалым Ди Бор атап көрсеткендей, «Мұқаддимат» философиялық мәні жағынан өте үлкен және жанашыл еңбек, ал оның авторы «адамзат әлеуетінің саты бойынша дамуының себептеріне сараптама жүгізуге талпынған алғашқы адам болып табылады».

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жақыпбек Алтаев, Аманжол Қасабек. Философия тарихы. Оқулық. Алматы, «Қазақ университеті». - 2017
2. Бациева С.М. Историко-социологический трактат Ибн Халдуна «Мукаддима». М., 1985.
3. Ибн-Хальдун. Книга поучительных примеров и диван сообщений о днях арабов, персов и берберов и их современников, обладавших властью великих размеров, в семи томах. Булак, 1284 г. хиджры.
4. К.Н.Әлікенова. Ғылым тарихы мен философиясы. Оқу құралы. Талдықорған, 2012

ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ МЫСЛИ ИБН ХАЛДУНА

Аликенова К.Н., Турсынова А.

Рассматривая историографические мысли Ибн Халдуна, мы анализируем его прославленный во всем мире труд. Стоит отметить об этом замечательном произведении Ибн Халдуна, который является для нас ценным

Анализируется историографическая мысль великого философа Востока Ибн Халдуна. В ходе написания статьи в основном опирается на прямой труд Ибн Халдуна. В ходе этого делается анализ проведенных исследований.

В конце концов, труд Ибн Халдуна не теряет своей ценности, даже через сколько веков. В связи с этим, в современном обществе большой интерес вызывает личность и творчество Ибн Халдуна.

Ключевые слова: философия, история, историография, социология, экономика, власть, культура.

HISTORIOGRAPHICAL THOUGHTS OF IBN KHALDUN

Alikenova K., Tursynova A.

Considering the historiographical thoughts of Ibn Khaldun, we analyze his world-famous work. It is worth noting about this wonderful work of Ibn Khaldun, which is valuable for us

The historiographical thought of the great philosopher of the East Ibn Khaldun is analyzed. In the course of writing the article is mainly based on the direct work of Ibn Khaldun. In the course of this, an analysis of the studies is made.

After all, Ibn Khaldun's work does not lose its value, even after many centuries. In this regard, the personality and creativity of Ibn Khaldun is of great interest in modern society.

Key words: philosophy, history, historiography, sociology, economy, power, culture.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 01.07.2019ж.

ӘОЖ 347.83.1

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ДАҢҒЫЛЫ

Амирова Б.К., Абишев Ч.Ж.

Мақалада Қазақстандағы цифрлы ақпараттық технологиялардың дамуы мен құқықтық реттелуі кеңінен қарастырылған. Сондай-ақ, мемлекетіміздегі ақпарат нарығының даму келешегіне қатысты саясаты талданған. Ақпараттық технологиялардың мемлекетіміздің сыртқы және ішкі саясатына және шет мемлекеттермен байланыстағы әсері де қарастырылған.

Кілт сөздер: Қазақстан, цифрлы технология, ақпарат, құқық, заңнама, жолдау.

Елбасы Н.Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді. Әлемде кезекті, Төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер – әрі тарихи сын-қатер, әрі Ұлтқа берілген мүмкіндік.

Бүгін мен Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып отырмын. Бұл жаңғыру – қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ. Ол Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасында өткізіледі.

Мен оның бес негізгі басымдығын көріп отырмын. Олар экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған.

Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы.

Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет» деп мемлекет саясатының басты жолын көрсете білген [1].

Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдау шеңберінде Елбасы Н.Назарбаев республикадағы «цифрлық экономиканы» дамыту қажеттілігіне ерекше назар аударды және оның қалай және қалай жасалуы керектігі туралы өзінің көзқарасын баяндады.

Жетекші мемлекеттер мен артта қалған елдер арасындағы цифрлық бөліну жылдан-жылға артып келеді. Біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың кілті - өндіріс, басқару, байланыс және ойын-сауық саласында мемлекет пен бизнестің бірлескен күш-жігері арқылы цифрлық компоненттің дамуы. Сандық трансформация - бұл автоматтандыру ғана емес, сонымен қатар жаңа бизнес-модельдерді, жаңа нарықтар мен жана тұтынушыларды құру, бұл экономикалық өсімге және пайдаға әкелуі керек.

Бүгінде цифрлық әлем сіз өзгеруге дайынсыз ба, жоқ па деген сұрақ қоймайды, себебі ол бүкіл әлемде өзгеріп отырады. Қазақстан үшін цифрландыру - тауарлық экономиканың шұңқырынан шығудың жалғыз жолы. Сондықтан «төртінші индустриалды революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде маңызды емес.

Жолдауда Мемлекет басшысы автоматтандыру және цифрландыру мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Қазіргі заманда Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруі, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешу мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында «ақылды» технологияларды және интеллектуалды жүйелерді енгізусіз мүмкін емес.

Астанада өткен ЭКСПО-2017 көрмесі барлық қазақстандықтардың ілгерілеуінің жылдамдығын көрсетті. Энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеу мәдениеті әр түрлі болуы керек, ал индустрияландыру одан да жаңашыл болуы керек. Осылайша, бірқатар қазақстандық өнеркәсіп кәсіпорындарын цифрландыру бойынша тәжірибелік жобалар және осы тәжірибені тарату аймақтарға технологияларды берудің нақты қадамдарының бірі болады. Бүгін біз цифрлық экономиканың негізі болып табылатын өнімді

цифрландыру екенін мұқият түсінуіміз керек.

Мемлекет басшысы атап өткендей, адам капиталын дамытусыз индустрияландыру мүмкін емес. Бұл модернизацияның негізі, себебі кез-келген технологиялар адамның білімінің жемісі, ал цифрлық экономика білім экономикасымен тығыз байланысты. Сондықтан, Жолдауда міндет - барлық жастағы азаматтарды қамтитын өзінің алдыңғы қатарлы білім беру жүйесін құруды жеделдету. Білім беру бағдарламаларының басты басымдығы жылдам өзгерістерге және жаңа білімнің игерілуіне үнемі бейімделу қабілетінің дамуы болуы тиіс.

Елді индустрияландыруда жоғары сапалы жұмыс күшінің негізі ретінде кадрларды даярлауға бағытталған жастар үшін әмбебап еркін кәсіптік білім беру жобасын жүзеге асыру үлкен қолдау көрсетеді.

Дегенмен, еңбек нәтижесі негізінен олар жасайтын жағдайларға байланысты, сондықтан тұрғын үй, білім беру және денсаулық сақтау мәселелері Кеңесте толық баяндалады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына заманауи инновацияларды енгізу, электрондық еңбек биржасы туралы Заңды әзірлеу және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің жаңа редакциясы, мұғалімдердің жалақысын арттыру төртінші индустриалды революция кезінде сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қажетті шаралар болып табылады. Дағдарысқа қарамастан, Мемлекет басшысының барлық бағдарламалық құжаттары Қазақстан азаматтарына жүктелген барлық әлеуметтік міндеттерді толық орындауға кепілдік береді.

Өз кезегінде, еліміздің кәсіби әлеуетін арттыру біздің мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытусыз, «Рухани жаңғыру» стратегиялық бағдарламасын табысты жүзеге асырмай-ақ мүмкін емес. «Біздің қоғамның идеясы өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін, қазіргі заманғы, шет тілдерін меңгерген, озық және жаһандық көзқарастары бар қазақстандық болуы керек» [2].

Қазақстандағы барлық дамып келе жатқан тұғыр мен орталық - біздің астанамыз. 2018 - Астананың 20 жылдығына арналған. Хабарлама бізді, оның тұрғындарын және барлық қазақстандықтарды аландатып отыр. Жылдам дамып келе жатқан мегаполистің мәселелерін тиімді шешу үшін заманауи технологияларды енгізуге мысал болыңыз және оны республика қалаларында тарату үшін «Смарт қала» стандартын құрыңыз. Біздің астанамыз сияқты «ақылды қалалар» өңірлік дамудың локомотиві және бүкіл ел тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту болуы керек.

Мысалы, Астанада бейнебақылау камералары, фото-бейне бұзушылықтар, деректерді өңдеу орталығы, Операциялық бақылау орталығы және интеллектуалдық байланыс орталығы секілді сегменттер жұмыс істеп жатыр. Тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі »(SLCB) жобасы іске асырылуда. Сонымен қатар «Smart School», «Smart Street Lighting», «Smart Polyclinic» және тағы басқалар бойынша бастамалар жүзеге асырылуда. Бүгінгі күні «Smart School» жүйесіне 88 мектептің 19-ы, «Ақылды Поликлиникада» жүйесіне 10-ың 2-еуі қосылғанында атап өткен жөн.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, Smart City технологияларын енгізу тек мегаполистердің проблемаларын шешуге ғана емес, сонымен қатар оларды дамыту үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді және азаматтардың өміріне қолайлылық пен ынғайлылықты арттырады.

Цифрлы экономикада адами капиталды, интеллектуалды және технологиялық артықшылықтарды арттыру үшін келесі бағыттарда әрекет етуіміз керек.

Біріншіден, экономиканың барлық секторларына цифрлық технологияларды енгізу үшін қазіргі заманғы нормативтік базаны құру керек. Сонымен бірге, барлық шешімдер мемлекет, бизнес және азаматтардың ақпараттық қауіпсіздігін ескере отырып жасалуы тиіс.

Екіншіден, үкімет цифрлық технологиялар мен құзыреттілік тасымалдаушылары болып табылатын компаниялар үшін қолдауға және қолайлы жағдай жасауға, үлкен

деректер массивтерін өңдеуге және талдауға белсенді қатысады, өндірісті цифрландыру жолында жатыр.

Үшіншісі - мемлекеттік және жеке бизнестің қатысуымен цифрлық экономика инфрақұрылымын құру. Мемлекет әртүрлі тосқауылдарды алып тастап, бизнеске кедергі келтірмеуі керек, содан кейін цифрлық экономика дамиды.

Төртіншіден, цифрлық экономика мамандарының өнімділігін арттыру және әмбебап сандық сауаттылыққа қол жеткізу.

Бесіншіден, ең бастысы – мемлекеттік басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету. «Известия» газетінде жарық көрген Қазақстан Республикасы Президентінің «Бесінші жол» мақаласында көрсетілгендей 2009 жылы басталған мемлекеттік басқарудың үш алпауыттарын, атап айтқанда, техника-технологиялық, қаржылық-валюталық, әлеуметтік-саяси құрылымдарды инновациялық дамуы арқылы Қазақстанды әлемнің дамыған отыз елінің қатарына кіру жолы ашылады [3].

Заңнама саласында әртүрлі салаларда цифрлық экономиканы дамытуға арналған шектеулерді алып тастау ең қиын тақырыптардың бірі болып табылатынын атап өту керек. Негізгі мәселе ескірген және артық талаптарды. Сонымен қатар, сектораралық институттарды жаңарту керек. Мысалы, жазбаша еңбек келісім шарттан және еңбек кітапшасын жүргізуден бас тарту. Көптеген салаларда қашықтан жұмыс істеудің технологиялық мүмкіндіктері адамның жұмыс істейтін жерінде тұруы маңызды емес, оның құзыреттіліктерге сайлығы маңызды. Осылайша, еңбек заңнамасының өзгеруі еңбек ұтқырлық деңгейін арттырып, цифрлық экономиканың дамуына серпін береді [4].

Қолданыстағы заңнамалық шектеулерді жоюдан басқа, цифрлық экономика мәселелерін реттейтін кешенді заң әзірлеу қажет. Менің ойымша, Қазақстанға цифрлық кодты немесе цифрлық экономиканың негіздері туралы заң қабылдау қажет. Осындай заңның қабылдануы басқа заңнамалық актілерге елеулі түзетулер енгізуді талап етеді.

Сондай-ақ, жетекші жоғары оқу орындарының базасында арнайы бөлімшелер цифрлық заңнама мәселелерімен айналысатын және заңгерлік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар білікті кадрларға ақпараттық технологиялар саласында білім беретін білікті орталықтар құру қажет. Бұл өте маңызды мәселе, өйткені мұндай құзыретті, сараптамалық орта құру сандық экономиканы дамытудағы заңнаманы үнемі жаңартып, жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталған.

Сонымен қатар, цифрлық экономиканың реттеуші ортасы өзгертін шындыққа тез бейімделу үшін өзгеруі қажет. Неғұрлым өзгерістерге ұшыраса, үкімет тезірек жауап беруі керек. Енді бізде құқықтық актілерді қабылдаудың жоғары бюрократиялық процесі бар. Мысалы, бір ғана заң актісін қабылдау екі айдан үш айға дейін, кейде көп болады. Қазіргі жағдайда осындай шексіз үйлестіру және ұзақ бюрократиялық рәсімдер қолайсыз.

Енді бұл процесті қайта қарау қажет. Ең алдымен, сандық жұмыс ортасын құру және нормативтік құжаттарды үйлестіру арқылы оңтайландыруға қол жеткізуге болады. Сарапшылар, мысалы, нормативтік-құқықтық актілерді өздерінің үйлестірмеуі үшін қатаң өзгерістерді ұсынады, бұл жұмыс адвокаттарға қалдырылуы мүмкін, бірақ осы нормаларға негізделетін саясат шешімдерін, алгоритмдерді келісу керек.

Құқықтық ережелерді алгоритмдерге аудару - бұл барлық озық заңдық ойлар көп жұмыс істейтін өте күрделі мәселе. Ең жылдам нәтижеге әкімшілік тәртіп ережелері арқылы қол жеткізуге болады, бұл өте алгоритмдерге ең жақын құжаттар. Мұндай пилоттық жобалар цифрлық нормативтік ортаға көшудің алғашқы қадамы болуы мүмкін.

Осылайша, мен Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауының екі негізгі ерекшелігін атап өтеміз. Біріншіден, Қазақстан мен бүкіл әлемдегі экономикадағы күрделі жағдайдың прагматикалық көзқарасы арқылы ол дағдарысқа қарсы негізгі бағыттарды нақты анықтап қана қоймай, біздің мемлекетіміздің әлемнің 30-ға жуық еліне кіруі үшін нақты қадамдар жасайды. Біздің стратегиямыз қазіргі проблемаларды шешіп қана қоймайды. Бұл даму және прогресс, бастамалар мен қызмет, инвестициялар тарту және

жаңа жобалар. Екінші айрықша ерекшелігі - бұл Жолдаудың барлық 10 басымдықтары бір-бірімен тығыз байланысты және олардың әрқайсысының сапалы орындалуы тек табысты аяқталуымен ғана қол жеткізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12.04.2017. // <http://www.akorda.kz>
2. Бекмуратова М. Цифрлық Қазақстан – жаңғыру даңғылы // <https://bilimainasy.kz/>
3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 24 мамырдағы № 156-VI ҚРЗ. (13.07.2018 жылға өзгерістермен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz>
4. Сабров М. Цифрлық Қазақстан: заманауи технологиялар арқылы трансформациялау // <https://massaget.kz>

ЦИФРОВОЙ КАЗАХСТАН – ПРОСПЕКТ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА

Амирова Б.К., Абишев Ч.Ж.

В статье рассматривается развитие и правовое регулирование цифровых информационных технологий в Казахстане. Также проанализирована политика государства в отношении перспектив развития информационного рынка. Рассмотрены влияние информационных технологий на внешнюю и внутреннюю политику государства и связи с иностранными государствами.

Ключевые слова: *Казахстан, цифровые технологии, информация, право, законодательство, послание.*

DIGITAL KAZAKHSTAN-PROSPECT OF MODERNIZATION OF THE SOCIETY

Amirova B., Abishev Ch.

The article deals with the development and legal regulation of digital information technologies in Kazakhstan. Also the policy of the state concerning prospects of development of the information market is analyzed. The influence of information technologies on the foreign and domestic policy of the state and relations with foreign States is considered.

Key words: *Kazakhstan, digital technologies, information, law, legislation, address.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 11.08.2019ж.

ӘОЖ 37.032

ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байгабатова Н.К., Ашимова Д.И., Турсынбаев О.Г.

Бұл мақалада қазіргі заманғы ғылымның жастардың азаматтық тұлғасын қалыптастыру проблемаларына қатысты кейбір теориялық және әдіснамалық

көзқарастар талданады. Қазіргі кездегі жастардың азаматтық тұлғасын қалыптастыратын негізгі идеологияларды анықтау үшін мемлекеттік-азаматтық бірегейліктің негізгі дискурстары қарастырылады. Жас ұрпақта азаматтық бірегейлікті қалыптастыру азаматтық қоғамның әлеуметтік және саяси тепе-теңдігін сақтай отырып, тұрақтылықтың маңызды факторы екені анықталды.

Кілт сөздер: азаматтық бірегейлік, жастар, қоғамдық сана, қазақстандық бірегейлік, азаматтық қоғам.

Қазақстан Республикасы полиэтносты және поликонфессиялы мемлекет ретінде патриотизмге, өз жеріне деген сүйіспеншілікке негізделген бірыңғай идеологияны құруға ұмтылады. Бұл елдегі бірлік пен қоғамдық келісімнің бірлігі мен тұтастығының сақталуын талап ететін күрделі міндет. Оның үстіне мемлекеттің қазіргі геосаяси жағдайы азаматтық бірегейлік пен патриотизмді нығайту мәселелерін өзектілендіреді.

Осыған байланысты елдің дамуының қазіргі кезеңінде қазақстандық бірегейлікті азаматтық қағидатында қалыптастыру және нығайту бойынша белсенді іс-әрекеттер қолға алынуда. Қазақстан Республикасында барлық негізгі бағдарламалық құжаттарында алдағы онжылдықтарда қоғамдық сананы трансформациялаудың өзекті идеясы дәйекті және табанды түрде жүргізіліп жатыр, яғни ХХІ ғасырдағы дамудың қажетті шарты ретінде қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және әлемнің дамыған отыз елдің қатарына кіру [1]. Осы ауқымды міндетті іске асыру үшін 2025 жылға дейінгі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар жұмысының басты қағидаттарын, негізгі құндылықтары мен магистральдық бағыттарын белгілейтін қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамыту Тұжырымдамасы қабылданып, табысты жүзеге асырылуда [2]. Қазақстанның мемлекеттік идеологиясы барлық азаматтар бірігетін қазақстандық ұлт қалыптастыру мақсатын көздейді. Ұлттық бірегейліктің жаңа тұжырымдамасы этникалық шығу тегіне емес, мемлекетке деген азаматтық сезімге басты көңіл бөледі.

2017 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарияланып, оның негізінде бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, іске асырылуда. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – «мықты және жауапты Біртұтас ұлтқа айналу үшін қоғамдық сананы өзгерту» [3]. Бірінші кезекте, «Рухани жаңғыруды» жүзеге асыру жастарға бағытталған, себебі аға буынның қалыптасқан көзқарастарынан гөрі, жастардың санасын қалыптастыру немесе өзгерту оңай. Сондықтан, Қазақстанда 2019 жыл «Жастар жылы» деп жариялануы да кездейсоқ емес. Өйткені жастар кез келген қоғамның инновациялық әлеуеті болып табылады, сондықтан оның азаматтық бірегейлігі мен патриотизмін қалыптастыру қазіргі мемлекеттің басым міндеттерінің бірі болып табылады [4].

Кеңес Одағының ыдырауынан кейінгі уақытта қазақстандықтардың бір буыны дүниеге келді. Бүгінгі күннің жастары өзге әлеуметтік-саяси формацияда өскен ата-аналарынан айтарлықтай ерекшеленеді. Ол уақыттан бері орта өзгерді, өмірлік бағдар, көзқарастар мен құндылықтар да өзгерді. Көп жағдайларда бұрын сонды идеал деп саналған жағдайдардан бас тарту орын алды. Қазақстанның қазіргі 25-29 жастағы жастары өздерінің саналы өмірлерінде социализм мен оның барлық атрибуттарын көрген емес, ал олардың өсуі интернет дәуіріне тура келді. Идеологияның жоқтығы туралы, мораль деңгейінің төмендігі, ойланбаған іс-әрекеттер, кейде жастардың мәдени талғамының жалаңдығы мен олардың жалқаулығы туралы аға ұрпақ жиі айтады. Алайда «әке мен бала» қақтығысы әрдайым болған және де ұрпақтар арасындағы қарама-қайшылық жаңа құбылыс болып табылмайды.

Сонымен қатар, жаңалықты қабылдай білу және жоғары деңгейдегі ұтқырлық сияқты жастарға тән қасиеттер еліміздің әлеуметтік-экономикалық және рухани жаңғыруының көзі болуы шарт. Алайда, осы буынның өкілдері де әр түрлі қақтығыстардың қозғаушы күші болуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда криминалға,

нашақорлыққа және басқа да девиацияларға ұшырайды. Осыған байланысты азаматтық бірегейлік туралы негізгі идеологиялардың және ұғымдардың мазмұны мен тұрақтылығын, оның этникалық бірегейлікпен үйлесімділігін немесе үйлеспеуін зерделеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қала береді. Сондықтан, біздің көзқарасымыз бойынша, стереотиптердің орнына жаңа буын өкілдерінің өзіне, қоғамға, мемлекетке қатысты ұстанымдарын, олардың еліміздегі ағымдағы проблемаларды түсінуін және болашаққа ұмтылысын объективті көзқараста зерттеу өте маңызды. Кешегі балалардың қалайша өмір сүретінін түсіну тек ересектер үшін ғана емес, мемлекеттік органдар, түрлі қоғамдық институттар үшін де, сонымен қатар жастардың өздері үшін де өте маңызды.

Жастарға, олардың ересек өмірге қадам басу ерекшелігіне ғылыми қызығушылық бұрыннан пайда болды. Жаңа ұрпақ мәселесі әлеуметтану, психология, мәдениеттану, саясаттану, педагогика және басқа да ғылымдар призмасы арқылы қарастырылады. Көбіне жастар, жас ерекшеліктері мен ерекше құндылық бағдарлары бойынша біріктірілген топ ретінде қарастырады.

Қазақстандағы ұлтты құрудың белсенді процестерін күшейтуде ғылыми қауымдастық әлеуметтік бірегейлікті қалыптастыру механизмдерінің, соның ішінде ең алдымен мемлекеттік-азаматтық мәселелері жеткілікті зерттелмеген проблемаларға тап болды. Соңғы онжылдықта елімізде қазақстандық жастар арасында этно-діни ықпалының артуы байқалды. Қазақстандық қоғамда осы тенденциялар ұлттық және мәдени бірегейлігін жоғалту қаупіне айналуы мүмкін деген пікірлер пайда болды. Бұл жерде келешекте білім беру мен тәрбиелеу саласындағы проблемаларды шешу, өскелең ұрпақты маргиналдандыру мен радикалданудың алдын алу ерекше маңызға ие болады. Сонымен қатар, этникалық бірегейліктің күшеюі жалпыұлттық мемлекеттік-азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайту жолында кедергі тудыруы мүмкін.

Алайда, халықаралық тәжірибені зерделеу, қазіргі әлемде азаматтық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамыту саласындағы бірыңғай стандарттар жоқ екенін көрсетеді. Сонымен қатар, жаһандану дәуірінде маңызды проблемалардың бірі этникалық өзіндік ерекшелікті (ана тілін, мәдениетін, дінін және т.б.) сақтау болып табылады. Ал Қазақстан сияқты полиэтникалық және поликонфессиялы мемлекеттер үшін ел азаматтары (әртүрлі этникалық топқа жатса да, қандай діни және идеялық көзқарастарға ие болса да, т.б.) өздерін осы қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуі, елде болып жатқан оқиғаларға өздерінің қатыстылығын сезінуі және белсенді азаматтық позицияға ие болуы үлкен маңызға ие.

Азаматтық бірегейлікті зерттеумен айналысатын заманауи зерттеушілер бұны жеке тұлғаның әлеуметтік бірегейлігінің құрамдас, ажырамас бөлігі деп санайды (оның басқа түрлерімен қатар, мысалы, этникалық және саяси) және өзіне тән ерекшеліктерді бөліп көрсетуге әрекет етеді. Алайда азаматтық бірегейліктің мәнін талдау мәселесі әр түрлі авторлар қолданатын терминдердің әртүрлілігімен қиындатылады: азаматтық, жалпыазаматтық, мемлекеттік, ұлттық бірегейлік. «Ұлттық бірегейлік» ұғымы, басқаларға қарағанда, «ұлт» және «ұлттылық» ұғымдарын талдау санаты ретінде де, практика санаты ретінде де түсінумен күрделенеді.

Қазақстанда «... этникалық бірлестіктердің өкілдері бұрынғыша ұлт пен ұлттылықты ұқсастыра отырып, қазақстандық ұлттың этномәдени айырмашылықтарының біртіндеп жойылуы, нәтижесінде этностардың мүлдем жоғалып кетуі мүмкін деп қорқыныштарын көрсетеді. Ұлт пен этносты дұрыс теңдестірмеу негізінде міндетті түрде «немесе» баламасы қолданылады. Немесе қазақстандық ұлт, немесе қазақ ұлты. Сондықтан да олар Қазақстанда ұлттың атауына соншалықты үлкен мән береді» [5].

Осы тұрғыдан алғанда, «қазақстандық бірегейлік» сөз тіркесін ұлт құру процесінде қолдану, біздің ойымызша дәлірек әрі түсінікті болып көрінеді. Сонымен қатар, бірқатар еңбектерде мемлекеттік және азаматтық бірегейлікті ажырату қажеттілігі айтылған, ал бұл айырмашылықтың өлшемдері географиялық (аумақтық) аспект және жеке тұлға мен мемлекет арасындағы тұрақты саяси және құқықтық қатынастар ретінде азаматтықты

заман талабына сай түсіну болып табылады. Ресейлік ғалым В.А.Тишковтың пікірінше, мемлекеттік бірегейлік азаматтық сана-сезімге қарағанда оңай және жылдам қалыптасады [6, 117 б.].

Ғылыми әдебиеттерде азаматтық және мемлекеттік бірегейлік түсініктері арасында қарама-қайшылықтар бар. Сонымен бірге, біздің ойымызша, субъект өзінің тек географиялық немесе аумақтық тиістілігінен ғана емес, бұл азаматтық және мемлекеттік бірегейлікпен де байланысты, өйткені бұл құрылымды құндылықтар, нормалар, адамның әлеуметтік мәртебесі, құқықтары мен міндеттері және осы қауымдастыққа жататын басқа белгілері туралы көріністерден тұратын күрделі кешенді танымдық-құндылық болып табылады. Сондықтан да азаматтық бірегейлікті қандай да бір мемлекет азаматтарының қоғамдастығына саяси-құқықтық қажеттілігі жеке адамның ұғынуының нәтижесі болатын және құндылыққа бағдарланған қоғамдық қызметте көрінетін интегративті сапа ретінде анықтауға болады.

Азаматтық және азаматтық бірегейлік ұғымдары саяси теория мен саяси психологияның маңызды бөлігі. Бірқатар американдық зерттеушілердің пікірінше, азаматтық бірегейліктің әртүрлі мәндері бар және оның тұжырымдамасы субъективті, этикалық және саяси аспектілер арқылы жақсы түсініледі. Жаһандану мен иммиграцияға қатысты заманауи пікірталастарды түсінуде олар азаматтық бірегейлікті азаматтық конструкт ретінде қарастырады [7].

Сонымен қатар, азаматтық тәрбие мен білім беру мәселелері көптеген зерттеушілердің назарында болса да, жастардың, оның ішінде студенттердің азаматтық бірегейлік түсініктерін қалыптасу мәселелері іс жүзінде әзірленбеген. Сондықтан да қазіргі білімнің міндеттерінің бірі – білімгердің азаматтық қоғаммен, оның нормаларымен және құндылықтарымен өзін байланыстыра білуін қалыптастыру. Бұл жастарға өздерін өз мемлекетінің толыққанды азаматы ретінде сезінуге, өзінің белгілі бір азаматтық қауымдастыққа тиістілігін сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге кез-келген қоғамның ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы кейде ұзақ тарихи уақытты алатын күрделі процесс екенін ұмытпау керек. Осы тұрғыда білім беру мен тәрбиелеу әртүрлі көзқарастары мен пайымдаулары басқа мәдениеттерге тиесілі адамдармен «бірге өмір сүруді», осы мәдениеттермен оның ұстанушылары арасында әділ ымыраға келуге үйретеді.

Алайда, білімгерлердің азаматтық қауымдастық туралы, бірегейлік туралы, жомарттық пен ақылдылық туралы, толеранттылық және т.б. туралы түсініктерін қалыптастырып, сонымен қатар өздерін сол қоғамда ұстай білуге және басқа адамдармен ынтымақтастықта болуды, студенттердің іс жүзінде қажетті нәтижелерді қамтамасыз ететін білім мен тәрбие әдістерін тіпті ең тәжірибелі педагогтар да жетік меңгермеген. Сондықтан жастардың жеке тұлғалық білім беру нысаны ретінде азаматтық бірегейлік санасын қалыптастыру және нығайту жоғарыда көрсетілген қайшылықтарды шешудің нақты тәсілдерінің бірі болып табылады. Азаматтық оқыту бойынша жуырда жүргізілген зерттеулер білімгерлердің азаматтық бірегейлігі – мемлекетке қатысты кім болып табылатыны – олардың өмірлік тәжірибесімен анықталатынын көрсетеді. Дегенмен, азаматтық оқытуды қоғамдық ғылымдар бойынша оқу бағдарламасына интеграциялаудағы әрекеттер, әдетте бұл ұғымға негізделмейді. Бұл идеяны тексеру үшін орта мектепке арналған АҚШ тарихы курсы әзірленді. Бұл жобада оқытушылар мен зерттеушілер тобы АҚШ тарихы мемлекеттік курсының тиімді азаматтық білім мен американдық мектеп оқушыларының азаматтық тұлғасын қалыптастыру мүмкіндігіне қалай айналдыруға болатындығын қарастырды [8].

Осыған байланысты, азаматтық бірегейлік бірнеше функцияларды атқаратынын атап өткен жөн, оның ішінде адамды нақты бір ортамен біріктіретін «біз» сезімін қалыптастырудағы интегративтік функция; әлеуметтік маңызы бар және әлеуметтік бағаланатын қызмет түрлерінде тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі белсендендіру функциясы; адамға өзгермелі жағдайларда қорқыныш пен үрейленуді

жеңуге мүмкіндік беретін, сол арқылы тұлғаның сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, топқа жататын индивидтің үлестік қажеттілігі іске асырылатын қорғау функциясы [9].

Зерттеу мәселесі бойынша жұмыстарды талдау ғылымда тұлғаның азаматтық бірегейлігінің мәні мен құрылымын түсінуге қатысты бірнеше негізгі бағыттар қалыптасқанын көрсетті. Азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үш аспектіге негізделген: эмоционалды-құндылық, когнитивтік және іс-әрекет-мінез-құлық. Дереккөздердің кең спектрін талдау негізінде жеке тұлғаның белгілі бір мемлекетке, оның әлеуметтік-құқықтық жүйесі мен мәдениетіне, өзін белгілі бір дүниетанымды, адамгершілік қағидаттарды, ойлау және мінез-құлықты өздігінен теңестіруге өзінің жеке басының негізгі әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық сапасы ретінде азаматтық бірегейлік ұғымы айқындалған.

Осылайша, құқықтық, демократиялық мемлекеттің азаматтарын, Қазақстан Республикасының патриоттарын тәрбиелеу қажеттілігі, өскелең ұрпақтың бойында азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, үлкен және кіші Отанға, мәдениетке, көршілес адамдардың дәстүріне құрметпен қарау, тұрақтылықтың, азаматтық қоғамның әлеуметтік-саяси тепе-теңдігін сақтаудың маңызды факторы.

Жастар – бұл белгілі бір өзгерістерді енгізіп, қоғамдық сананың жай-күйін болжауға мүмкіндік беретін буын. Жастардың азаматтық бірегейлігінің нақты тенденцияларын зерделеу маңызды, өйткені ол бірегейлік болмысындағы тенденцияларды бағалауда және келешекте болашақ ұрпақтың өзіндік сана-сезімін қалыптастыруда септігін тигізетін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Стратегия «Қазақстан-2050» // http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
2. Концепция укрепления и развития казахстанской идентичности и единства. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года № 147 // <https://assembly.kz/ru/ank/ofitsialnye-dokumenty/ob-utverzhdanii-kontseptsii-ukrepleniya-i-razvitiya-kazakhstanskoy-identichnosti-i-edinstva/>
3. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
4. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V «О государственной молодежной политике» (с изменениями по состоянию на 06.05.2019 г.). Опубликовано: «Қазақстанская правда» от 11 февраля 2015 г. № 27 (27903); Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2015 год, февраль, № 3 (2676), ст.12.
5. Мустафаев Н. Найти себя: иерархия идентичностей в Казахстане // <http://www.dialog.kz/?lan=ru&id=81&pub=1872>
6. Тишков В.А. Российский народ. История и смысл национального самосознания. – М.: Наука, 2013. – 650 с.
7. Handbook of Identity Theory and Research. Schwartz S.J., Luyckx, K., Vignoles, V. L. (Eds.). Springer. doi: 10.1007/978-1-4419-7988-9_25.
8. Rubin B. C. Youth Civic Identity Development in the U.S. History Course // *Social Education*. – May-Jun, 2010. – V.74. – №3. – pp.144-147.
9. Hart D., Richardson C., Wilkenfeld B. Civic Identity // Handbook of Identity Theory and Research. Schwartz S.J., Luyckx, K., Vignoles, V. L. (Eds.). Springer. doi: 10.1007/978-1-4419-7988-9_25. - p. 771.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ МОЛОДЕЖИ

Байғабатова Н.К., Ашимова Д.И., Турсынбаев О.Г.

В данной статье проанализированы некоторые теоретические и методологические подходы современной науки по проблемам формирования гражданской идентичности молодежи. Рассмотрены основные дискурсы государственно-гражданской идентичности для выявления основных идеологем, формирующих в настоящее время гражданскую идентичность молодежи. Выявлено, что формирование у подрастающего поколения гражданской идентичности является важным фактором стабильности, поддержания социального и политического равновесия гражданского общества.

Ключевые слова: *гражданская идентичность, молодежь, общественное сознание, казахстанская идентичность, гражданское общество.*

SOME PROBLEMS OF FORMATION OF CIVIL IDENTITY OF YOUTH

Baygabatova N., Ashimova D., Tursynbaev O.

This article analyzes some theoretical and methodological approaches of modern science on the problems of the formation of the civic identity of youth. The main discourses of state-civic identity are considered to identify the main ideologies that currently form the civic identity of youth. It was revealed that the formation of a younger generation of civic identity is an important factor in stability, maintaining the social and political balance of civil society.

Key words: *civic identity, youth, public consciousness, Kazakhstani identity, civil society.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 11.09.2019ж.

ӘОЖ 94 (574)

ҚАЗАҚСТАНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫ)

Буланов Е.О., Асқар С.

Аталған мақалада кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдардағы Қазақстанда халыққа білім беру жүйесінің құрылуы мен дамуы қарастырылады. Сондай-ақ, аталған іс-шарамен қатар жүргізілген жаппай сауатсыздықты жоюды жүзеге асыру, араб әліпбиінен латын графикасына өту мәселелері ғылыми тұрғыда талданады.

Кілт сөздер: *Халық азарту комиссариаты (ХАҚ), медресе, араб әліпбиі, латын әліпбиі.*

Кеңестік режимнің ерекше жетістіктерінің бірі – халыққа білім беру жүйесін дамыту және жаппай сауатсыздықты жоюды жүзеге асыруы болды. 1918 жылы-ақ «Бірыңғай еңбек мектебі туралы Декларация» және «Бірыңғай еңбек мектебі туралы Ереже» қабылданып, оларда кеңестік білім беру жүйесінің негізгі принциптері болып табылатын – тегін оқу, ұлдар мен қыздарды бірге оқыту, діни пәндерді білім беру саласынан алып тастау, жазалаудың барлық түріне тыйым салу, мектептің өзін-өзі басқаруы жарияланды. Барлық мектептер екі сатыға бөлінді: біріншісі, 8-13 жас аралығындағы балалар үшін, ал екіншісі, 13-17 жас аралығындағы балалар үшін. Медресе, мектептер мен орыс-қазақ мектептерін

кенестік мектептерге қайта құру бойынша белсенді жұмыс басталды.

1920-30 жылдарда білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – бұл ересектер арасында сауатсыздықты жою болды. 1921 жылы Қазақстан үкіметі сауатсыздықты жою бойынша Орталық төтенше комиссия (Центральная Черезвычайная комиссия – Казграмчек) құрды. Ол ересек тұрғындарға әліпшелік сауат беретін бөлімшелерді ұйымдастыру жұмысын басқарды.

1921 жылдан - 1927 жыл аралығында бұл бөлімшелерде 200 мың адам оқытылды, ал 1929 жылы – 150 мың, 1930 жылы 500 мыңға жуық адам білім алды.

Атап көрсетілген жылдары мектептерде әдістемелік тұрғыда қамту жұмысы бойынша үлкен жұмыстар атқарылды. 1921 жылы Семейде А.Байтұрсынұлы және М.Дулатұлының «Есеп құралы», «Оқу құралы» және «Тіл құралы» жарық көрді. Мемлекеттік басылым (Госиздат) жанынан жаңа оқу құралдарын жазу үшін редакциялық алқа құрылды. Оның жұмысына Ә.Бөкейханов («География»), М.Жұмабаев («Қазақстан тарихы»), «Педагогика»), Ж.Аймауытов («Дидактика»), Б.Омаров («Алгебра») және т.б. қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдері тартылды. 1927-1928 жылдары қазақ мектептері үшін жалпы тиражы 575 мың данадан астам 30-ға жуық оқулық басылып шықты [1, 151 б.].

Қандай да елді немесе халықтың болашағы жарқын болуы үшін оның ең бірінші болып мәдениетінің өзегі – халыққа білім беру ісі. Сондықтан, қазақ зиялылары жас ұрпаққа білім беру, тәбиелеу, сол арқылы қазақ халқының болашағын айқындау мәселесіне көп көңіл бөлді. Сол тұрғыда, Қазақстанда мектепте білім беру жалпыға бірдей еңбек, политехникалық білім беру негізінде дамыды. Мектептер ана тілінде, ақысыз-пұлсыз ер балалар мен қыз балалар бірге оқитын болып ұйымдастырылды.

Жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуының бірінші кезеңіндегі сан алуан мектеп түрлері болды. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақтар тұрмысы жағдайында, яғни халықтың әр жерде орналасуына байланысты коммуна-мектептердің атқарған рөлі зор еді. Мектептерді нығайтуға, оларды оқу-тәрбие жұмысын жолға қоюға қазақтың аты шыққан зиялылары алдыңғы қатарлы мұғалімдер С.Қабаев, ағайынды Ахмет және Әбіғали Балғынбаевтар, С.Мендешев, А.Құдайбергенов т.б. зор еңбек сіңірді. Олар республика көлеміндегі басшы жұмыстарда бола жүріп, мектептерде сабақ берумен де айналысты. Олар еңбек еткен орыс-қазақ мектептерінің саны көп болмаса да қазақ жерінде мәдениет пен оқу-ағарту ісінің дамуына тигізген ықпалы күшті болды [2, 246 б.].

1920-шы жылдардың басынан мұғалімдер дайындайтын қысқа мерзімді курстар ашылды. Мәселен, 1923 жылы осындай курстарда 147 қазақ мұғалімі дайындалды. Негізінен әрбір губернияда мұғалімдердің облыстық курсына 100 және одан астам адам қызмет етті.

Сауатсыздықты жоюға байланысты өлкеде 1924 жылдың ақпанында «Сауатсыздық жойылсын» қоғамы құрылды. Ол қазақтардың сауатын ашуға шақырып, бұл жұмысты ұйымдастыру ісін насихаттауды қолға алды. Қоғамның губерниялар мен уездер бөлімшелері: болыстар, селолар, деревнялар мен ауылдарда, кәсіпорындар мен мекемелерде ұяшықтары (ячейка) болды.

Қазақстандағы білім беру ісі Мәскеудің жіті бақылауымен, әр алуан жұдырықтың қақпайлауымен жүрді. Оқу бағдарламалары мен оқулықтар ұлттық негізден ажыратылып, бірізділіктендіру, қазақ тілінің қадір-қасиетінің кетіп, қолдану аясының тарылуы өріс алды. Білім беру ісінің деформацияға ұшырауына әкелген себептер сан алуан. Солардың ішіндегі ең негізгісінің жіктеп алсақ, бірінші кезекте мектепке сарқынды қаржы бөлу принципін ауызға алуымыз керек. Мысалы Қазақстан халқына білім беру ісіне жұмсалатын шығын жөніне басқа кеңестік республикалардың бәрінен төменгі орында болды. Халыққа білім беру ісінде 1927 жылы жан басына шаққанда Қазақстанда жұмсалатын қаржы небәрі 1 сом 35 тиын болды.

Қазақстанда ағарту ісін дамытудағы көптеген проблемалардың арасында қыздарға

білім беру мәселесі алғашқы орындардың бірін иеленді. Оны шешуге республиканың әйелдер бөлімі қызметкерлері өздерінің барлық күш-жігерін, білімін жұмсады. Кейбір отбасылар қыздарды оқытуды қажет деп ойламады. Рас, ауыл мектептерінің жұмысы нашар болғандықтан, оған деген талпыныс та жоғары болмады. Көптеген ата-аналар біріктіріп оқытуға қарсы болып, жеке қыздар мектебін ашуды талап етті. Сондықтан, Өлкеком, Халық ағарту комиссариаты (ХАК) ауылдар мен қышпақтарда қыздар үшін уақытша жеке мектептер ашуды қажет деп бағалады. Қазақстанның бір қатар қалаларында – Оралда, Шымкентте, Қарқаралыда, Павлодарда және басқа жерлерде қазақтың жасөспірім қыздары үшін әрбір мектепте 30 оқушыны оқытатан мектептер ашылды. 1927-28-ші оқу жылында қазақ ұл балалары оқушылардың 89 пайызын құраса, ал қазақ қыздары мұнда 11 пайыз ғана үлес алды.

1920 жылы 1-қазанда Ташкент қаласында Қазақ Халық Ағарту институты өмірге келді. Бұл – қазақтың ресми түрде ашылған тұңғыш жоғары оқу ордасы болатын. Институт 1917 жылдан жұмыс істейтін қазақ педагогикалық училищесінің негізінде бой көтерді. Қазақ Халық Ағарту институтының бес жылдық негізгі курстан басқа тәжірибе мектебі, балалар бақшасы, 1 жылдық дайындық курсы, сондай-ақ, жанында интернаты да болды. Бұл оқу орнының ашылуына мұрындық болып, аяғынан тік тұрып кетуіне өлшеусіз еңбек сіңірген М.Тынышбаев және Х.Досмұхамедов болатын. Ол жылдары елдің жағдайы ауыр болғаны белгілі. Объективті себептерге байланысты қолға алынған шаралардың орындалуы қиынға соғатын. Мәселен, институт қаржы жоқтығынан, отын-су, киім-кешек, азық-түлік тапшылығынан, оқытушылар жетіспеуінен 1-қарашадан бастап қана жұмыс істей бастады. Институт үшін М.Тынышбаев ел арасынан қаржылай көмек ұйымдастырады. Ол математика, физика, химия, түркі-моңғол тарихы, әдебиет пәндерінен дәріс оқып, әрі физика кабинетінің меңгерушісі болады. Ал, Х.Досмұхамедов жаратылыстану, гигиена, анатомия, физиология пәндерін жүргізіп, сонымен бірге институттың дәрігері қызметін атқарады. Бұлармен бірге институтта сөз өнерінің хас шебері Ж.Аймауытов пен М.Жұмабаев та ұстаздық етті.

1920 жылы 21-тамызда Ташкент қаласында өткен Халық Ағарту Комиссариатының мәжілісінде, өлкенің рухани мәдениетін өркендету мақсатымен Білім Комиссиясы құрылды. Комиссия қызметі 1921 жылы қазан айында төрағалыққа Х.Досмұхамедов тағайындалғаннан кейін өрлей бастайды. М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Н.Төреқұлов және басқа да зиялылар Білім комиссиясының жұмысына белсене ат салысады. Мәселен, М.Тынышбаев Х.Досмұхамедовтың ерекше ынтызарлығы, көп күш жұмсалуды арқасында шыққан «Сана» атты ғылыми-көпшілік, әдеби-көркем, тарихи-этнографиялық, қоғамдық-саяси, яғни «...аңсаған елге, алақтаған мұғалімдерге, жасөспірім шәкірттерге» көмек бола алатын журналға автор ретінде өзіндік үлес қосады. Журналдың алғашқы саны 1923 жылы жарық көрген еді. Онда «Сананың» бағдарламасы жарияланады. Оны педагогикалық құрал ретінде де және ғылыми жунал ретінде де сипаттауға болатындығы осы бағдарламасынан көрінеді. Мәселен журнал, «1) математика (арифмерика, алгебра, геометрия, тригонометрия); 2) астрономия; 3) жаратылыстану тарихы (зоология, ботаника, геология, минерология, топырақтану); 4) гигиена және медицина; 5) ветеринария; 6) мәдениет тарихы; 7) қырғыздардың (қазақтар) және түркі-моңғолдардың тарихы; 8) география; 9) отантану (Қазақстан, Түркістан); 10) статистика; 11) халық әдебиеті; 12) көркем әдебиет; 13) ғылыми әдебиеттер, оқулықтар, терминология; 14) театр, музыка, ән-күй; 15) қазақ ойын-сауықтары; 16) мектеп ісі (тарихы, бағдарламасы, жоспар жасау, т.б.); 17) педагогика; 18) баспа ісі; 19) рефераттар және рецензиялар; 20) хроника (мектеп өмірінің маңызды хабарлары, Халық Ағарту Комиссариатының, Ғылыми кеңестің, Қырғыз Білім комиссиясының, Қазақ Халық Ағарту институтының қызметі туралы жаңалықтары); 21) қырғыз тілінде және қырғыздарға (қазақтарға) қатысты басқа тілдерде шыққан кітаптардың тізімі және т.б.» көптеген мәселелер қамтылды. Міне, осындай жүгі ауыр «Сананың» бетінде қазақ зиялылары өз мақалаларын жариялап тұрды.

1922 жылы 4-желтоқсанда Ташкент қаласында қырғыз-қазақ мәдениетін өркендетуді мақсат еткен «Талап» қоғамы құрылды. Бұл қоғам осындай мақсатты көздеген Түркістан өлкесіндегі тұңғыш қоғам болатын. Қоғам мемлекеттік ғылыми-көпестің жанынан ашылды. «Талап» қоғамының қызметі ұлт мәдениетінің дамуына өз заманында зор серпіліс туғызғанымен бағаланады. Таудай талабы болған қоғам, 1925 жылы Қызылордадағы Қазақстанды зерттеу туралы өлкелік қоғамға қосылады.

1925 жылы мамырда Қазақстандағы сауатсыздық қозғалысына кең серпін берген «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының Бүкілқазақстандық бірінші съезі өтті. Әсіресе, республика үшін қажетті мамандықтар игеруді назарға алатын жаңа мектептер ашылды.

1930 жылы 27 тамызда ҚазКСР үкіметі жалпыға бірдей міндетті оқу туралы Декрет қабылдады [3, 43 б.]. Декретте республикадағы барлық балаларды жалпыға бірдей оқуға тарту міндеті қойылды. Жергілікті үкімет, жергілікті жердегі халыққа білім беру органдары осы бағытта санқырлы және сонымен бірге күрделі жұмысты жүргізді. 1930-31 оқу жылынан бастап Қазақстанда жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізілді. Әзірше тек көшпелі аудандар қамтылмай, онда жалпыға бірдей міндетті оқуды 1931 жылдың көктемінен енгізуге рұқсат етілді. Өйткені, бұл аудандар отырықшы және жартылай отырықшы болды. Осыдан келіп ХАК-ы оқу жылының көшпелі аудандардағы төмендегі құрылымы бекітті: 1) халық бір жерде ең көбі 3-4 ай отырғандықтан, бұқаралық мектептің негізгі түрі жылжымалы мектеп болды; 2) жылжымалы мектептер уақытша сипаттағы шараларды атқарды. Өйткені, көшпеліліктен отырықшылыққа көшкендіктен олар қалыпты бұқаралық еңбек политехникалық мектептерге айналды. Сондықтан, бағдарламалық қысқарту мен оқу уақытын қысқартудан жылжымалы мектептер тыйылды; 3) оларда сабақтар көшпелі халықтың шаруашылық-экономикалық мүддесіне сәйкес жыл бойы жүргізілді.

1932 жылдың екінші жартысында ҚазОАК-нің III-сессиясы ХАК-ы «Қазақстандағы мәдени құрылыстың жағдайы туралы» баяндамасын талқылады. Мәдениетті өркендетудегі қазақ халқының үлкен жетістіктері атап көрсетілді.

Жалпы білім беретін мектептерді түп тамырымен жақсарту үшін Үкіметтің 1933 жылы ақпанда: «Бастауыш және орта мектеп оқушылары үшін оқулықтар туралы», 1934 жылы мамырда: «Бастауыш және орта мектептің құрылымы туралы», 1935 жылы: «Оқу жұмысы және бастауыш, орталау және орта мектептің ішкі тәртібін ұйымдастыру туралы» және 1934 жылғы «КСРО мектептерінде азаматтық тарихын оқыту туралы» қабылданған қаулысының мәні ерекше болды. Осы қаулылармен үкіметтің жүргізген жұмыстарының нәтижесінде негізінен жалпы білім беру жүйесінің толық құрылымы аяқталды. Мектептердің жеке типтері айқындалды: бастауыш - 4 сыныптық, орталау - 7 сыныптық, орта - 10 сыныптық.

Тұңғыш қазақ орта мектебін оқушылар 1936 -1939 жылдары ғана бітіре бастады [4, 87 б.]. 1929 жылы қазақ тілінің араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшуі білім беру жүйесіне үлкен соққы берді. Жапшай сауатсыздықпен күресе отырып, үкімет қазақтарды араб шрифтіндегі кітаптарда сақталған ғасырлар бойы рухани мұрасынан айырғысы келді. Бұл мәселе қазақ зиялыларын сырт қалдырмады. Шешім қабылданғаннан бастап-ақ қызу талас тудырды. Ұлттық ерекшеліктерден мақрұм қалдырып, орыстандыру саясатын одан әрі қарай еш кедергісіз жүргізу үшін қазақ елінің қолданып келе жатқан араб әліпбиінен латын әліпбиімен ауыстыру саясаты екенін ұлт зиялылары жақсы түсінді.

Әліпби айтысы 1924-25 жылдары жандана түсті. Аталмыш кезеңде латыншалардан араб әліпбиінен қолданушылардың пікірі үстем болғаны байқалады. 1924 жылы маусымның 12-сінде Орынбор қаласында өткен қазақ білімділері съезінің күн тәртібіндегі мәселенің бірі – латын әліппесі туралы болды.

1924 жылы мамырдың 23-індегі «Еңбекші қазақ» газеті «Бұл жиылыс – еріккеннің ермегі емес, «топалаң уақытындағы той» емес, мектептерде оқу ана тілінде жүргізіліп, кітаптар жанданып, жазу машинасы шығып, мекемелерде іс қазақ тіліне ауысып жатқан

дәуірде, үлкен сапырылыс болып, пікір, жазу-сызу, өрнек, программалар, жобалар майданы ашылған дәуірде өмір тілегімен болып жатқан жиылыс», - деп өтілер жиылыстың мән-жайынан хабардар еткен. Топтың қарайтын мәселесі де алдын ала белгілі болды:

1. Қазақ емлесін бірыңғайлау;
2. Қаріп жайын қарастыру;
3. Халық әдебиетінің халін һәм оқылатын пәндерді жоспарлау;
4. Оқу һәм білім кітаптарын көбейту шарасын қарастыру.

Қазақ емлесін бір ізге түсіруге арналған мәжілісте баяндаманы Елдес Омарұлы, қосымша баяндаманы Мұхтар Мырзаұлы жасайды [5, 293 б.] .

Қазақ білімпаздары тобы қараған күрделі мәселелердің бірі әліпби турасында болатын. Әліпби жөнінде баяндаманы А.Байтұрсынов жасап, күн тәртібіне «Әліпбиді өзгерту керек» деген мәселені қоюдың дұрыс еместігін, тәжірибе барысында мүмкіндігін танытқан араб әліпбиінің ұлтымыздың мәдени-рухани өміріндегі орнын, оның жазылуындағы, таңбалануындағы, дыбысты жеткізе алудағы ерекшеліктерін айтып, араб әріпінің жеке жазылуына кейбір толықтырулар ендіріп, баспасөз жұмысын жеңілдендіру керектігін ұсынады.

Ахмет Байтұрсынұлының сөзін қолдаушылар «өлген латын қарпін қазақ қолданса тіріле қоймайды. Қарпіне қызығып, мәдениетімізден айырыламыз. Жаппай қолдануды қажет деп тапса, бірінші орыстың өзі қолдансын», - деп ұсыныстарын айтады. Сондай-ақ, - «Тұтынып отырған әліпбиді тастап, бөтен әліпбиге көшкенде, қанша сауатты адамдар сауатсызға айналмақшы, қанша мұғалімдер қайтадан хат үйренбекші, қанша баспаханалардың қаріптері жаңадан құйылмақшы, қанша қаріп тізушілер қайтадан үйренбекші, қанша қаржы шықпақшы, қанша еңбекті сарп етпекші. Ең сорақысы – халықтың ғасырлар бойы араб әрпімен жазылып, жиналған бай мәдени мұрасынан кейінгі ұрпақ «қол үзіп мақұрым қалмақшы» деп дәйекті дәлелдер келтірген болатын [1, 39 б.]. Бірақ олар құрылтайда азшылық болды. А.Байтұрсыновтан кейін қазаққа латын алфавитін алу керектігі жайында Н.Төрөкұлұлы баяндама жасап, «қазақ әдебиетіне де, мәдениетіне де, тіліне де латын алфавитінен келетін зияны жоқ, қайта ол оқып, жазуға қолайлы, білімімізді алға жылжытады» деген пікірін айтады.

Н. Төрөкұлұлы 1924 жылы шыққан «Жаңа әліппе неге керек?» деген кітабында араб әрпінің 10 түрлі кемшілігін көрсетеді:

1. Оқу жағынан көрінген міндері
2. Жазуға қолайсыздық
3. Медицина, денсаулық жағынан айып
4. Санмен қатар келгенде қолайсыздық
5. Білім кітаптарын жазғандағы қолайсыздықтар
6. Музыкада қолданып болмағандығы
7. Баспа ісінде бұл қаріптің жарамағандығы
8. Жазу машинасы мәселесі
9. Европа типография баспа ісіне кіргізетін жаңалықтарына ілесе алмауы
10. Европа тілдерін үйренуге қиындық келтіреді.

Ал С.Сәдуақасұлының өтінішіне «мақсатқа сай емес» деп съезге баруға рұқсат етпеді. Сөйтіп, құрылтай жиналысы түрік тілдес халықтардың жазуына латын әліппесін енгізу қажет деп көрсетті.

1926 жылдың 10 желтоқсанында Қызылорда қаласында Қазақ жазуын латынға көшіру туралы пікір алысу кеңесі өтті. Кеңесте негізгі баяндаманы Ә.Байділдин жасады, ғылыми тұжырымдары әлсіз, негізінен үгіт-насихат жұмыстарына арналған Ә.Байділдин сөзіне, Ахмет Байтұрсынов қосымша баяндамасын ғылыми дәлелдермен нақты жауап қайтарды: «Біз қазақтар өз тіліміздегі элементтерді баяғыда анықтадық, оларды әріптермен белгіледік, жақсы оқимыз, жақсы жазамыз. Сауат ашу барысында қазақ халқын негізінен жылдам әрі тез сауат ашуды меңгертуге мүмкін болды, бізге басқа не керек? Жоқ, бізге

таңбаны латынға ауыстыру керек, себебі арап таңбасы біздікі емес, араптікі» дейді, ал сонда латын қазақтың өз әліпшесі болғаны ма?» деп қарсы пікір білдіреді [5,174 б.].

Дегенмен, латыншаны енгізу мәселесі белең ала берді. Сөйтіп, бұл мәселеде қарсы бола тұрса да оның ендірілмей қоймайтынын білген Түркістан мемлекеттік ғылыми кеңестің жанындағы білім комиссиясының төрағасы болып жүрген көрнекті тілші, ғылымдардың бірі профессор Х.Досмұхамедов қазақ тіліне латын әліпбиін енгізу ісіне белсене кірісті. Ол комиссия мүшелерімен ақылдаса отырып, латын әліпбиін қазақ тілінің дыбыс жүйесіне лайықтап, икемдеп, қайта түзеп, оны оқу орындарына енгізуге елеулі еңбек сіңірді.

Латын әліпбиін енгізуге елеулі көмек көрсеткендердің арасында С.Нұрпейісов, С.Меңдешев, Н.Құлымбетов, кейінірек Х.Жұбанов, С.Асфандияров, Ғ.Мүсірепов т.б. болды. Жаңа әліппені енгізудің ресми қолдаушыларының бірі халық ағарту комиссары Т.Жүргенов еді.

1927 жылы 27 мамырда латын әрпін оқып үйрену жұмысын басқаратын Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесі жанынан жаңа қазақ әліпбиінің Орталық комитеті құрылды.

Ал, 1927 жылдың 19 маусымында Совнаркомның қаулысымен жаңадан жаңа әліппешілер қоғамы (ЖӘҚ) құрылды. «ЖӘҚ» төрағасы Нұрмаков Нығмет. Мүшелері – Әбділкерім Тоқтабаев, Ораз Жандосов, Әбдірахман Байділдин, Әлімхан Ермеков, Ғаббас Тоғжанов, Телжан Шонанов, мүшелікке кандидаттар – Жұмабай Орманбаев, Біләл Малдыбаев болып бекітілді. Бұл комитеттің міндеті ел ішінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, жаңа әліппенің тез тарауына жағдай жасау еді. Бұл қоғам 1928-1929 жылдардағы жұмысының есебінде: «Қазіргі «ЖӘҚ» 100 пайыз мемлекеттік болып бірден құрылмады. Үкімет ұжымдары, оның ішінде Халық ағарту комиссариаты 1928 жылға дейін араб әліпбиін қолдаушылар жағына ауыңқырап, мәдениеттің барлық саласына ықпал етіп, жаңа әліппидің толық ендірілуіне кедергі болды» деп жазылды.

Бұл жылдары халық ағарту комиссары С.Сәдуақасов болатын. 1929 жылдың 25 шілдесінде «Жаңа қазақ орфографиясын бекіту туралы» және бір қаулы жарық көрді. Соңғы қаулыда араб әріпін игерудің техникалық қиыншылығы және оның «қазақ тілінің үндестігін дұрыс бере алмайтындығы, сондай-ақ оның діни құйтырқылығы» тағы да атап көрсетілді. Жаңа қазақ орфографиясы Халық ағарту комиссариатының 1928 жылдың 2-4 маусымында өткізілген ғылыми конференцияда қабылданып, ал 20 шілдеде Орталық атқару комитеті оны бекітті [6, 93 б.].

Ғасырлар бойы қазақ халқының рухани дамуының басты негізі болып келген араб қарпіне жәнсіз «қара күйе жағу» әйгілі Алаш қозғалысына қатысушы қазақ зиялыларының табанды қарсылығын туғызды. Әсіресе, бұл науқанға Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары қарсы шықты [5,176 б.]. Бірақ Голощекин басқарған ресми үкімет мұндай пікірлерді аяусыз сынға алып, қазақ зиялыларын үздіксіз қудалады.

1929 жылы республика араб алфавитінен латын графикасына көшті. Ежелден ғылым, әдебиет, мәдениет тілі болып келген араб алфавитінен латыншаға көшу жаңа сауаттанып келе жатқан қазақ халқының мәдени даму ісіне үлкен соққы болып тиді. Араб алфавитімен шыққан бай мұралардың көбі керексіз болып, отқа өртелді.

1930 жылы 23 ақпанда Совнарком мәжілісі: «Қазақстанның 10 жылдығына, араб емлесін барлық мемлекеттік және қоғамдық өмірде түбірімен жою туралы» қаулы қабылдады.

Аталмыш қаулыны іс жүзінде орындау қызу қолға алынды. Партияның «ұлтшылдыққа», «жікшілдікке» айыптау науқаны ушығып тұрған осы кезеңде тіл мәселесі туралы партия саясатының кемшілігін ашық айтқандар, жаңа әліппеге қарсы пікір білдірушілер «тіл мәселесіндегі жергілікті ұлтшылдар» атанды. Осылайша латын әліппесіне көшу мәселесі орыстандыру саясатына жол ашты.

1924 жылы А.Байтұрсынұлы әліпбиді жетілдіргенімен түрік тіліндегі кез келген басылымдарды оқуларына мүмкіндік болды. Яғни, шетелде шығып тұрған басылымдарды

да оқу мүмкіндігі болды, ал бұл өз кезегінде саяси зиян болып есептелді. Араб әліпбиі негізінде қазақша оқи алатын жүздеген мың қазақ қайта сауатсыз болып, жаңа әліпбиді меңгеруге мәжбүр болды.

Сонымен қорыта келе, кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдарында Қазақстанда жоғарғы оқу орындары жүйесі дами бастады. 1926 жылы Ташкент жоғарғы педагогикалық институтында қазақ факультеті құрылды. Ол 1928 жылы факультет Алматыға көшіріліп, Қазақ мемлекеттік университеті болып қайта құрылды. Екі жылдан соң Қазақ педагогикалық институты болып өзгерді, ал 1935 жылы Абай Құнанбаев атын иеленді. 1929 жылы Алматыда зооветеринарлық институт, ал 1930 жылы ауыл шаруашылық институты ашылды. 1934 жылы Алматыда екі жоғарғы оқу орны ашылды – Тау-металлургиялық институты және С.Киров атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті). 1931 жылы Алматыда республикада алғашқы медициналық институт ашылды. Орал, Семей, Ақтөбе, Петропавл, Шымкент және Қостанайда педагогикалық және мұғалімдік институттар ашылды. 1930-жылдары сырттай оқу жүйесі дамытыла бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Маданов Х. Қазақ халқының арғы-бергі тарихы. – Алматы: 1998. – 336 б.
2. Құнантаева К. Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы (1917-1990 жж.). – Алматы: 1998. – 138 б.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. – Алматы: 1999. – 160 б.
4. Г.М., Храпченко В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана. – Алматы: 1998. – 168 б.
5. Қозыбаев М. История и современность. – Алма-Ата: 1991. – 252 б.
6. Абжанов Х.М., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. – Алматы: 1992. – 127 б.

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ (20-е годы XX века)

Буланов Е.О., Асқар С.

В статье рассматривается процесс становления и развития системы образования в Казахстане в первые годы советской власти. В контексте с мероприятиями по ликвидации неграмотности, с научной точки зрения анализируется проблемы перехода с арабской графики на латиницу.

Ключевые слова: *Народный комиссариат просвещения (НКП), медресе, арабский алфавит, латинский алфавит.*

FORMATION AND DEVELOPMENT OF EDUCATIONAL SYSTEM IN KAZAKHSTAN (20s of the twentieth century)

Bulanov E., Asgar S.

The article deals with the process of formation and development of the education system in Kazakhstan in early years of Soviet power. In the content of the activities for the elimination of Illiteracy, from the point of view will be analyzed problems of transition from the Arabic graphics to Latin enlightenment.

Key words: *national commissariat of enlightening (NCE), madrassa, the Arabic alphabet*

Latin alphabet.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 17.07.2019ж.

ӘОЖ 94 (574)

ТҮРКІЛЕРДІҢ РУНА ЖАЗУЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Буланов Е.О., Мажитов М.

Аталған мақалада YI-YIII ғғ. Түрік қағанаты тұсында өмірге келген түркі немесе руна жазуының пайда болуы мен қалыптасуының тарихы қарастырылады. Сондай-ақ, түркі тілдес тайпалардың тұңғыш әріптік жазуы болған руникалық алфавиттің шығу тегін анықтауға талпыныс жасалады.

Кілт сөздер: руна, иероглиф, финикиялық жазу, арамей жазуы, соғды жазуы, түрік жазу.

Оңтүстік Сібір, Алтай-Саян, Қазақстан жерлерін ежелгі түрік тайпалары мекендегені тарихтан белгі. Олар түрік тілінде сөйлеп, көне түрік жазуымен жазып, оны кеңінен қолданған. Көне түрік әліпбиі (алфавит) 38 әріптен тұрады. Түріктердің әліпбиі өздерінің ру-тайпаларының таңбалары негізінде жасалған. Сондықтан да көне руналық жазу – түріктердің төл жазуы. Бұл пікір тарихта осы күнге дейінгі түрік жазуы соғды жазуының негізінде жасалған деген пікірді жоққа шығарады. Бұл пікірімізді, тұжырымымызды қарастырып отырған осы бөлімде жан-жақты талдап, дәлелдеуге тырысамыз. Яғни, түркілердің төл жазуының пайда болуы мен қалыптасуы тарихына, қысқаша айтқанда эволюциялық даму жолына тоқталамыз.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде түркі тілдес ру-тайпалар өмір сүрген жерлерден үлкенді-кішілі 200-ден астам көне түркі тіліндегі жазба ескерткіштер табылған. Алфавиттік жазудың пайда болу тарихы, шығу тегі өте күрделі мәселе. Өйткені алфавиттік жазу – дүние жүзі мәдениетінің қол жеткен орасан зор табысы болса, бұл мәдени мұраға біздің ата-бабаларымыз да өзіндік үлес қосты, келер ұрпаққа мирас етіп қалдырды. Түрік-табғаш (қытай) арасындағы мың жылға созылған қақтығыстардың нәтижесінде түркі жұрты өздеріне жат өркениетке қарсы тұру үшін, яғни рухани тұрғыда иммунитетін күшейту немесе түркі әлемін, мәдениетін, тілін ең бастысы өз тәуелсіздігін сақтап қалу мақсатында Орхон-Енисей ескерткішін дүниеге әкелді. Нақ осы қытайларға қарсы мың жылдық күресте түркі жұртын біріктірген «Түркі елі», «Түркістан», «Тұтас Түркістан» идеясы Күлтегін, Білге, Тоныкөк бітіктастарында көрініс тауып, YII-YIII ғғ. дүниеге келді. «Түркі елі», «Түркістан», «Тұтас Түркістан» біз үшін ұғым, идея. Атап өткеніміздей оның өмірге келуі түркі тайпаларының көрші мемлекеттермен және өзара қырғи-қабақ соғыс барысында өздерінің ортақ этникалық мүдделерін бірігіп қорғау қажеттілігін ұғынуына, қоғамдық дамуда сондай деңгейге көтерілуіне байланысты болды.

Алғашқы жазу осыдан бес мың жылдай бұрын пайда болды. Оны шығарған да, алғашқы болып пайдаланғандар да Жерорта теңізінің шығыс жағын мекендеген халық – финикиялықтар. Дей тұрғанмен б.з.б. I мыңжылдықтың басында-ақ Орта Азия мен қазіргі Қазақстанның далаларындағы көшпелі ру-тайпалар сақ, үйсін, қаңлы және ғұндардың заңды мұрагері түркі тайпалары тұсында кеңінен қолданыста болған, алғашқы әріп жазуының бір тармағы руникалық көне түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен өрісінің ауыз толтырып айтарлықтай көрсеткіші.

Осы ескерткіштердің бүгінде мәлім болған аймақтары: Сібірдегі Енисей, Лена өзендерінің аңғары, Моңғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга, Орта Азия мен Қазақстандағы

Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле өзендерінің қойнауы екендігі айқындалып отыр [1, 29 б.; 24, 82-91 бб.]. Мұндағы жазу таңбаларын ғалымдар алғашқы табылған жердегі өзен аттарымен «Орхон-Енисей» немесе сыртқы нұсқалық көрініс жағынан Скандинавия халықтарының жазуына бір шама ұқсас болғандықтан, оның құпия таңбаларына балап «Руникалық» деп атап кетті.

Орхон-Енисей жазуының жұмбақ сырын шешуге ұмтылушылар түрлі-түрлі болжамдар айтқанымен, оны шешудің кілті тек 1893 жылдың аяғында белгілі болды. Бұл жаңалықты ашып, Орхон-Енисей жазуларының дыбыстық мағыналарын негізінен дұрыс анықтаған, яғни «бұл жазудың сырын ашқан Дания ғалымы В. Томсен болды» [1, 29 б.].

Вильгелм Томсен бұл жазу жөнінде өзінің қисындарымен жорамалын, атақты түркітанушы В.В. Радловқа хат арқылы жолдады. В.В. Радлов өз кезегінде бұған дейінгі зерттеулердің және замандас ғалымдардың пікірлерін ой таразысына салып, ұзақ ізденудің нәтижесінде 1894 жылы Орхон-Енисей ескерткіштерінің ішіндегі ең көлемді тарихи жырлардың бірі болып саналатын «Күлтегін» ескерткішінің мәтінінің тұңғыш аудармасын жасады және ғылыми айналымға қосты.

1889 жылы Орхон өзенінің бойынан орыс зерттеушісі Н.М. Ядринцев тапқан екі ескерткіштердің біреуі – Білге қағанға (735 жылы өлген), екіншісі оның інісі Күлтегінге (732 жылы өлген) қойылғаны мағлұм болып, мазмұны толық анықталды. Ғылым саласында ашылған бұл жаңалық – тіл білімінің тарихи-салыстырмалы бағытын белгілеп, түркітану ғылымын бір жүйеге келтіруде мықты қазық болды. Осыдан бастап түркітану ғылымының негізі қаланып, оның өріс алуында жаңа кезең басталды.

Руникалық көне түркі алфавитінің құрамында 38 әріп бар. Одан тыс төрт арнайы таңба кейбір дауыссыздардың тіркесін беру үшін пайдаланған. Жазудың бағыты оннан солға қарай оқылады [2, 41 б.], - деп жазды түркі тілінің маманы А. Аманжолов. Алайда түркі тілдес тайпалардың тұңғыш әріптік жазуы болған руникалық алфавиттің шығу тегі әлі күнге дейін шешілмеген жұмбақ күйінде қалып отыр. Осы жазудың кілтін тапқан профессор В. Томсен көне түркі алфавиті арамей (парсы-арамей және арамей-соғды) әріптік жазуының әсерінен шыққан деген жорамал ұсынды. Түркітанушы ғалымдардың біразы осы пікірге қосылды. Мәселен, зерттеуші Н. Келімбетовтың пікірі мынадай: «Өрине, түркі тілінің сан түрлі диалектінде сөйлейтін және иран тілі тобына жататын тілдерде сөйлейтін тайпалық ұлыстар бір-бірімен үздіксіз экономикалық, мәдени байланыс жасап, қатысып тұрды. Соның нәтижесінде бұл екі топтағы тілдер бір-біріне көп ықпал жасап келді. Бұған қазіргі қазақ тілінің сөздік қорындағы парсы сөздері толық дәлел, – дей келе, өз ойын одан әрі былайша жалғастырады, – Батыс түрік қағанатында түрлі диалектідегі көне түрік тілдерімен қоса-қабат соғды тілі мен жазуын да пайдаланатын болған. Өйткені, түрік қағандарының ордасында соғдылықтар да түрлі лауазымды қызметтер атқаратын еді.

Шамасы түріктер алғашта алфавит үлгісін соғдылықтардан үйренсе керек» [1, 29 б.].

Ал екінші бір ғалымдар Н. Аристов, А. Эмре, И.А. Батмановтар бұл ешбір бөгде алфавиттің ықпалынсыз-ақ өздігінен жобаланып, түркі таңбалары негізінде пайда болған төл жазу деп санайды.

Үшінші бір топқа жататын пікірді академик Ю. Клапрот айтады. Оның осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтқан пікірі - руна алфавиті көне грек жазуымен негіздес дейді.

Сонымен диплом жұмысының барысындағы ізденістерімізде түркі жазуы қай кезден бастап пайда болған деген сауалға тірелдік. Шындығында, соңғы кезге дейін айтылып келген түркі алфавитінің пайда болуы V-VI ғасырларда деген жорамал дұрыс па? Бұған, кейінгі отыз-қырық жылда табылған дерек материалдары толық жауап бере алады.

Әріптік жазудың өркендеу эволюциясы ұзақ та бұралаң бұлтарысы көп тарихи жолдан өткен, әрі тамыры тереңде жатқан мәселе екені белгілі. Өзінің даму барысында көптеген өзгерістерді басынан кешкен әрбір әріптің түпкі идеограммамен (идеограмма

лингвистикалық ұғым, мағынасы – бір ұғымды таңбалайтын, белгілейтін жазу, мысалы, цифр немесе иероглиф [3]) байланысын анықтау оңай мәселе емес. Оны анықтауға талпынған адам ертедегі әріптік жазудың эпиграфиялық (мағынасы, ежелгі заман мен орта ғасырдан қалған қалған көне жазуларды зерттейтін тарихи пән [4]) нұсқаларын ұқыпты жинастырып, полеографиясына жан-жақты зер салып, ғылымның бүгінгі қол жеткен табыстарына сүйенгені абзал. Расын айтқанда, жалпы алғашқы алфавиттің шығу тегі мәселесі, сондай-ақ көне түркі руникалық таңбаларының пайда болу жөніндегі жұмбақ күні бүгінге дейін толық шешуін таппаған.

Кезінде атақты орыс ғалымы Н.А. Аристов руникалық таңбаларды көне түркі ру-тайпаларының таңбаларымен байланыстырған болжамды пікірлер ұсынған еді. Алайда бұл болжамның әлсіздігі әріптік таңбамен рулық белгінің сыртқы бейнелік көрінісіне қарай ұқсатуында еді. Көне әріптің дыбыстық мағынасы мен ру таңбасының (идеограмманың) айтылуындағы алшақтықты ғалым ескермей кеткен болатын.

Көне түркі жазуы ғылымда V ғасырда пайда болды деген пікір кең тарағаны белгілі. Алайда бұл пікірлердің, жорамалдардың дұрыс емес екенін кейінгі кезеңде табылған археологиялық жетістіктер дәлелдейді.

1969-70 жылдары Алматыдан 50 шақырым жерде орналасқан Есік қорғанынан «Алтын адам» табылғаны баршаға мәлім. Бұнда жерленген сақ ханзадасының б.з.д. V-VI ғасырларға жататыны дәлелденіп, онымен бірге көптеген бұйымдар табылды. Солардың ішінде күмістен жасалған тостаған болып, оның сыртқы жақ бүйіріне руна алфавиті тәріздес 26 таңбадан тұратын жазу екі жолға жазылған [5, 43-44 бб.]. Күміс тостағандағы осы таңбалар, түркі халықтарының тарихын зерттеуші Керейхан Аманжоловтың пайымдауынша: «Жерорта теңізі төңірегіндегі көне алфавиттік таңбаларға, әсіресе көне грек пен арамей әріптеріне үйлеседі» [6]. Бұл жазуды көне түркі тілінде оңнан солға қарай оқыған белгілі түріктанушы, филолог Алтай Аманжолов былайша таратып көрсетеді: «Аға, саңа очук! Без, чок! Букун ічре азуқ!..., – бұл былай қазақшалаңады, – Аға, саған (бұл) ошак! Бөтен (жат ел адамы), тізенді бүк! Халықтың қарыны тоқ (болғай)» [7].

Бұл жазудың аса бір құндылығы – ертедегі Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың (сақ тайпаларының) тілі көне түркі тілі болағандығын тағы да нақты дәлелдей түсетін тәрізді. Себебі, сақ тайпаларының бұрын қай тілде сөйлегені туралы ғылымда екі түрлі көзқарас болған тұғын. Оның біріншісі, сақтар үнді-иран тілінде сөйлеген десе, ал екінші көзқарастағылар көне түркі тілінде сөйлеген дейді. Сонымен Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазу, енді олардың (сақтардың) тілі көне түркі тілі болғандығы туралы нақты дерек болып табылады.

Екіншіден, Қазақстан жеріндегі алғашқы көшпенділерде жазу-сызу болмады-мыс деген дәстүрлі пікірдің негізсіз екенін айқындап, одан 2,500 жыл бұрын түркі тілдес тайпалар алфавиттік жазуды білгендігін және оны кең түрде б.з.б. V-VI ғасырлардың өзінде-ақ пайдаланғандығын куәландырады. Түркі руникалық жазуын арғы ата-бабаларымыздың 1500 жыл бойы (б.з.д. I мыңжылдықтың ортасынан б.з. I мыңжылдығы) қолданған төл жазуы екендігі ешқандай күмән туғызбайды.

Сонымен қорыта айтқанда, сақтар көне заманда өз тіліне сәйкес келетін жазуды шығару үшін арамей әліппесінің қаріптерін пайдаланған. Бұл жерде «Арамейлер» – дегеніміз кімдер және «арамей жазуы» қандай жазу деген мәселенің бетін ашып алсақ артық болмайды. Арамей – біздің заманымыздан бұрынғы XII ғасырда Аравия түбегін мекендеген көшпелі Семит тайпаларының бірі, олар осы жазуды пайдаланған. Сақ тайпалары осы арамей әліппесінің қаріптерімен қатар түркі тілдес халықтарға тайпалық таңбаларды енгізгені анықталады.

Ал арамей алфавитінің өзі ертедегі алғашқы жазудың отаны болған финикия алфавитіне барып тіреліп, нақ осы жазуға негізделіп жасалған.

Мәселені, яғни Орхон-Енисей жазуларының түп тамыры һәм пайда болуын анықтау барысында мынадай фактілерге де жүгіну керек. Орхон және Енисей өзендерінің

аңғарынан табылған руна жазуларын оқудың бірінші болып кілтін тапқан дат ғалымы В. Томсен, мәтіндегі 38 таңбаның 23-і арамей алфавитінде кездесетінін айта келіп, түркі тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне қарай, оның кейбір әріптері басқа таңбалармен толықтырылғанын ескертті.

Белгілі түріктанушы С.Г. Кляшторный Орхон алфавиті Орта Азияға арамей жазуын қолданған иран тілдес көршілерінен түріктерге ауысуы ықтимал дей келе, түркі жазулары көне соғды жұртының ежелгі алфавиті негізінде пайда болған деген пікірді қуаттайды [8]. Бұл пікірдің дұрыстығы мынадан көрінеді. Ерте орта ғасырдағы түркі халықтары өздерінің төл жазуымен бірге, соғды жазуын да пайдалана білген. Соғды жазуы мен соғды тілі аксүйектер арасында түсінікті болған. Мұны соғды көпесі Маниахтың Византияға барған елшілігінен (568 ж.) он бес жыл кейін қойылған Махантегін құлпытасынан көруге болады. Ол Бұғыты (Моңғолия) аңғарынан табылған. Онда Түркі қағандығының алғашқы отыз жылғы халі соғды жазуымен соғды тілінде баяндалған. Ал, соғды жазуының өз тілдеріне икемделген түрін түріктер «ұйғыр жазуы» деп атаған. Өйткені, ертедегі ұйғыр қағандары соғды алфавитін кеңінен пайдаланған. Соғды жазуы ұйғыр тайпаларына будда дінін қабылдауға байланысты ертерек тараған. Түркеш хандарының соқтырған теңгелерінде соғды әрпімен «түркеш қаған бай баға, жұрты он тамға» деген сөздердің жазылуының өзі, түркілер арасында соғды жазуы кең тарағанын, зор болғандығын дәлелдейді.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері табылған уақыты түркі тілдерінің даму тарихындағы «Көне түркі» дәуіріне (Ү-Х ғғ.) сай келеді. Шығыс Түркі қағанаты құрамында өмір сүрген тайпалар осы жазу тілінде сөйлеген. Сондықтан көне түркі тайпалары жайлаған Орхон, Енисей, Селенгі, Талас бойынан көне түркі жазба ескерткіштерінің көптеп табылуы заңды құбылыс.

Сонымен Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазулардың түп-тамырының қайдан бастау алатындығы және оның эволюциялық даму жолдарын былайша көрсетуге болады: финикиялықтардың жазуы (б.з.б. III мыңжылдық) – арамей жазуы (б.з.б. ХҮ ғасырдан бастап) – сақ дәуіріндегі көне түркі жазуы (б.з.б. Ү-ІҮ ғасырлардан бастап) – соғды жазуы (б.з. II-III ғасырларынан бастап) – ұйғыр жазуы (б.з. Ү-ҮІІ ғасырлардан) – Орхон-Енисей жазбалары немесе руна жазуы (ҮІІ-Х ғасырларда). Нақ осы соңғы кезеңде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының қол астына қарауына байланысты Орхон жазуы қазіргі түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ әдеби тілмен жазылған болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 34 б.
2. Аманжолов А. Түрік филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 1996. – 238 б.
3. Орысша-қазақша сөздік. Редакциясын басқарған профессор Ғ.Ғ. Мұсабаев. – Алматы, 1978. – 1-том. – 286 б.
4. Орысша-қазақша сөздік. Редакциясын басқарған профессор Ғ.Ғ. Мұсабаев. – Алматы, 1981. – 2-том. – 548 б.
5. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 77 б.
6. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. Екінші басылымы. 1-кітап. – Алматы: Білім, 2002. – 27 б.
7. Аманжолов А. Көне түркі руникалық жазу ескерткіштері // Қазақ тарихы. – 1993. – №1. – 21 б.
8. Кляшторный С.Г. Согдийцы в Центральной Азии по руническому надписям // Эпиграфия Востока. – М., 1964. – 17 б.

ИСТОРИЯ ПОЯВЛЕНИЯ И СТАНОВЛЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ РУНИЧЕСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ

Буланов Е.О., Мажитов М.

В статье рассматривается история появления и становления древнетюркской или рунической письменности в период Тюркского каганата в VI-VIII вв. В работе также предпринята попытка определить истоки появления рунического алфавита как первого вида письменности тюркоязычных племен.

Ключевые слова: руна, иероглифы, финикийское письмо, арамейское письмо, согдийское письмо, тюркское письмо.

THE HISTORY OF THE APPEARANCE AND FORMATION OF THE ANCIENT TURKIC RUNIC WRITING

Bulanov E., Mazhitov M.

The article deals with the history of the appearance and formation of the ancient Turkic or runic writing during the Turkic Khanate in the VI-VIII centuries. In the scientific work also attempts to determine the origins of the runic alphabet as the first type of writing Turkic tribes.

Key words: rune, hieroglyphs, Phoenician letter, Aramaic letter, Sogdian letter, Turkic letter.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 26.08.2019ж.

УДК 9.93.930.1

СЕДЕНТАРИЗАЦИЯ ПО-СТАЛИНСКИ

Искакова Г.М., Умираленов Б.Б.

В статье раскрываются разрушительные последствия политики советского государства по насильственному оседанию казахов в ходе коллективизации. Показана природная и хозяйственная обусловленность скотоводческого хозяйства в разных его формах на территории Казахстана. Раскрыты масштабы голода в казахской степи как результат проведения насильственной коллективизации.

Ключевые слова: коллективизация, кочевое и полукочевое хозяйство, аридная территория, оседание, седентаризация, голод.

Введение

Сталинская силовая политика перевода кочевого и полукочевого на оседлые формы хозяйства и быта привела к разрушению в системе жизнеобеспечения казахского этноса. Процесс оседания, массовая коллективизация аула тесно увязывалась со сменой хозяйственно-культурных типов деятельности. Путь прогресса казахского крестьянства ассоциируется с переводом скотоводческого хозяйства в земледельческое или стационарно-животное. И это воспринималось административной системой как абсолютная аксиома. Истоки такой истины заключались в подходе к кочевой культуре и хозяйству как к нечто архаично-отсталому и аномальному, и не вписывающееся в представление системы о цивилизации и культуре. Поэтому целью статьи является проведение анализа целей, методов и последствий политики оседания казахского народа.

Основная часть

Коллективизация и оседание казахского населения рассматривались Советской властью как бинарный процесс, поэтому 1929 год прошел как первый год оседания. В связи с переводом казахского населения на оседлость, процесс землеустройства был сведен к организации в увязке с формами колхозов. Таким образом, землеустройство этого периода можно рассматривать как политическое средство для осуществления перевода казахского населения – кочевого и полукочевого – на основе сплошной коллективизации на оседлость. В свою очередь, оседание рассматривалось как средство достижения рационального использования территории и возможного выявления земельных фондов для совхозного строительства и для целей переселения. При этом не учитывались факторы, вызвавшие его существование, являвшееся более рациональным и эффективным типом хозяйства, органически вписывавшееся в аридную среду. Кочевое скотоводческое хозяйство было ориентировано на удовлетворение социальных потребностей. Это самобытная форма животноводства, явившая миру уникальный опыт освоения гигантских аридных территорий. В недрах данной системы хозяйства сформировалась собственная цивилизация с развитыми культурными традициями.

В течение тысячелетий кочевники выработали четкие принципы организации производства, научились гибко реагировать на природные условия, обладали глубокими познаниями в области поведения животных. Весь этот опыт передавался из поколения в поколение, обогащаясь и совершенствуясь в каждом из них. И этот момент служил одним из источников динамизма скотоводческой культуры.

Об обусловленности развития скотоводческого хозяйства на территории Казахстана хорошо раскрыто исследователем Абылхожиным Ж.Б., который отмечает, что «лишь посредством данной системы хозяйства удавалось интегрироваться в аридную экосистему и тем самым обеспечивать более или менее приемлемое функционирование экономики выживания» [1,117].

Однако, эта экологическая рациональность не учитывалась административной системой, так как вступала в противоречие с экономической целесообразностью. Земледелие, выступавшее основной альтернативой пастбищно-кочевому скотоводству, воспринималось как экономически более рациональная система производства. И это имело основания, земледельческий труд отличался высокой продуктивностью, доказанный на протяжении веков. Принимая это во внимание, система не допускала какие бы возможные исключения из правил.

Но природно-климатические условия и уровень развития производительных сил в Казахстане препятствовал земледельческой культуре как неадекватной. О низкой продуктивности земледелия в природных условиях Казахстана свидетельствует многолетняя динамика урожайности зерновых. Так, за 38 лет дореволюционной статистики (1880-1917 гг.) средняя урожайность в Северном Казахстане составляла лишь 5,3 ц/га. В двадцатых годах средняя урожайность зерновых оставалась примерно на том же уровне: 1922 г. - 5,2 ц/га, 1928-1932 гг. - 5,8 ц/га, 1925 -1934 гг. - 6,7 ц/га. Даже в исключительно благоприятном 1934 г., когда в республике был выращен один из высоких урожаев, средний показатель так и не смог достигнуть десяти центнеровой отметки [1,119].

При этом надо учесть, что эти данные составлялись по показателям, полученные по районам, издавна занимающиеся земледелием. Данные массивы представляли собой самые лучшие, то есть наиболее пахотно пригодные земли, в свое время тщательно отобранные квалифицированными специалистами из переселенческого управления. Поэтому земледелие оставалось быть экстенсивным на всем протяжении советского периода.

Ошибки и просчёты коллективизации были обусловлены не только деформацией социально-экологической системы «общество - природа», но и другими причинами. Известный экономист А.В. Чаянов отмечал, что развитием трудового хозяйства движет идея оптимума. Для успешного своего функционирования крестьянское хозяйство исходило,

прежде всего, из задачи обеспечения таких оптимальных режимов, при которых не происходило подрыва физических сил работников, т.е. хозяина и его семьи. Эта установка и распространилась на размеры хозяйства, которые всегда соответствовали возможностям трудовой семьи [2,32].

Коллективизация же в плане организации производства исходила из принципа «чем крупнее, тем лучше». Этот стереотип надолго укрепился в умах советских чиновников в ходе «социальной реконструкции» сельского хозяйства. Поэтому коллективизация вылилась в гипертрофированные формы гигантомании. Казахстан, объединивший несколько сот хозяйств с большими посевными площадями, стали повсеместными реалиями.

Что касается зерновых совхозов, то по сравнению с ними даже колхозы -гиганты выглядели «пигмеями», им отводились площади в размерах от 50 до 100 тысяч гектар. К весне 1931 г. в Казахстане насчитывалось 19 зерновых совхозов с земельным фондом в 2109 тысяч гектаров. Колхозы и совхозы не справлялись со сроками вспашки, сева или уборки. Сил не хватало проводить работы одновременно на всех полях, поэтому вводилась поочередность. Потери от растягивания сроков были печальными для хозяйств-гигантов. Как показывают расчёты, только из-за увеличения длительных уборочных работ теряется до 10-15% урожая. А сюда надо добавить ещё и потери, вследствие слишком раннего или, наоборот, позднего сева, запаздывания со вспашкой, боронованием и т.д. Уменьшить эти огромные потери можно лишь путем наращивания парка механизации. Но в тот период об этом не могло быть и речи, так как это привело бы к росту себестоимости сельскохозяйственной продукции, к тому же низкий уровень научно-технического прогресса не позволял этого сделать. Об этом свидетельствует статистическая отчётность. В 1930 г. МТС (машинно – тракторные станции) могли охватить своим обслуживанием лишь 1% созданных колхозов, в 1931 г. - 13,3%, в 1932 г. - 20,7%, в 1933 г. - 25,8%, в 1934 г. - 32,2%. В 1933 г. в совхозах, колхозах, МТС и МСТС работала всего 381 грузовая машина, а в 1935 г. - 2072. В том же году на полях совхозов и колхозов Казахстана было задействовано около 1500 комбайнов. Если соотнести это количество с посевной площадью, то получается, что на один комбайн приходилось более 3 тысяч га [1,123]. Естественно, при такой обеспеченности техникой разрыв в сроках проведения земледельческих работ оказывался очень значительным. В 1933 г., например, в оптимальные сроки было засеяно лишь 18,4% всех посевов республики, в допустимые сроки - 25,9% и в поздние - 55,7% [1,129]. Отсюда ясно, что перевод кочевников на земледелие в зоне «рискованного производства» в таких масштабах в экономических целях оказывался весьма сомнительным.

В рассматриваемый период существовали определенные общественные силы, которые представляли альтернативное понимание проблемы оседания кочевников и распространения в Казахстане земледелия. Они доказывали, что в Казахстане, где выпадает 250-300 мм осадков, переход к земледелию с тем уровнем производственных сил нерентабельно, а потому главной отраслью здесь должно оставаться скотоводство, и в отдельных районах, где уровень выпадения осадков составляет менее 250 мм именно кочевая форма хозяйства. Но сторонниками такого зрения государство развернуло индивидуальную борьбу. Против видных ученых-экономистов: Чайнова А.В., Кондратьева Н.Д., Челинцева А.И. было сфабриковано дело об их причастности к так называемый «Трудовой крестьянской партии», объявив «агентами империализма» (на конференции аграрников – марксистов в декабре 1929 г.)

Что явилось основной причиной, предопределившей курс на массовое оседание кочевого и полукочевого хозяйств? В 20-30 гг. встала проблема обеспечения зерном и хлебом миллионов рабочих и служащих, занятых в промышленности. Да и сама индустриализация проводилась за счёт сельского хозяйства, а точнее продажи зерна за рубеж. Низкие цены на мировом рынке привели к росту вывоза зерна. Если в 1920г. вывоз зерна составил 0,1 млн. тонн, то в 1929 г. - 1,3 млн. тонн, в 1930г. - 4,8 млн., а в 1931г. - 5,2 млн. тонн [3, 81].

Возникла проблема, откуда взять требуемые фонды. Это было возможно по мере

полного обобществления средств производства, массового объединения крестьянских хозяйств, за счёт расширения посевных площадей. Поэтому производство зерна приветствовалось даже в тех регионах, где это было не оправданным. Главное получить зерно любой ценой.

У сталинского руководства возрастает интерес к необъятным казахским просторам. С трибуны XVI съезда ВКП (б) союз нарком земледелия Я.А. Яковлев рапортовал: «По расчётам в Казахстане от 50 до 55 млн. га можно считать годными для посева, из которых 30 млн. га расположены в северных округах... Если из этих 30 млн. га, годных для посева, до 30% занято под пшеницу, то мы к концу пятилетки в одном только Казахстане получим дополнительные 8-10 млн. га под пшеницей при среднем урожае 6-7 центнера с гектара» [4,584].

Но эти земли были заняты кочевьями под пастбища. Государство столкнулось с препятствием в виде традиционного скотоводческого комплекса. Развязка конфликта выдвинулась в формировании и в массовом переводе кочевого и полукочевого на оседлые формы хозяйства и быта. Посредством этого предполагалось высвободить новые земли под зерновые посевы, а во-вторых, обеспечить их субъектами хозяйствования в лице вчерашних скотоводов.

О том, что решение проблемы мыслилось именно в таком направлении, говорят официальные источники того времени. Так, председатель Совнаркома КазССР в своем докладе о пятилетнем плане развития народного хозяйства республики прямо дал понять, что «один из моментов, обуславливающих большой рост посевных площадей и продукция растениеводства республики, - это оседание казахского населения» [1,135]. На VII съезде Советов Казахстана в апреле 1929 г. в докладе Наркома земледелия республики говорилось: «Казахстан по своим естественноисторическим условиям имеет громаднейшие возможности для развития зернового хозяйства... Каким конкретно путем мы можем достигнуть расширения посевной площади? Конкретно мы сейчас ставим такие задачи. Первая задача по расширению посевной площади, на которую мы сейчас должны обратить самое центральное наше внимание, - это вопрос об оседании казахского населения. Сейчас мы переходим к землеустройству большого масштаба, поэтому берем такую установку, что раз земля годна для земледелия, то на всей территории каждое хозяйство должно быть земледельческим, казахские хозяйства также должны заниматься земледелием» [5, 109].

В действиях сталинского руководства прослеживалась тенденция преемственности с политикой царской колониальной администрации. В период колонизации царская администрация не раз указывала, что «кочевой быт должен быть уничтожен, и все кочевники должны быть выдвинутыми в определённые границы земледельческих владений» [6, 408]. Таким образом, правомерно предположить, идея форсированного развертывания кампаний по массовому оседанию кочевников и полукочевников была движима больше интересами командно-административной системы. Проводя оседание кочевников и их коллективизацию, государство добивалось главной своей цели - тотальное обобществление производства и ликвидация частной собственности. С проведением этой политики Система устанавливала жесткую зависимость личности от государственной власти.

Это обернулось тяжёлыми последствиями. Голод, демократическая катастрофа, откочевка населения, многомиллионные сокращения поголовья скота, отбросившем животноводческую отрасль Казахстана на целые десятилетия назад, деградация сельского хозяйства в целом. В этом уже проглядывается несостоятельность аргументов, выдвигаемых в защиту и оправдание «великого перелома» в ауле.

Форсированными темпами протекала коллективизация в животноводческих районах. На таких темпах сказывалась позиция, принятая местным партийным руководством. Она получила свое оформление в словах И.Курамысова, второго секретаря Казрайкома: «Вполне возможно, что коллективизация животноводческих хозяйств несколько сложнее, труднее, чем коллективизация зерновых хозяйств. Это ни в коей мере не означает, что мы в этом

отношении помирились на меньшем темпе коллективизации, нежели это предусмотрено в отношении зернового хозяйства». Потому коллективизация в животноводческих хозяйствах осуществлялась в таких же темпах, как и в зерновых.

В августе 1931г. перед скотоводческими районами прямо ставилась задача: «выйти на линию более высоких темпов коллективизации». При этом строго вменялось основной формой колхозного движения в ауле считать животноводческую сельскохозяйственную артель. И это требование на местах было выполнено более чем оперативно: в 60 кочевых и полукочевых районах республики из 2771 ТОЗов осталось всего 3/2, остальные были переведены на устав сельскохозяйственной артели [1,189]. При этом в артелях процесс обобществления проводился широкими масштабами. Об этом говорилось в решениях пленумов Казкрайкома: «В животных и животноводческо-земледельческих районах основное внимание должно быть направлено на полное обобществление в сельскохозяйственных артелях всего товарно-продуктивного скота». В результате такой кампании к февралю 1932г. в Казахстане 87% хозяйств колхозников и 51,8% единоличников полностью лишились скота [1,189]. Этот скот собирался на колхозно-товарных фермах. Собранный в огромнейших концентрациях и не имевший возможностей прокормиться, скот попросту погибал. Потери были большими. Если в 1928г. в республике – 6509 тысяч голов крупнорогатого скота, то в 1932г. – 965 тысяч. Еще более ужасающая картина представляла по овцеводству: из 18566 тысяч овец в 1932г. осталось 1386 тысяч. Верблюдоводство практически перестало существовать как отрасль животноводства [7,130].

Кризисное положение сельского хозяйства заставило задуматься сталинское руководство. 17 сентября 1932г. выходит Постановление Политбюро ЦК ВКП (б) «О сельском хозяйстве и, в частности, животноводстве Казахстана», где давалась установка на «выпрямление перегибов». Но, к сожалению, в постановлении вновь содержались задачи на дальнейшее разрушение скотоводческого хозяйства. Основная масса хозяйств вновь оказалось лишенного скота. Примером тому могут служить данные по Южному Казахстану. Так, на первую половину 1934г. в Тюлькубаском районе 99,8% колхозов и 93,4% единоличников были без коров, в Чаыновском районе на 100 хозяйств колхозников приходилось лишь 36 голов крупного рогатого скота, 28 лошадей, 163 овцы [1,196]. Так коллективизация окончательно разрушила производительные силы аула.

Вместо обещанного изобилия страна получила голод. На народ обрушилась страшная трагедия. Вот некоторые примеры. Из акта обследования санитарного состояния питательного пункта и общежития голодных кочевников на станции Чу (21марта 1932г.) «произвели» обследование санитарного состояния питательного пункта и общежития откочевников в бараке №75..., причем нашли следствие: барак... в возмутительном антисанитарном состоянии: помещение переполнено истощенными, из них многие еле-еле двигаются. В помещении сыро, грязь, вонь, люди лежат на полу (около 100 человек) голодные, в углу при входе лежит труп. Территория барака загрязнена: всюду валяются кости, человеческие отбросы, и в восточной стороне лежит 9 трупов. Восточное расположение барака..., в яме лежит 5 трупов, не засыпанных землей, с обрезанными мышцами на нижних конечностях и кисти рук, что свидетельствует о людоедстве».

Из докладной записки прокурора СССР: «О состоянии казахов-откочевников на территории КиргАССР в период с ноября на территории Киргизии относится к сентябрю 1932г. К январю город Фрунзе был окружен плотным кольцом казахский юрт. Общая численность их около 1000. Среднее число жителей каждой юрты – 8. Частичная регистрация смертности приводит к следующим цифрам: с января по март в больницу принято 123 трупа, с таянием снегов в феврале и марте было обнаружено большое количество трупов в самом городе и на его окраинах... О состоянии смертности в регионах точных данных мы не имеем, за исключением, массового обнаружения трупов казахов в Таласском районе, когда казахское население в течение зимы 1932-1933гг. пыталось пройти через горы... и вследствие истощения и голода на высоких горных перевалах умерло, в нескольких

ушелях Таласского района... ежедневно подбирались в январе, феврале и марте по 5-7 трупов. Население, истощенное до последней степени, питавшееся травой, отбросами помойных ям, падалью, молотыми костями, подобранными на улицах, не обошли и случаи людоедства... В городе Токмаке на питательном пункте были обнаружены два трупа девочек 5 и 6 лет, из которых одна была уже сварена в пищу в котле, а другая – приготовлена для употребления в пищу» [1,199].

Из докладной записки Комитета по оседанию при СНК КазССР в Казкрайкоме ВКП (б) о положении Жанааркинского района Карагандинской области (23 июля 1933г.): «В связи с откочевками население просто бросило своих детей с расчетом, что их детей все-таки подберут. Вот таких детей, в конце октября было собрано райцентре 350 человек... К нашему приезду осталось только 50, 300 умерли от голода... В конце ноября – начале декабря, когда голодное население повалило на производство Караганды... все трактовые поселки и аулы Нурина, Акмолинского районов на протяжении 300 верст были заняты голодными жанааркинцами, где они, не получая продовольственной помощи, умирали, поднимая этих мертвецов, по дороге их ставили в снег в позе с вытянутой на восток правой рукой, в позе оратора, стоящего перед тысячной толпой... на этой вытянутой руке мертвеца мы находили небольшой клочок бумаги с надписью «результат коллективизации» [1, 201].

Выводы

Таким образом, имеются все основания полагать, что политика оседания была лишена объективных предпосылок: естественно-природных и материально-технологических. Тем не менее, было бы неверным отрицать, какие бы то ни было возможности оседания. В своем историческом развитии кочевничество постепенно исчерпывает свой потенциал и просто отмирает, так как оно не способно адаптироваться к условиям индустриального и урбанизированного общества. Следовательно, силовые методы перевода на оседлость отнюдь не представляли собой единственно разумную альтернативу. Трансформация кочевого хозяйства могла произойти естественным путём без многочисленных жертв и негативных последствий.

Анализ основных положений государственно-партийной концепции проблемы землеустройства казахского населения показал, что в целом эта проблема, начиная с 1925 года, рассматривалась не как сложный процесс, который обуславливался целой совокупностью условий природно-климатического и экономического плана, а как административное воздействие государственной власти на земельные отношения коренного населения окраин.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век [Текст] - Алматы: Университет «Туран», 1997. – 360 с. – ISBN 5-766-74636-9
2. Чаянов А.В. Крестьянское хозяйство. Избранные труды. – М.: Экономика, 1989. – 492 с. – (Экономическое наследие). – ISBN 5-282-00835-1
3. Гордон Л.А., Клонов Э.В. «Что это было!». – М.: Политиздат, 1989. – 319 с.
4. XVI съезд ВКП(б). Стенографический отчет (1930 г.) – Москва: Партиздат ЦК ВКП(б), 1935. – 719 с.
5. VII Всеказахстанский съезд Советов, 8-15 апреля 1929 г. Стенографический отчет и постановления. – А-А, 1930г. – 254с.
6. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. – Алма-Ата, 1979г., – Т.3, – 548с.
7. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк). – «Дәуір», Алматы, 1993г.– 416 с. – ISBN 5-86228-054-5

СТАЛИНДІК ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ СЯСАТЫ

Искакова Г.М., Умираленов Б.Б.

Мақалада ұжымдастыру кезінде кеңес өкіметінің қазақтарды күштеп отырықшыландыру саясатының зардаптысалдары ашып көрсетіледі. Қазақстан аумағында малшаруашылығының табиғи және шаруашылық тұрғыда әр түрлі формада болғандығы айқындалған. Күштеп ұжымдастыру саясатының жүргізілуі қазақ даласында жаппай ашаршылыққа алып келгендігі жан-жақты ашылған.

Кілт сөздер: *ұжымдастыру, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық құрған территория, отырақшыландыру, отырықтандыру, аштық.*

STALIN'S SEDENTARIZATION

Iskakova G., Umiralinov B.

The article reveals the devastating consequences of the policy of the Soviet state to forcibly settle the Kazakhs during collectivization. Natural and economic conditionality of cattle-breeding economy in its various forms in the territory of Kazakhstan is shown. The extent of hunger in the Kazakh steppe as a result of forced collectivization is revealed.

Key words: *collectivization, nomadic and semi-nomadic economy, arid territory, sedimentation, sedentarization, famine.*

Материал поступил в редакцию: 20.09.2019г.

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЖЕТІСУДА ЕНГІЗГЕН БАСҚАРУШЫ АЙМАҚТЫҚ РЕФОРМАСЫ

Толамисов А.К., Жексенев А.Н.

Қазақстанда әкімшілік-аумақтық жүйені өзгертуге қатысты Ресей империясының заңнамасы Г.Е. Өтепова, А.М. Садықова Аңдатпа. Мақалада XVIII-XIX ғғ. Қазақстан аумағында әкімшілік-аумақтық басқару жүйесін енгізу және өзгерту мәселелері Ресей империясының заңнамалық құжаттары негізінде қарастырылады. Авторлар Қазақстанда әкімшілік-аумақтық басқару мәселелері бойынша империяның көптеген заңнамалық құжаттарын тереңірек талдау қажеттігін атап өтеді. Кілт сөздер: Заңнамалық құжаттар, Патша үкіметі, Әкімшілік-аумақтық жүйе, Генерал-губернаторлықтар, Қазақ жүздері, Қазақстан тарихы, Отарлау.

Кілт сөздер: *Заң шығару көздері, патша үкіметі, әкімшілік-аумақтық жүйе, генерал-губернатор, қазақ жүздері, Қазақстан тарихы, отарлау.*

Тақырыптың өзектілігі бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда орын алған саяси және әлеуметтік-экономикалық, сонымен бірге идеологиялық өзгерістер мен олардың тарих ғылымының дамуына ықпал етуі жағдайымен тығыз байланысты. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды зерттеуде ескі формациялық көзқарастан бас тартып, жаңа әдіснамалық тұрғыдан зерделеу қажет. Осыған байланысты Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың әр адамның тарихи үдеріс пен заңдылықтарды, халықтың өткенін әр түрлі түсініп, ұғынатынын атап өткені орынды. «Өткенімізді зерттеп-зерделеуде әмбебаптық әдіснама болуы мүмкін емес, өйткені тарихтың өзі мазмұны жағынан күрделі болып табылатындықтан, оны зерттеу жолдары да алуан түрлі болып келетіні заңды» [1, 3 б.].

Қазақстан егемендік алғаннан кейін отандық тарих ғылымының дамуында сапалық өзгерістер орын алды. Тарихты қазіргі методологиялық тәсілдеме, жанаша көзқарас тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік пайда болды. Бұл орасан зор тарихи мұраны қалпына келтіріп, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың объективті бейнесін қалыптастыруға негіз болмақ.

Қазақстанның саяси-құқықтық тарихын зерттеу халықтың өткен тарихындағы, оның этникалық қалыптасуына ыпал еткен ішкі-сыртқы факторларды анықтаумен байланысты. Бұл Қазақстанда құқықтық мемлекет құру идеясы аясында жүзеге асырылатын құқықтық реформалардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Осы орайда заңнамалық құжаттарды талдайтын деректанулық зерттеулердің маңызы зор, өйткені бұл өткен тарихи тәжірибені ескеріп, қазіргі құқықтық жағдайды айқындап, түсінуге, сонымен бірге азаматтық ұстаным негізінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын объективті тұрғыдан бағалауға, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласу арқылы дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда әкімшілік-аумақтық жүйені енгізу мен өзгертудің заңнамалық негіздері мәселесін қарастыру барысында зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдары талданады. Осыған байланысты Е. Бекмаханов патшалық үкіметтің жүзеге асырған отарлау саясатының жоспарлы түрде үш бағытта жүргізілгенін атап өтті. XVIII ғасырда отарлаудың әскери және экономикалық бағыты басым болды, өйткені бұл кезеңде Ресей Қазақстанды толықтай бағындыруға жеткілікті күшке ие болмады. Ғасырдың соңында елде хандық билікті жоюға бағытталған әрекеттер сәтсіз аяқталды.

Қазақстанның саяси тәуелсіздігін жоюды мақсат еткен әкімшілік-аумақтық шаралар XIX ғасырда жүзеге асырылды. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық басқарылу жүйесіне өзгерістер енгізуге бағытталған заңнамалық құжаттар қабылданып, елдің Ресей империясының құрамына енуіне жағдай жасады. Патша үкіметі қазақ жерлерін бір

орталыққа бағындыруға тырысты. 1744 жылы 15 наурызда қабылданған «Орынбор губерниясының құрылуы мен оның Уфа провинциясына қарасты болуы туралы» жарлығы негізінде Орынбор губерниясы құрылып, оның құрамына бодандыққа жаңа қабылданған қазақтар да кірді [2]. Жарлық бойынша жаңа құрылған Орынбор комиссиясына сәйкес губерниядағы бекіністер мен әскер, арнайы жарлықтар негізінде және басқа себептермен губернияға қоныстанып келгендер, сонымен бірге қазақ халқы губернаторға бағынышты болып саналды. Және сол жердегі шекаралық істер Орынборлық комиссиясына қарасты болды. 1781 жылы Орынбор облысы өзінің Орынбор, Жоғарғы Орал, Бузулуцкий және Сергеевский деген уездерімен Уфа губерниясына кірсе, Орал, Гурьев қалалары Астрахан губерниясына қосылды [3, 133 б.].

Қазақ халқының С. Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне себеп болған қазақ жерінде хандық билікті жою әрекеті XVIII ғасырда басталды. XVIII ғасырда қазақ даласын басқаруға қатысты реформалар баяу, сақтықпен жүзеге асырылды. Бұл тұста қазақтарды шошытпай, наразылықтарының өршуіне жол бермеу маңызды болды. Алғашқы заңнамалық құжаттарда империяның күш-қуаты мен қамқорлығы насихатталған. Далаларда қала тұрғызу ісімен байланысты шаралар барысында «жабайы халықты шошытып алмай, бетін қайтармауға тырысу» үшін «қалалардың пайдасы мен қажеттігіне сендіріп, қорғану үшін бекіністерді тұрғызу керектігін айтып, бұның барлығының өлке тыныштығы үшін жасалынып жатқанына сендіру» қажеттігі айтылды.

Қазақ даласын басқаруға қатысты шаралар XIX ғасырдың басында жалғасып, кейде шегінулер де жасалды. Мысалы, 1800 жылы қабылданған «Орта жүз сұлтандары мен халқына қысым көрсетпеу» [2] туралы патшалық биліктің құжатында Орынбор әскери губернаторына халықтың тарапынан шағымдардың түсуіне жол бермей, қол астындағыларға орыстар мен башқұрттардың тарапынан қысымшылықтың жасалмауын қадағалаудың тапсырылғаны жазылған.

Қазақтарға Орал мен Еділ өзендері арасында көшіп-қонуға рұқсат еткен 1801 жылғы 11 наурызда қабылданған «Қырғыз халқына Орал мен Еділ аралығында көшіп-қонуға және орманды жерлерде қоныстануға рұқсат беру туралы» жарлық, Ішкі орданың құрылуына негіз болды [4, 9 б.]. Патшалық Ресей Батыс Қазақстанда өз ықпалын күшейтуге тырысты. Жарлықта: «...Нұралы ханның ұлы Бөкейді шын көңілмен қабылдап, қалауларына қарай жерге көшіп-қонуға рұқсат беріп, ризалығымның белгісі ретінде мойнына тағуға менің суретім бар алтын алқаны белгілеймін», – деп жазылған [4, 9 б.]. Ішкі орданың халқы алғашқы кезде Астрахан генерал-губернаторлығына бағынып, тек 1808 жылы «Дала қырғыздарының Оралдың ішкі жағына өтуі және Бөкей сұлтанның Кіші орда қырғыз-қайсақтарының Орынбор шекаралық комиссияға бағынуы туралы» жарлығына сәйкес аумақты басқару Орынбор шекаралық комиссияға берілді [4, 34-37 б.].

Қазақ жерінде жаңа басқару жүйесін енгізуге негіз болған ірі реформалардың бірі XIX ғасырдың 20-шы жылдары жүзеге асырылды. Реформаның негізін жасаушы М. Сперанский 1819 жылы Сібір генерал-губернаторы болып тағайындалды. Оның бұл қызметке тағайындалуы туралы мәліметті патшаның М. Сперанскийге жолдаған хатынан табамыз. Хатта: «...Біраз уақыттан бері маған Сібір өлкесін басқаруға қатысты жағымсыз хабарлар жетіп жатыр. Сондықтан да мен сізге генерал-губернатор шенін беруді жөн көрдім. Сібір губерниясы бойынша жағдайды анықтап, осыған дейін басқару жайы туралы білуіңізді тапсырамын. Осы өлкеде тиімді басқару мен құрылымды ойластырып, қағаз бетіне түсіріп, маған Петербургке алып келсеңіз», – делінген [5, 146 б.].

М. Сперанский Сібірде атқарған жұмысы барысында 3000-нан аса баптан тұратын заң жобасын құрастырған. М. Сперанскийдің реформалар жобасын қарастыру үшін арнайы Сібір комитеті құрылып, М. Сперанский ұсынған заң жобасы 1822 жылы бекітілген. Бұған дейінгі «Сібір губерниясының Батыс және Шығыс екі негізгі басқармаға бөлінуі туралы» жарлыққа сәйкес Сібір губерниясы Батыс және Шығысқа бөлініп келді. Батыс бөлігінің орталығы Тобыл, ал Шығыс бөлігінің орталығы Иркутск болды [4, 48 б.].

Атқарылған іс-шаралар нәтижесінде патшалық Ресей бодандығындағы Орта жүз қазақтары Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының құрамына енгізілді. Сөйтіп 1822 жылы қабылданған «Сібір қырғыздары туралы жарғы» жаңа әкімшілік-аумақтық басқаруды енгізіп, өлкеде хандық биліктің жойылуының бастамасы болды. Жарғының кіріспе бөлімінде оның негізгі мазмұны төмендегідей анықталды: «Қырғыздар туралы аталмыш жарғыда, біріншіден, оларды басқару жөніндегі міндеттер; екіншіден, қырғыздарды басқа бұратана халықтан ажыратуға арналған ерекше қаулылар; үшіншіден, аталған жарғыны жүзеге асыру тәртібі» [4, 52 б.].

Жарлыққа сәйкес сібір қазақтарының аумағы Омбы облысына қарасты болып, басқару жағынан генерал-губернаторға бағынды. Қазақтардың дәстүрлі әкімшілік-аумақтық басқару жүйесінің орнына жаңа жүйе енгізілді. Сібір қазақтарының облысы ішкі және сыртқы аймақтарға – округтерге бөлінді. Біріншісі Ресей империясының аумағында орналасса, екіншісі – империя аумағынан тыс жерде орналасқан. Округтер болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Жаңа әкімшілік-аумақтық басқару жүйесіне сәйкес округ 10-20 болыстардан, болыс – 10-12 ауылдан, ал ауыл – 50-70 киіз үйден құралды. Барлық аумақтық бөліністер шекарамен белгіленіп, биліктің рұқсатынсын шекарадан асуға рұқсат етілмеді. Басқару реті төмендегідей анықталды: «Ауылды старшин, болысты аға сұлтан басқарады. Ауыл мен болыстарда сот үкімдерін шығаруда қырғыздар үшін беделді саналатын билердің рөлі сақталады. Аға сұлтан болысқа таңдалып сайланады. Әр губернияда губерниялық приказ тағайындалады» [4, 53 б.].

Негізінде аға сұлтандардың билігі ресми сипатта болды. Губерниялық ішкі күзет казактарға жүктелді. Бұл елде әскери-полициялық тәртіпті орнатудың бастамасы болды. Жүйе, сайланбалы болғандықтан, демократиялық сипатта көрінгенімен, шын мәнінде, сайлау нәтижелері жоғары биліктің бақылауында болды. Сонымен бірге жарғыда «қырғыз-қайсақтарды болыстардың қол астына қарау мен қажетті тәртіптерді сақтау пайдалы іс екеніне сендіру қажет» делінген. Енгізілген өзгерістерге қазақтардың тарапынан наразылықтарды болдырмау үшін патша үкіметі жарлықты қабылдаған қазақтарды бес жылға дейін салық төлеуден босатты: «Әр аймаққа жаңа тәртіпті енгізген күннен бастап бес жылға жеңілдік беріледі», – делінген [4, 57 б.]. Сөйтіп, 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қазақтардың дәстүрлі басқару құрылымын жойып қана қоймай, әлеуметтік-саяси және шаруашылық өмірдің барлық салаларын қамтып, қазақ қоғамының ішіндегі қайшылықтарды одан әрі тереңдетті» [5, 304 б.].

Кіші жүзде де хандық билікті жоюға бағытталған жаңа басқару жүйесінің жобасын орынборлық губернатор П.К. Эссен дайындап жасады. 1824 жылы 31 қаңтарда Азия комитетінің «Орынбор даласын басқаруға қатысты өзгерістер туралы» құжат Кіші жүзді басқару мәселесіне қатысты болды [4, 67-70 б.]. Жаңа басқару жүйесіне сәйкес Кіші жүздің аумағы батыс, орта, шығыс және ішкі болып төрт бөлікке бөлінді. Оларды сұлтандар билеп, жалпы басқару шекаралық комиссияның құзырында болды. Шекара комиссиясының құрамына төраға, төрт кеңесші және қазақтардан төрт кеңес мүшесі енді. Шекара комиссиясының міндеттері төмендегідей болды: далалық аймақта тәртіпті сақтау; жергілікті шенеуніктердің іс-әрекетін бақылау; салық жинау; сот істері және тағы басқалары. Әр бөлікте басқарудың үш деңгейлі жүйесі болуы тиіс еді: ауылдарды басқару; ауылдардан құралған ұлыстарды басқару; ұлыстардан құралған орда бөлігін басқару. Ауылды старшин, ал ұлыстарды жеке билеушілер басқарды. Орда бөлігін аға-сұлтандар және сайланған ханмен басқарылды. Барлық шендер, сөз жүзінде ғана, сайланбалы түрде болды, шын мәнінде, сайлау ресми сипат алды. Билеуші сұлтандардың қарамағына офицер басқарған казак отряды берілді. Отряд сұлтанды қорғап, сонымен бірге оның қызметін бақылау үшін берілді.

Аталған заңнамалық құжат мазмұны жағынан толыққанды пісіп-жетілмеген еді, себебі көптеген тұстары жалпылама сипатта болды. Дегенмен, ол Кіші жүз аумағын басқарудың жаңа жүйесін орнатуға негіз болды. Осыған байланысты ресми деректерде:

«Шамасы, Орал маңы қазақтарының XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдағы саяси және шаруашылық дағдарысы мен халықтық стихиялық қозғалыстардың белсенділігі жетілдірілмеген ережелердің Орталық үкімет тарапынан заңнамалық тұрғыда бекітілуімен түсіндіріледі. Бұл құбылыстар Ресейдің аймақтағы саяси бағытының тұрақсыздануына әкелді», – деп атап көрсетілді [2, 33 б.].

1822-24 жж. реформалар заңнамалық түрде қазақ жүздерін ресей әкімшілік-аумақтық, сот және басқа да басқару жүйелерінің енгізілуіне негіз болды. Осы кезден бастап патшалық шексіз биліктің отаршыл саясаты Қазақстанда толықтай заңды негізде жүргізіле бастады. Жаңа басқару жүйесі қазақ өлкесінде ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын түбегейлі өзгертті. Өлке аумағында жағдайды жеңілдету үшін жарғыда тұрғындарды бөлудің дәстүрлі ұстанымы аймақтарды құру кезінде ескерілуі керектігі белгіленген. Алайда, іс жүзінде жергілікті халықтың жағдайы ескерілмеді. Патша үкіметі өлкеде жаңа басқару жүйесін енгізуді қазақ халқының әл-ауқатын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қамқорлық ретінде көрсетуге тырысты. Осы мақсатпен және жарлықтың мазмұнын ұғындыру үшін ауылдарға отрядтар жіберілді. Олардың құрамында аудармашы, молдалар, казактар мен офицерлер болды. Алайда ұғындыру жұмыстары жоспарланған нәтиже бермеген соң, патша үкіметі жүз аумағында қарулы күштерді күшейтуге тырысты. Осыған қатысты М. Красовский жазбасында: «1824 жылы далалық аймақта енгізілген тәртіпті сақтау үшін казак полктерінен күзет жіберілді. Әскери отрядтар уақытша жасақ қызметін атқарды. Олар далалық аймаққа белгіленген уақыт мерзіміне жіберіліп, кері қайтарылып отырды. Біздің шекараларымыз оңтүстікке қарай кеңейген сайын шептен әскер жіберу қаржылық тұрғыдан тиімді емес. Сонымен бірге тәртіпсіздіктердің қайталануы мүмкіндігін де ескеру қажет. Мысалы, Кенесары бастаған қозғалыстың орын алуы дала аймағында тұрақты әскер ұстау қажеттігін байқатты», – деп атап өтілген [1, 155 б.]. Орта жүз бен Ұлы жүз халқының көшпелі бір бөлігін қамтып, жаңа әкімшілік жүйе енгізу міндеті болды. Осыған байланысты түрлі әдіс-тәсілдер, оның ішінде пара беру арқылы сатып алу немесе алдау да пайдаланылды. Далалық аймақтың түпкірлерінде өзінің дербес саясатын жүргізген сұлтандар мен билер үстемдік етті. Шекара шебіне жақын оранласқан көшпелі топтардың барлығы дерлік жаңа жүйені қабылдамағандықтан бірқатар қиындықтар да туып отырды.

Батыс Сібір генерал-губернаторының мәліметіне сәйкес, Қарқаралы және Көкшетауда приказ ашу үшін экспедиция жіберілді. Қарқаралыға полковник Броневский бастауымен, ал Көкшетауға полковник Григоровский бастаған экспедициялар ұйымдастырылды. Далалық аймақтарда арнайы отрядтардың пайда болуы қазақ халқының тарапынан ашулы наразылық тудырып, ұлт-азаттық қозғалыстарға алып келді. Бірақ, қарсылықтар округтерді ашу ісінде тосқауыл болмады. Сөйтіп, 1824 жылы «Қырғыз даласында Қарқаралы сыртқы округы мен приказының ашылуы туралы» жарлық қабылданды [4, 72 б.]. Осы жылы Көкшетау ішкі округы да ашылды.

Батыс Сібір генерал-губернаторының қазақтарға арналған прокламациясында округтерді ашуға байланысты жаңа әкімшілік-құқықтық кодексті енгізудің мақсаты «халықтың жағдайын жасауға тырысып, келісімді, төзімділікті, тыныштықты және жалпы тәртіпті орнатып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен бірге бұрыннан қалыптасқан небір ырымдарды жою, өзін-өзі басқаруды тоқтату, яғни, бір сөзбен айтқанда, қырғыз-қазақтар мен өзге де ұлттар үшін береке мен бақыт орнату» ретінде анықталды [3, 114 б.].

1825 жылы Құсмұрын округы ашылды. Ал, 1831 жылдың 19 қазанында Аягөз сыртқы округтық приказының құрылуы туралы ереже қабылданды [4, 104 б.]. Жаңа округтердің ашылуы аймақтарында халық наразылығының артып, жағдайдың күрделенуіне қарамастан жоспарланған шаралар бірте-бірте жүзеге асырылды. Ұлт-азаттық қозғалыстардың өршуін болдырмау үшін патша үкіметі саясатта сақтық танытуға тырысты, кулықтарға барды. Мысалы, округтың ашылуы мен аға сұлтанды тағайындау құрметіне қазынадан бөлінген қаражат есебінен қайырымдылық тамақтандыру шаралары

ұйымдастырылып, түрлі сый-сияпаттар таратылды.

Қазақ қоғамында округтердің ашылуына қатысты көзқарас біркелкі болмады. Халықтың бір бөлігі қарсылық танытса, екінші бөлігі жаңа басқару жүйесінің енгізілуіне қолдау танытты. Елде өз ықпалы мен беделін сақтауға тырысқан кейбір сұлтандар белгілі бір жерде округ ашу туралы өтініш білдіріп жатты. Мысалы, Ақмола маңында округтық приказдарды ашу туралы өтінішті Сәмеке ханның ұрпағы К. Құдаймендин де білдірді. Үкімет аймақтың стратегиялық тұрғыдан тиімді орналасуын, сонымен қатар Құдаймендиннің жергілікті жердің белді азаматтарына ықпалының барын ескеріп, жаңа округ ашуға рұқсат берді.

Сібір комитетінің баяндамасымен танысқан император Николай I патша 1832 жылдың 9 қаңтарында Ақмола округының ашылуын бекітті. Құжатта: «Осы жылдың 9-шы қаңтарында Қырғыз даласында Ақмола деп аталатын төртінші сыртқы округты ашуға рұқсат берілді. Ол басқа округтердің алдында үлкен беделге ие болып, бодандықты қабылдаған аймақтар үшін бағынбайтын қырғыздардың жабайы шабуылдарынан қорған болады», – деп атап көрсетті [3, 142 б.].

1833 жылы 9 наурызда Баян-Ауыл және Үш-Бұлақ округтері, ал 1834 ж. Омбы облысына қарасты Аман-Қарағай сыртқы округы ашылды. Сонымен, он жарым жыл ішінде бірқатар округтер ашылған: Қарқаралы, Көкшетау (1824 ж.), Құсмұрын (1825 ж.), Аягөз (1831 ж.), Ақмола (1832 ж.), Үшбұлақ, Баянауыл (1833 ж.) және Аманқарағай (1834 ж.). XIX ғасырдың ортасына қарай Көкбек және Алатау округтерінің ашылуы жаңа әкімшілік бөлінуді аяқтады. 1838 жылы Үшбұлақ округы Ақмола және Көкшетау аймақтарына қарап, таратылды. 1859 жылы Құсмұрын округының орнында Атбасар аймағы ұйымдастырылып, Аягөз округы бірқатар аумақтық өзгерістермен Сергиополь деп өзгертілді.

Жоғарыда аталған заңнамалық құжаттар жүз аумағындағы ерекшеліктерді ескермеді. Осыған байланысты Батыс Сібір генерал-губернаторы Омбы облысын таратып, Сібір қазақтарының басқармасын құруды ұсынды. Нәтижесінде, 1838 жылы *Сібір қазақтарын шекаралық басқаруға қатысты «Сібір қырғыздарын жеке басқару туралы» ереже қабылданды* [4, 163-166 б.]. Ереженің басты мақсаты – Қазақстан аумағында жаңа басқару жүйесінің енгізілу үдерісін тездету болды. Сібір қырғыздарын басқару үшін Сібір қырғыздарының басқармасы деп аталған арнайы басқарма құрылды. Басқарма Батыс Сібір генерал-губернаторына тікелей бағынды. Шекара басқармасының құрамына генерал-майор шешін иеленген сібір қырғыздарының шекара басшысы; полковник немесе подполковник шені бар шекара басқармасының төрағасы; төрт кеңесші кірді. Кеңесшілер ішінде қырғыз ассессоры, қазына және қылмыстық істерге жауапты, кеңсе қызметкерлері болды. Шекара басшысы және шекара басқармасының төрағасын тағайындау және қызметтен босату императордың жарлығымен жүзеге асырылды.

1844 жылы 14 маусымда «Орынбор қырғыздарын басқару туралы» [3, 198-204 б.] ереженің қабылдануы аумағында Ресей патшалығының билігін нығайтуды көздеді. Ережеде оның «қабылдануы Кіші орда қырғыздарын басқаруды жақсарту мақсатында, бірақ бұрын қалыптасқан басқару тәртібінің негіздерін күрделі түрде өзгертпей, қырғыздарды меңгеруші Орынбор шекара комиссиясына шекара басқармасына қатысты істердің оңтайлы шешілуін бақылау үшін қажеттіні бөлу деп атап көрсетілді.

Құжатқа сәйкес Орынбор қазақтарын басқару Орынбор әскери губернаторы мен Орынбор шекара комиссиясына қарасты болды. Шекара комиссиясы Ресейдің мемлекеттік мекемесі қатарына жатқызылып, ол губерниялық басқару билігі мен міндеттері, қазына, мемлекеттік мүлік, азаматтық және қылмыстық сот палаталарын біріктірді. Жүз аумағындағы жергілікті халыққа ықпалды күшейту мақсатымен қамқорлық институты енгізілді.

1854 ж. «Семей облысын басқару туралы» арнайы ереже қабылданды [4, 270-280 б.]. Ережеге сәйкес Семей облысы құрылды. Оның құрамына Ертістің оң жағы, Сібір

шебінің ішкі жағында көшіп-қонып жүрген қырғыздар; Сібір қырғыздарының Көкбекті және Аягөз сыртқы округтері; Қапал станицасы және оған қарасты бекіністер мен жерлер; Семей және Өскемен қалалары, Бұқтырма және Іле сырты бекіністері кірді. Облыстың орталығы Семей қаласы болды. Семей облысын әскери губернатор басқарды. Ол облыстың сыртқы округтерінде орналасқан бар әскерге және облыстың басқармасына билік жүргізді. Екеуі де генерал-губернаторға және Батыс Сібір Бас басқармасына тікелей бағынды.

Бірте-бірте патша үкіметі Қазақстан аумағында өз билігін заңнамалық тұрғыдан нығайта түседі. 1859 ж. Кіші жүзде шекара басқармасы таратылып, басқару Шет істері министрлігінің қарауынан Ресейдің Ішкі істер министрлігіне беріледі.

Қазақ жерлерінің әкімшілік-аумақтық басқару жүйесін өзгерту патша үкіметінің Орта Азия аймағында жүзеге асырылған жалпы саясатымен байланысты болды. XIX ғасырдың ортасында Қазақстанда аумақтық өзгерістерді көздеген бірнеше заңнамалық құжат қабылданды. Олардың ішінде «Шығыс және Батыс Сібірді басқаруға қатысты кейбір өзгерістер туралы»; «Орынбор өлкесін Бас басқару әдістерін нығайту туралы»; «Сібір қырғыздары облысының Құсмұрын және Көкшетау округтерін басқаруды өзгерту туралы»; «Оралдың арғы жағындағы қырғыз даласын Орынбор қырғыздарының облысы ретінде өзгерту және басқарудың жаңа жүйесі туралы»; «Орынбор ведомствосына қарасты қырғыз даласы мен Сырдария шебінің әскери құрылымы туралы»; «Сібір ведомствосына қарасты қырғыз даласының оңтүстік-шығыс бөлігінде көшіп-қонатын Үлкен орда қырғыздары кіретін Алатау округін құрайтын Үлкен орданы Шет істері министрлігінің қарамағынан Батыс Сібір жергілікті Бас әскери «Түркістан облысын құру туралы»; «Сырдария шебін басқаруды тарату және оның орнына Түркістан облысы басқармасын құру туралы»; «Түркістан облысын басқару туралы» [2].

Орта Азия жерлері мен Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы, оңтүстік шекараларда ресейлік биліктің нығаюы бұл аумақтарға жаңа басқару жүйесін енгізу және олардың Ресейге түбегейлі қосылуын талап етті.

1867 жылғы «Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуы туралы» патша жарлығына сәйкес «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қарасты, Қытай және Орта Азия хандықтарымен шекаралас жерлердің азаматтық және әскери құрылымын өзгерту қажет деп танылып, Сырдария мен Жетісу облыстарын біріктірген Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды [4, 90 б.].

Генерал-губернатор өзіне қарасты аумақта шексіз билікке ие болды. Жалпы облысты басқару ісі әскери губернатор мен облыстық басқарма құзырында болды. Облыстық басқарма империяның орталық аудандарының губерниялық басқармасына теңелді. Облыстық басқарманы әскери губернатордың ұсынысымен әскери губернатордың көмекшісі басқарды. Облыстық басқарма үш бөлімнен тұрды: өкім шығару, шаруашылық және сот. Уездегі әкімшілік және полицейлік билік уезд бастығының қолында болды.

«Орынбор және Сібір қырғыздарын басқаруды өзгерту туралы» жарлыққа сәйкес төрт облысты құру шешілді [2, 129-131 б.]. Олар: Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары. Бұл облыстарды басқару туралы ереже 1868 ж. 21 қазанда бекітілді. Бұл реформаның негізгі мақсаттары: тұтас Қазақстан аумағын құру, әкімшілік шенеуніктердің артқан шығындарын өтеу және әскери құрылымдарды қамтамасыз ету үшін салықтарды көбейту, Қазақстан аумағында жалпыресейлік заңнаманы енгізу, өлкені отарлау үшін құқықтық негіз жасау.

1867-1868 жж. әкімшілік-аумақтық реформалардың нәтижесінде Қазақстан Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан генерал-губернаторлығына бөлінді. Әр генерал-губернаторлық екі облыстан құралып, барлығы алты облыс болды: Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу және Сырдария. Бұл аумақтарда әкімшілік бөліністің келесі негізгі жүйесі қалыптасты: генерал-губернаторлық – облыс – уезд – болыс – ауыл. Аталған құжатқа сәйкес, Түркістан генерал-губернаторлығы Әскери министрлікке, Батыс Сібір генерал-

губернаторлығы Шет істері министрлігіне тікелей бағынды.

Сонымен, «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы» және «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы» уақытша ережелер Қазақстан аумағында жаңа әкімшілік-аумақтық бөлініс жүйесін қалыптастырды. Бұл жүйе дәстүрлі басқару жүйесін түбегейлі өзгертіп, қазақ қоғамы ішінде патриархалдық-рулық бай ланыстардың ыдырауы үдерісін күшейтті, өлкені қанаудың заңнамалық негіздерін жасады.

Сонымен қатар, патша үкіметі алға қойған мақсатын орындау барысында Қазақстан облыстарын әкімшілік басқаруға қатысты тағы да бірқатар ірі өзгерістерді жүзеге асырды. Бұл келесі заңнамалық құжаттардан көрініс тапты: «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын әскери басқару туралы»; «Ақмола облысында Сары-су өзені бойында бесінші Сары-су уезін ашу туралы»; «Ішкі Қырғыз орданы басқаруды астрахан басшылығының қарауына беру туралы»; «Орынбор генерал-губернаторлығын тарату және Орал мен Торғай облыстарының ішкі істер министрлігіне бағынуы туралы»; «Ақмола және Семей облыстарында әскери басқаруды өзгерту туралы»; «Ақмола, Семей және Жетісу облыстарын басқаруға қатысты басты қадағалауды генерал-губернатордың жүзеге асыруы туралы»; «Сырдария облысының облыстық басқармасындағы өзгерістер туралы» [2].

XIX ғасырдың 80-шы жылдары бірқатар заңнамалық актілердің қабылдануы нәтижесінде қазақ өлкесін басқаруда әкімшілік-аумақтық өзгерістер жүзеге асты. 1881 ж. «Орынбор генерал-губернаторлығын тарату туралы» патша жарлығына сәйкес Орынбор генерал-губернаторлығы жойылып, Орал және Торғай облыстары тікелей Ішкі істер министрлігіне бағынды [10, 269 б.]. 1882 ж. Батыс Сібір генерал-губернаторлығы жойылып, орнына Дала генерал-губернаторлығы құрылды [3, 276 б.]. Құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары енгізілді. Дала және Түркістан генерал-губернаторлығы арасындағы шекара 1886 ж. 15 наурызда қабылданған «Түркістан және Дала генерал-губернаторлығы арасындағы шекаралардың өзгеруі туралы» жарлықпен анықталды [4, 5 б.].

1886 ж. 12 маусымда қабылданған «Түркістан өлкесін басқару туралы» [1, 9-31 б.] ереже бойынша 1917 жылға дейін оңтүстік Қазақстан халқы басшылыққа алған негізгі құқытық акт болып саналды. Түркістан өлкесіне үш облыс – Сырдария, Ферғана және Самарқанд облыстары кірді. 1897 ж. Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына Жетісу облысы да кірді. Генерал-губернатордың билігі кеңейтілді. Облысты әскери губернаторлар мен облыстық басқарма басқарды. Әскери губернаторлар әскери министрдің ұсынысымен және Ішкі істер министрі мен Түркістан өлкесінің губернаторымен өзара келісімі бойынша тағайындалып, қызметтен босатылды. Болыс басшылары, ауыл старшиндары мен олардың көмекшілері халық сайлауымен үш жыл мерзімге тағайындалды. Бірақ әскери губернатор сайлау нәтижесін бекіту не бекітпеу құқығын иеленді.

XIX ғасырдың соңында қазақ қоғамында күрделі әлеуметтік өзгерістер орын алды: тауар-ақша қатынастарының таралуы, кен өнеркәсібінің дамуы, темір жолдардың салынуы, қоғамның ыдырауы және жаңа әлеуметтік топтардың пайда болуы. Қазақстан бірте-бірте жалпыресейлік экономикалық нарыққа кірігіп, нәтижесінде Ресейдің дамушы капиталистік өнеркәсібі үшін тауар өткізу нарығы мен шикізат көзіне айналды. Бірақ аталған үдерістің дамуын қиындатқан субъективті жағдайлар болды. Ескі заңнамалық актілер далалық облыстардың қоғамдық-саяси және шаруашылық өміріндегі өзгерістерге сай болмады. Сөйтіп, қабылданған заңнамалық актілер қазақ өлкесінде болып жатқан өзгерістерден қалыс қалып отырды.

Қабылданған заңдарға қосымша келесі заңнамалық актілер қабылданды: «Түркістан әскери округының шаттары мен Ережедегі кейбір өзгерістер туралы»; «Сырдария облысының облыстық басқаруындағы өзгерістер туралы» [2].

1891 ж. наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару

туралы» ереже қабылданды [2, 82-95 б.]. Тарихта ол Дала ережесі деген атпен белгілі. Облыстарды басқару дала генерал-губернаторына берілді. Ол императордың өзі тағайындап, қызметтен босататын болды. Облыстық басқару әскери губернатор мен облыстық басқарма құзырында болды.

Жалпы аталған ереже Далалық облыстарды басқару жүйесін реттеп, 1867-68 жж. реформаларға тән уақытша сипатын жойып, әкімшіліктің қызметтерін айтарлықтай кеңейтті. Сонымен бірге сот құрылымына күрделі толықтырулар мен түсініктемелер, салық саясатына өзгерістер енгізді. Осыған байланысты Ә. Бөкейханов: «Елде халықтың мұқтажын ескермей, бюрократиялық жолмен жасалған Дала ережесінің енгізілуі, өз қалауын тұлға құқығынан артық қоятын биліктің заңды құрметтемеуі, әкімшілік күштеу, қырғыздардың рухани және экономикалық мүддесін мүлдем ескермеу, бұқара надандығының артуына қолдан жағдай жасау – осының барлығы халықтың кедейленуі мен мәдениеттің тоқырауына алып келді», – деп атап өтті [1, 76 б.].

Алайда аталған реформа заман талабына жауап бере алмай, өлке қажеттіліктерін қанағатандыра алмады. Патшалық мемлекеттік органдарда орын алған бюрократизм, түсініксіздік заңның жүзеге асырылу үдерісін баяулатты. Сол себепті кейін қабылданған заңнамалық құжаттарға түзетулер енгізген жаңа заңнамалық актілер қабылданатын болды. Олардың қатарында «Түркістан өлкесінің әкімшілік құрылымына қатысты ереженің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы»; «Түркістан өлкесін басқару туралы ереженің 18-бабын өзгерту туралы»; «Закаспий облысының Грузин епархиясынан Түркістан қарамағына өтуі туралы»; «Түркістан генерал-губернаторына оның қарамағындағы Кеңес талқылауына Жетісу және Каспий сыртыоблыстарын басқаруға қатысты мәселелерді ұсыну құқығын беру туралы» заңнамалық құжаттарын атауға болады [2].

Қазақстанның Ресейдің құрамына қосылуының құқықтық негіздерін бірте-бірте жүзеге асырылып, ғасырға жуық уақытқа созылды. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымы мәселесі өте күрделі болды. Ұзаққа созылған бұл үдеріс қайшылықты әрі мән-мазмұны жағынан біркелкі болмады. Басып алынған аумақтарда жаңа басқару жүйесін енгізуде асығыстық таныту, жергілікті ерекшеліктерді білмей және ескермеу, қазақ жерлерінің кеңдігі, қазақ халқының жүзеге асырылып жатқан реформаларға табанды қарсылық білдіруі, енгізілген өзгерістердің өзгермелі тарихи жағдайларға сай болмауы – барлығы ертерек қабылданған заңдарды толықтыратын немесе күшін жойған, тіпті бір-біріне қайшы келген бірқатар заңнамалық актілерді қабылдауға мәжбүр етті. Осының барлығы Ресей империясы тарапынан енгізілген жаңа өзгерістер қазақ қоғамының объективті тарихи дамуына сай болмады, сол себепті бұл үдеріс баяу жүзеге асты. Жалпы, зерттеліп отырған кезеңнің заңнамасы патша үкіметінің Қазақстандағы билігін нығайтуға бағытталып, басқарудың ресейлік жүйесін енгізудің құқықтық тұрғыдан негізделуіне жәрдемдесті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н. А. Хранить память, крепить согласие. Алматы: Қазақбаспасөзі, 1998. 16 с.
2. Хронологический указатель законодательных актов Российской империи по истории Казахстана XVIII-начала XX в. Учебно-справочное пособие. Павлодар: ПГПИ, 2012. 161 с.
3. Отепова Г.Е. История Казахстана в законодательных источниках Российской империи. Монография. Павлодар: ПГПИ, 2015. 260 с.
4. Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX в.). Сб. документов. Ч.1. // Под ред. Отеповой Г.Е. Павлодар: ПГПИ, 2015. 344 с.
5. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII - первой половины XIX в. Алма-Ата: АН КазССР, 1960. 296 с.

**ОБСУЖДЕНИЕ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ И ЗАКОНОВ, ВВЕДЕННЫХ
РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИЕЙ В ЖЕТЫСУСКОЙ ОБЛАСТИ**

Толамисов А.К., Жексенбеков А.

В данной статье рассматриваются вопросы внедрения и изменения административно-территориальной системы управления на территории Казахстана в XVIII-XIX вв. на основе законодательных источников Российской империи. Авторы обращают внимание на необходимость дальнейшего анализа многочисленных законодательных источников империи по вопросам административно-территориального управления в Казахстане.

Ключевые слова: *Законодательные источники, Царское правительство, Административно-территориальная система, Генерал-губернаторства, Казахские жузы, История Казахстана, Колонизация.*

**DISCUSSION OF THE MANAGEMENT SYSTEM AND LAWS INTRODUCED BY
THE RUSSIAN EMPIRE IN THE ZHETYSU REGION**

Tolamisov A., Zheksenbekov A.

In this article the introduction and changing of administrative-territorial management system in Kazakhstan in XVIII-XIX centuries on the basis of legislative sources of the Russian Empire is considering. The authors draw attention to the need for further analysis of numerous legislative Empire sources on the administrative-territorial governance in Kazakhstan.

Key words: *legal sources, the tsarist government, the administrative and territorial system, governor-general, the Kazakh zhuzes, history of Kazakhstan, colonization.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 02.09.2019ж.

**ПЕДАГОГИКА ЖӘ НЕ
ПСИХОЛОГИЯ**

**ПЕДАГОГИКА И
ПСИХОЛОГИЯ**

**PEDAGOGY AND
PSYCHOLOGY**

ӘОЖ 37.013.42

ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛА ЖҰКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Калиева К.Д.

Мақалада зерде бұзылыстары бар балаларға экологиялық тәрбие берудің педагогикалық-психологиялық қарастырылған. Зерде бұзылыстары бар балалардың экологиялық табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін орындау барысында байқалады. Балалардың психологиялық ерекшеліктеріне мән бере отырып, олардың экологиялық дүниетанымының қалыптасуына табиғатпен қарым-қатынастың әсері жоғары екенін байқауға болады.

Кілт сөздер: *экология, әдістер, психологиялық, педагогикалық, тәрбие, зерде, бұзылыстар, іскерлік.*

Адамның табиғатқа бағытталған өзімшіл шабуылынан туындайтын зардаптарды болдырмау үшін ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік, экологиялық және бірқатар басқа да мәселелерді шешу керек. Осы бағытта елімізде соңғы жылдары табиғат қорғау жұмыстары толығырақ қолға алына бастады. Табиғатты қорғау жұмыстарын жақсарту мақсатында экологиялық бағдарламаны әрі қарай жетілдіру көзделуде. Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңы, «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін сақтау концепциясы», «Экологиялық білім бағдарламасы» шықты.

Табиғатқа тек тұтынушылық жағынан қарап қана қоймай, оның жақсартылуына және молая беруіне нақтылы жағдай жасау негізгі міндет болып табылады. Табиғат қорғау мәселесін тар көлемде бір республика немесе ел тұрғысынан қарауға болмайды. Егерде бір елдің экологиялық жағдайы өзгерсе, оның зиянды әсері басқа елдерге де жететін болады, оларға көптеген шығын келтіреді. Дәлірек айтқанда табиғат байлығының бір елде немесе континентке зардап шегуі, барлық жер жүзіне әсерін тигізеді. Табиғат қорының қазіргі жағдайы, табиғат ресурстары сарқылмайды деген психологияны және табиғатқа деген көзқарастағы тұтынушылық тұрпайлықты, түп - тамырымен жою бағытын табанды түрде жүргізуді қажет етеді [1].

Табиғатқа жанашыр болу - адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырлық жасау болып табылады. Айнала бізді қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бойындағы бар байлықты адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту мәселесін ойдағыдай шешу - бүгінде бүкіл дүние жүзі халықтарының алдында тұрған ортақ міндет. Өйткені бүкіл жер планетасы, айналадағы табиғи - орта адамзат үшін ортақ. Бұл абыройлы міндетті бұлжытпай алға алып барушылар - еңбектің қадірін, еңбек өнімділігін арттырудағы табиғат байлығының рөлін толығынан түсіне білетін жастар. Сондықтан халқымыздың, әсіресе жастардың экологияға деген көзқарасын өзгерту шешуші фактор болып табылады. Бұл орайда педагогикалық мәселер алғы шептен орын алады, өйткені өсіп келе жатқан жас ұрпақ мектеп қабырғасында жүріп табиғат, оның адамзат үшін пайдасы туралы, айналадағы табиғи ортаны көздің қарашығындай сақтау және онымен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы мақсатты түрде ең алғаш рет ғылыми мағұлмат алады. Міне, сондықтан көмекші мектепте бастауыш сыныптан бастап оқушыларға экологиялық тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Ұлы педагогтары Ж.Ж.Руссо, И.Г.Пестолоцци, А.В.Дистервег баланың табиғатпен қарым-қатынасын қалыптастыру арқылы білім беру, тәрбиелеу, дүниетанымын қалыптастыру заңдылықтарын негіздейді. Оқушыларды жастайынан «Табиғатты сезіне

білуге» тәрбиелеу туралы айта келіп, оның адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын дамытудағы табиғаттың мәні мен маңызын ашып берген.

Қазақ халқының көрнекті ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, өздерінің еңбектерінде жастарға экологиялық тәрбие беруге жете көңіл бөліп, табиғатқа деген қамқорлық сезім ұлттық тәлім-тәрбиеден басталатынына мән береді. Абайдың табиғаттың әсемдігін суреттеген шығармалары баланың сезімін тербеп, өз жеріне, әсем табиғатына деген сүйіспеншілігін оятады етеді [2].

Экологиялық тәрбие беру мәселесіне ХХ ғасырдан бастап жете назар аударыла бастағанын көреміз. Бұған техниканың өркендеп өсуі мен саяси жағдайлардың шиеленісуі өз ықпалын тигізіп отыр. Осы жағдайларға сәйкес жастарға экологиялық тәрбие беру мәселелерімен А.Н. Захлебный, Т.В. Денисова, Л.П. Печко, А.Л. Яншин, А.И. Мелуа, Ж. Данилов, Қосанов О., А.Ш. Манкеш, Р.Н. Атыраубаева, У.Тоқбергенова, Қ. Аймағамбетова, С.Әубәкіров т.б. айналасы.

Қазіргі кезде "экология" ұғымына анықтамада: Экология — организмдердің бір-бірімен және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасын зерттейтін ілім; Экология - жануарлар, өсімдіктер, микроорганизмдердің өзара және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін биологияның құрамдас бөлігі. Экология - тірі организмдердің тіршілік ортасымен арақатынасын зерттейтін биологиялық ғылым ретінде қарастырады. Олай болса "экология" қоғамдық сананың формасы ретінде жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесінің ішкі өзара әрекеттесуін және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасының заңдылығын зерттейтін биология ғылымының құрамдас бөлігі.

Экология — биология ғылымының негізінде ХІХ ғасырдың орта шенінде айқындала бастағанымен, оның өз деңгейіне көтерілуі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы болып саналады. Ал, алғашқы экологиялық зерттеулерді біз көне дәуір оқымыстылары Эмпедокл, Гиппократ, Аристотель, Теофраст еңбектерінен білеміз.

Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, А.Иассауи, М.Қашқари, А.Иүгінеки, С.Батырғани т.б. тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, табиғат, табиғат құбылыстары жайлы жазған еңбектерінің кейінгі ұрпаққа қалдырған тәрбиелік те, тағылымдық та мәні ерекше. Соның бірі, ғалым әл-Фараби "адамды оқу-білім, тәлім-тәрбие, ізгілік сияқты қасиеттерге баулу үшін алдымен қоршаған дүниені, табиғат құбылыстарын танып-білуге баулу керек. Табиғатты аялау, ізгілікке баулу ұлттық тамырдан нәр алады, бүгінгі таным-түсініктермен байытылып, жаңғыруы заңды құбылыс" екенін баса айта отырып, педагогикалық ілімдегі тәлім-тәрбие, білім беру мәселелерін философиялық ой-тұжырымдармен байланыстыра келіп, "табиғатқа деген адам көзқарасының дұрыс бағытта болуы оның ой-өрісін, мінез-құлқын жетілдіру арқылы жүзеге асады" деген болатын.

ХІХ ғасырдың халық ағартушылары В.Г.Белинский, А.Н.Герцен, Н.А.Добролюбов, Д.И.Писарев табиғатты немқұрайлы оқытуға болмайтынын, балалардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамыту керек екендігіне үлкен мән берді етеді [3].

Ұлы Абай өзінің философиялық, психологиялық талдауларында табиғат құбылыстарының жұмбақ сырларын аша келіп, жаратылыстағы нәрсенің бір түрден екінші түрге ауысуының табиғи заңдылық екенін түсіндіреді. Халқымыздың тәрбиелік тағылымы мол бай мұрасын өмірлік тәжірибелерімен зерделей ұсынған ағартушыларымыздың пайымдауларында табиғатты эстетикалық тұрғыда әдемі өрнектермен суреттей жеткізгенін байқаймыз.

Халықтық педагогиканың қолымызда бар деректеріне қарағанда халқымыз адам өмірінің табиғат құшағында өтетінін сезініп қана қоймай, олар адамның өзін табиғаттың тікелей туындысы деп қарастырған.

Өздерінің сезім өрісін кеңейтіп, эстетикалық талғамын оятқан табиғаттың таңғажайып әсем де, әсерлі құбылыстарына халқымыз аса бір ілтипатпен қарап келген. Оның әрбір көрінісінің тұнығын шайқауды "обал" деп, сылап-сыйпап, тыныштығын бұзбай аялауды, өсіріп өріс алдыруды "сауап" деп түсінген. Адам бойындағы барлық

жағымды қасиет, сол туған жер табиғатының тазалығынан теңеу тапқан.

Үздіксіз білім берудегі экологиялық тәрбие мәні мен теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасын жасау зерттеу жұмысымыздың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәрбие мен білім балаларға қазіргі қоғамдағы негізгі экологиялық мәселелер бойынша нақты әрі ғылыми негізделген білім беруге бағытталуы тиіс.

Классикалық педагогикада жаратылыстың сұлу көріністері, жыл мезгіліндегі жағымды құбылыстар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлының еңбектерінде көп көңіл бөлініп, табиғатқа қамқорлықтың ұлттық тәлім-тәрбиенен бастау алатынына үлкен мән беріледі.

Белгілі психолог Ж.Аймауытов педагогика, психология саласындағы еңбектерінде балаларды табиғатпен таныстыру жұмысының бағдарламасын құрып, оны бір жүйеге келтіру туралы мәселе көтерді. «Балаға ең қымбат, ең жақын нәрсе — туған жері, туған жерінің табиғаты, оның құбылыстары туралы білу өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі балаға табиғат жөнінде түсінік беріп, қоршаған ортаны жақын тануға үйретеді».

Қ.Жарықбаев балалардың табиғатқа қарым-қатынасы туралы. «Әдепті адам табиғаттың досы, оны қызғыштай қорғай біледі. Табиғаттың әсемдігі мен сұлулығына, әдемілігіне әрбір адам зиян келтірмеуге тиіс. Әдеп сақтау, салихалы мінез-құлық пен табиғатпен жағымды қарым-қатынас әр халықтың езіндік ерекше кодексі», — деп көрсетеді.

Зерде бұзылыстары бар балалардың экологиялық табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін орындау барысында байқалады. Балалардың психологиялық ерекшеліктеріне мән бере отырып, олардың экологиялық дүниетанымының қалыптасуына табиғатпен қарым-қатынастың әсері жоғары екенін байқауға болады. Яғни зерттеуші ғалымдардың айтуынша, көмекші мектеп оқушыларының қоршаған орта нысандары мен құбылыстарын, яки дүниені қабылдауы олардың сезіміне тікелей әсер ету барысында жүзеге асады. Сол себепті оқушы мен табиғат арасында баланың көңіл-күйіне әсер ететін арнайы жағдайлар жасау қажеттігі туады. Мұндай жағдайда біз экологиялық бағыттағы біртұтас педагогикалық процестің экологиялық сипатына ерекше көңіл аударуымыз қажет, оның біріншісі — қоршаған дүниемен арадағы жағымды қарым-қатынас, екіншісі — табиғат аясындағы адами мінез-құлық нормалары, үшіншісі — табиғаттағы пайдалы еңбек етеді [4].

Демек, балалардың табиғат құбылыстары, жануарлардың қимыл-әрекеті мен өсімдіктердің құпия сырлары жөніндегі білсем деген ұмтылысы, қызығушылығы, сезімі, ынтасы, белсенділігі олардың экологиялық білімі мен тәрбиесін дамытуға мүмкіндік береді.

Зерде бұзылыстары бар балалардың экологиялық білімі мен тәрбиесін дамытуда сыныптан тыс жұмыс формалары (тақырыптық кештер, тәрбие сағаты, экологиялық қызықты әдебиеттерге шолу, ойын түрлері, табиғат туралы суреттерге конкурс және т.б.) мен әдістерінің де маңызы зор.

Экологиялық мазмұндағы сыныптан тыс жұмыстар: біріншіден, білім беру және тәрбие жұмыстарының жан-жақты болуына, экологиялық сабақтастықтың қамтамасыз етілуіне, экологиялық білім мен тәрбиенің мазмұндық және жүйелілік тұрғыда толығына әсерін тигізеді, екіншіден, мектеп бағдарламасында оқу материалын экологиялық тәрбие жұмыстарымен байланыстырып, оқушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін жетілдіруге мүмкіндік береді, үшіншіден, оқушылардың теориялық білімді практикада қолдана білуіне, табиғат қорғау жұмыстарын өз бетінше атқара алуына, қоршаған орта туралы дүниетанымын дамытуға ықпал етеді. Сыныптан тыс жұмыс түрлерін ұйымдастыру оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім беру сатыларының жоспарына сәйкестендіріліп жүргізілді.

Зерде бұзылыстары бар балалардың табиғатқа деген жауапкершілік сезімін, дүниетанымын, көзқарасын, ой-өрісін жетілдіріп, табиғаттың даму заңдылықтарын ұғындыру бағытында жүргізілетін келесі жұмыс түрі — танымжорық. Мақсаты — оқушының экологиялық тәрбиелілігін жетілдіру, төменгі сатыдағы экологиялық бақылағыштық, іс-әрекет дағдыларын қалыптастырып, практикалық жұмыстарды атқаруға баулу.

Экология ғылымының қалыптасуын негізгі 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады.

I кезең. Биоэкологиялық зерттеулердің жаппай сипат алу кезеңі.

II кезең. Экология ғылымының жеке ғылым ретінде қалыптасу және даму кезеңі.

III кезең. Экология ғылымының өрлеу кезеңі.

Dangerous are those family conflicts in which disagreements arise because one of the spouses should, in the opinion of the other, change the line of behavior, for example, with respect to relatives, abandon some habits, revise the life guidelines, methods of upbringing and etc., that is, a problem is posed that requires the resolution of a dilemma: whether to yield or not.

Especially dangerous are those conflicts that lead to divorce.

Depending on the dynamics distinguish the actual, i.e. implemented at the present time and directly related to a certain problem, and progressing, in which the scale and intensity of the

opposition of participants is increasingly growing.

Valentina Celuyko[2] described 7 possible positive results of constructive conflicts in her work:

1. Adapts the family as a whole and its individual members to the new conditions in which they find themselves;
2. Objectivates the source of disagreement and thereby allows to eliminate it;
3. By exposing and eliminating contradictions, it frees the family from the factors that undermine it and thereby contributes to its stabilization;
4. Compensates family members and directs them to protect its unity;
5. Helps to overcome internal tension and get rid of frustration;
6. Helps find suitable means of influencing others;
7. Allows family members to reveal the best qualities of their personality and gain prestige in the family.

The famous American psychologist Virginia Satir[29] believed that constructive solution to the conflict leads to the development of the family, to the comprehension of a new level of communication, to the formation of a common "We" instead of the selfish "I"; family stability is achieved. But not for long. Inevitably, a new conflict is brewing, and again resolved. So practically every family lives and develops, because its stability isn't given once and for all: it is constantly achieved by joint efforts and goodwill of all members of the family group, their desire for unity.

Depending on the frequency, depth and severity of conflicts, V.S. Torokhtiy[30] singles out crisis, conflict, problematic, neurotic families. Let us consider them in more detail.

Conflict families. In the relationships of spouses and children, there are spheres in which the interests, intentions, needs and desires of family members come into collision, generating a strong and prolonged negative emotional state. Bark can be preserved for a long time due to mutual concessions and compromises, as well as other factors that bind it.

Crisis families. Confrontation of interests and needs of family members is especially harsh and captures important spheres of vital activity of the family union. Family members take irreconcilable and even hostile positions towards each other, not agreeing to any concessions or compromise solutions. Crisis marriages break up or are on the verge of collapse.

For troubled families characterized by the emergence of particularly difficult situations that can lead to the disintegration of marriage. For example, the lack of housing, a serious and prolonged illness of one of the spouses, the lack of funds for the maintenance of the family, convictions for long-term criminal offenses and a number of other extraordinary life circumstances. This is the most common category of families, for a certain part of which prospects are likely to exacerbate family relationships or the emergence of severe mental disorders in family members.

All of the above mentioned families E.I. Artamonova[28] calls unsuccessful. Psychological problems in these families arise because of the unsatisfaction of the needs of one or more family members under the influence of super-strong intrafamily and general social factors. The main problem, as a rule, is the position of the child in the family and the attitude of the parents towards him. In dysfunctional families, parents often exhibit psychogenic abnormalities: projecting their own undesirable qualities onto the child, cruelty and emotional rejection, undeveloped parental feelings, etc. In the event of a conflict in the family, its younger members suffer most - children who involuntarily get involved in the conflict relationships of their parents.

Summarizing all materials of this section we can say that conflict families can be both noisy, scandalous, where conversations on high tones, irritation become the norm of mutual relations of spouses, and quiet, where marital relations are characterized by complete alienation, the desire to avoid any interaction. In all cases, such families negatively influence the formation of the child's personality and can lead to the emergence of various forms of antisocial behavior.

Experimental work required the development of a special methods for its implementation, planning and organization of ascertaining, formulating and control experiments.

In our research we used several effective methods such as tests, projective methods and diagnostics to identify children of conflict families. These methods are focused on the exploration of the self – estimation, common emotional condition, leadership in the group, etc.

The aim of our research was to identify conflict families among the surveyed, and also to find out exactly how the conflicts of parents affects their children.

At the first stage, we tested among the parents of the 6th grade pupils. In the testing participated 33 families. They were asked to answer the questions of the test, which consisted of 10 questions (standard testing, designed specifically to identify conflicting families) aimed at identifying the presence (absence) of conflicts within the family. Analysis of the processing of test results showed that all families don't conflict at all. However, the subsequent analysis and interpretation of the answers of the above families made it possible to conclude that no one wants to talk openly about internal conflicts to others. Therefore, in order to find out the true number of conflicting families, we decided to conduct parallel work with children - witnesses to the manifestations of conflicts and quarrels between parents.

Then we used the projective test "Draw your family". The purpose of this projective method: the identification of features of intra-family relations. Method's description: it is believed that the idea of using a family picture for the diagnosis of intra-family relations arose among a number of researchers: V. Hughes, A.I. Zakharova, L. Corman, and others.

Next method was social psychological projective method "A tree". This method was developed by D. Lampen and adapted by L.P. Ponomarenko. The aim of the method is to reveal position of student in the adaptation period, defect possible reasons for maladjustment, to draw attention of parents to the problem of adaptation. Method's description: students get the sheets with a ready image of the plot: a tree and men on the tree and under the tree. Each student receives a sheet with the image of a tree. Do not offer to students immediately sign on a sheet their names, as it may affect their choice.

Excessive anxiety, selfishness and anger of children can be major sources of tension and conflict in families and marriages. Psychological disorders usually first appear in childhood or adolescence and that method are now available to monitor young people and make early intervention feasible. That's why we identified the anxious children using the express method for determination of the level of anxiety.

The last method was "Magic country of feelings". This method was developed by T. Grabenko, T. Zinkevich-Evstigneeva, D. Frolov. The aim of the method is to identify the attitude of children towards people close to them and to the events taking place in their daily life. Study of the psychoemotional state of the child.

Results and its discussion

Summarizing the results of our empirical research and methods of study of conflict families and their children, we have to claim that emergence of aggressive and anxiety children are correlated with the conflict in the family. Children of conflict families can be recognized at first sight, but in fact without special arranged research we can't be sure about it. To exclude any mistakes, we used effective empirical methods of research such as projective method " Draw your family", "Magical country of feelings", "A tree" in order to explore the adaptation at school, due to the fact that some children were accepted to this school this year and could have anxiety and detachment. We also applied a short questionnaire to identify the level of anxiety of children. Our research wouldn't be complete, if we hadn't paid attention to the conflict parents and types of upbringing they rely on. As it has been said in the theoretical part of our research, if the child is nervous, at first it's necessary to treat their parents. In conflicting families, the impact on children isn't directly manifested, as in cases of families with clearly antisocial behavior (drug addicts, alcoholics, etc.), but indirectly. Such influence inevitably affects the child's personality. In our case the reason for problems in school was found in conflicts in the family. Having the results of research of children and their parents, we decided to develop our correctional program to improve relationship in the families and emotional conditions of children.

The main task of the formative experiment was the pedagogical and psychological education of parents, and psychological assistance to children.

During the formative experiment, we tested the technology of working with parents and children, which included the following stages:

1. Conducting series of meetings with parents who were in conflict relations using various forms and methods, such as trainings, business games, lectures, etc., in order to correct the behavior of spouses in the conflict through the development of communicative relationships.

2. Holding series of classes with children to overcome their anxiety and aggressiveness - the most important negative consequences of parental quarrels and conflicts.

Conclusion

An analysis of the results of the formative experiment with the results of the statement allows us to conclude that the following significant changes occurred as a result of our experimental work:

1. As a result of educating parents, many of them changed their views on their own relationships, learned to constructively and effectively solve family conflicts, which allowed both of them to find harmony and a favorable situation in the family.

2. Children ceased to experience negative emotions, such as anxiety, aggressiveness, isolation, self-doubt, irritability, caused by unfavorable circumstances in the family, conflicts between parents.

Thus, the study proved the effectiveness of our program of assistance to conflicting parents and children, experiencing all the negative consequences of parental quarrels.

BIBLIOGRAPHY:

1. President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of Nation Address "CONSTRUCTIVE PUBLIC DIALOGUE – THE BASIS OF STABILITY AND PROSPERITY OF KAZAKHSTAN", September 2, 2019

Книги

2. Целуйко В.М. Психологические проблемы современной семьи. Екатеринбург: У-Фактория, 2007. – 496 с.

3. Ковалев С.В. Психология семейных отношений/Алма-Ата: Жалын, 1992. – 224 с.

4. Карабанова О.А. Психология семейных отношений и основы семейного консультирования: Учебное пособие.-М.: Гардарики, 2004. -320 с.

5. Антонюк Е.В. Представления супругов о распределении ролей и становление ролевой структуры молодой семьи. М., 1992. – 169 с.

6. Андреева Т.В. Психология семьи: Учеб. пособие. – СПб.: Речь, 2007. – 384 с.

7. Сысенко В.А. Супружеские конфликты. – М.: Мысль, 1989. – 109 с.

8. Землянская М. Решение семейных конфликтов: Психологический практикум. – М.: Эксмо, 2003. – 288 с.

9. Авсиевич М.Т., Мельник Л.И. Супружеские конфликты и пути их преодоления. – М., 1988. – 226 с.

10. Гришина Н. В. Психология конфликта. 2-е изд., перераб. – СПб.: Питер, 2006. – 258 с.

11. Богданов Г.Т., Богданович Л.А., Полеев А.М. и др. Супружеская жизнь: гармония и конфликты – М., 1991. – 175 с.

12. Шуман С.Г., Шуман В.П. Семейные конфликты: причины, пути устранения. – Брест: Лаборатория практической психологии и педагогики, 1992. – 148 с.

13. Абдрахманова А.Т. Конфликтология: оку құралы. – М.: Алматы: Еверо, 2012. – 130б.

14. Еркінбекова М. А. Конфликтология: оқулық. – Алматы, 2015. – 223б.

15. Жумакаева Б.Д. Конфликтология: учебное пособие. – Алматы: Эпиграф, 2016. – 165с.

16. Бизақова Ф. Отбасылық дағдарыс психологиясы. – Астана: Фолиант, 2010. – 232б.
17. Кулмуқанова К.К. Қарым-қатынас психологиясы: оқу құралы. – Алматы: Эпиграф, 2016. – 92б.
18. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы: Эпиграф, 2016. – 308б.
19. Намазбаева Ж. И. Психология: Оқулық. – Алматы: PRINT-S, 2005. - 296б.
20. Жақыпов С. Жалпы психология негіздері: дәрістер курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 160б.
21. Жүнісова К. Г. Елшібаева Қазақ отбасы мәселерінің психологиялық аспектілері: Алматы: Нур-Принт, 2011. – 132б.
22. Жүндібаева Т. Н. Отбасы педагогикасы. Оқулық. – Алматы, 312б.
23. Хоментаскас Г.Т. Семья глазами ребенка. – М.: Педагогика, 1989. – 192с.
24. Осипова М.П., Бутрим Г.А. Работа с родителями: Пособие для учителей начальных классов общеобразовательных учреждений. – Мн., «Экоперспектива», 2003. – 480 с.
25. Кочетов А.И. Начало семейной жизни. – Минск: Полымя, 1989. – 224 с.
26. Емельянов С.М. Практикум по конфликтологии. – 2-е изд., доп. И перераб. – СПб.: Питер, 2001. – 217 с.
27. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология. – М.: ЮНИТИ, 1999. – 507 с.
28. Артамонова Е.И., Екжанова Е.В. Психология семейных отношений с основами семейного консультирования. – М.: Академия, 2002. – 192 с.
29. Satir V. Conjoint family therapy. Palo Alto, CA: Science and behavior books. ISBN 0-8314-0063-3, 1983.
30. Торохтий В.С. Психология социальной работы с семьей. – М., 1996. – 218с.

ПСИХОЛОГТЫҢ КОНФЛИКТТІ ОТБАСЫЛАРМЕН ЖҰМЫСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нуржанова Т.Т., Баженова Э.Д., Ахметкерім Ә.Е.

Мақалада конфликты отбасылар және отбасылық конфликттердің бала психикасына әсері мәселесі қарастырылған. Қақтығыстар кез келген қоғамда әрдайым кездесетін әлеуметтік құбылыс. Адам өмірінің бір де бір саласы одан тыс қалмайды, әсіресе отбасы.

Кілт сөздер: *отбасы, отбасылық қарым-қатынас, конфликт, конфликтты отбасы, психика, алаңдаушылық, агрессия, әлеуметтік құбылыс.*

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАБОТЫ ПСИХОЛОГА С КОНФЛИКТНЫМИ СЕМЬЯМИ

Нуржанова Т.Т., Баженова Э.Д., Ахметкерім А.Е.

В данной статье рассмотрена проблема конфликтных семей и влияние семейных конфликтов на психику ребенка. Конфликты всегда в той или иной степени были актуальны для любого общества. Ни одна сфера человеческой жизни еще не способна освободиться от них. Не является исключением и семья.

Ключевые слова: *семья, семейные отношения, конфликт, конфликтная семья, психика, тревожность, агрессия, социальное явление.*

Материал поступил в редакцию: 19.08.2019г.

ОӘК 376

ЛОГОПЕДИЯ САБАҒЫНДА ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ӘДІСТЕРДІ ОЙЫН ТҮРІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Отаршинова Б.С., Ержанова Г.Ж.

Мақалада логопедия сабағында дәстүрлі емес әдістерді ойын түрінде пайдалану әдістері қарастырылған. Логопедия сабағында дәстүрлі емес әдістерді қолданып жұмыс жүргізу қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде. Оқушының жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізуде дәстүрлі емес әдістердің орны ерекше.

Кілт сөздер: *дәстүрлі емес, әдістер, дидактикалық, ойын, эксперимент, көрнекілік, рөлдік, іскерлік.*

Ертенгі күннің бүгінгіден гөрі күрделірек болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш білімге ғана тән. Демек, қай елдің болсын, өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты болмақ.

Ұлттың болашағы - ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі - ұстаз қолында. Ал ұстаз мұраты - жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеуді көздейді.

Толыққанды азамат қалыптастыру үшін ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тілдік қатынас, дене тәрбиесі сонымен қатар экономикалық, экологиялық, патриоттық, жыныстық тәрбие берілуі тиіс. Демек, оқу-тәрбие ісінің тиімді болуы үшін ғылыми педагогика мен әр пән бойынша жекелей әдістемелерді шынайы білу білікті ұстаздың бірден-бір міндеті. Осы міндеттерді түбегейлі жүзеге асыру үшін балалардың сөйлеу тіліндегі мүкістіктеріне аса мән берген абзал. Бүгінгі таңда сөйлеу тілінде мүкістіктері бар балалар өте жиі кездеседі. Олармен арнайы мамандар, логопедтер жұмыс жасайды. Баланың сөйлеу тілінде ақаулық байқалса, түзету жұмысын бірден бастау қажет. Білім беру мекемелерінде логопедтер жұмыс жасайды. Логопедтер сөйлеу тілінің мүкістігі бар баламен жұмыста арнайы тәсілдерді қолданады. Балаларды оқыту және тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Логопедия сабағында дәстүрлі емес әдістерді қолданып жұмыс жүргізу қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде. Оқушының жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізуде дәстүрлі емес әдістердің орны ерекше. Көпжылғы тәжірибе мен арнайы педагогикалық-психологиялық зерттеулер көрсеткендей, оқытудың тиімділігі қабылдауға адамның барлық мүшелерінің қатысу деңгейіне байланысты. Материал неғұрлым қызықты болса, солғұрлым тез қабылданады.

К.Д. Ушинскийдің айтуы бойынша «тәрбиелей отырып көрнекілікпен оқыту - бұл оқушыны дамытып оқыту, яғни баланың байқағыштығын, ойының, тілінің, есінің, қиялының дамуы, баланы еңбекке, өмірге даярлау», көрнекілік пен оқыту оқу бағдарламасын меңгеріп, оқушылардың өзіндік көзқарасы мен сеніміне ұласады.

К.Д. Ушинский көрнекілік жайындағы ілімді дамыта келіп, «көрнекілік - баланың психологиялық ерекшеліктеріне жауап береді, балалар заттардың пішіні, дыбысы, бояуы арқылы ойлайды» деді [1].

Логопедия мәселесі төңірегінде теориялық негізін қалаған ғалымдарды атап айтар болсақ, Л.С.Выготский А.В.Запорожец, Р.Е.Левина, Т.Б.Филичева, Г.В.Черкина және т.б.

Біздің елімізде Қ.Қ.Өмірбекова Г.Б.Ибатова, Г.С.Оразаева, Қ.Қ.Өмірбекова, Қ.Серкебаев Г.Б.Ибатова [2], Г.М.Коржова [3], А.Қ.Жалмұхамедова [4], Г.Н.Төлебиева [5] және т.б. ғалымдар

Жалпы мектептерде логопедия сабағында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану арқылы оқыту – бүгінгі өмір талабына сай азаматты тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі. Себебі оқыту үрдісінде тиімді қолданылған дәстүрлі емес әдістер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, сол арқылы шәкірттердің берілген тапсырмаларды игеруге жағдай жасайды. Сондықтан логопедия сабағында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану мемлекет тарапынан білім беру мекемелеріне қойылған талдаулардың іске асуына игі әсерін тигізеді.

Зерттеу мақсаты: Логопедия сабағында дәстүрлі емес әдістерді қолдану арқылы түзету жұмыстарын жүргізуді теориялық және практикалық тұрғыда негіздеу.

Логопедия сабағында сөйлеу тілінде кемістігі бар оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізуде дәстүрлі емес әдістерді қолдану тиімді әдістердің бірі. Соның ішінде дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту қазір өте тиімді тәсілдерге айналып отыр.

Логопедия сабағында дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту негізгі бағыттарының бірі ойын.

Ойын әдісі - ойлауды дидактикалық ойындар арқылы дамытуда қолданылатын негізгі әдістердің бірі. Ойын элементтері қарастырылған жаттығулардың барлығы дерлік оқушыларға қызықты, бір-бірімен жарысатындай етіп қайта құрылады. Нәтижесінде логопедия сабағында дидактикалық ойындар арқылы балалардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, өз пікірлерін дәлелдеуге үйретіледі. Оқушылардың логикалық ойлау дағдылары дамытылып, дұрыс сөйлеу біліктері жетіледі. Ойлау заңдылықтары мен ерекшеліктерін өздеріне таптыртып, оларды тиісті мысалдармен бекітіледі.

Бастауыш сыныпта логопедияны оқушыларға ойын әдісі арқылы меңгерту жұмыстарында мына мәселелер ескерілді:

1. Дидактикалық ойындардың ережелерінің қарапайым болуы;
2. Дидактикалық ойындардың тапсырмалары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы.

- Ойын нәтижелері тез шығарылып отырылуы;
- әрбір ойынға қатысушылар санын алдын-ала ескеру;
- дидактикалық ойындардың балалардың танымдық қызығушылығын арттыруы;
- барлық ойындар оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылуы;
- ойын мақсатының сабақ мақсатына сәйкестендіріліп түзілуі.

Логопедия сабағын дидактикалық ойындар арқылы үйретуде жоғарыда көрсетілген мәселелерді бір-бірімен тығыз байланыста қарастырдық. Сонымен бірге, әрбір ойын түріне қарай оның қолданылу ерекшеліктері басты назарда болды. Мысалы, оқушыларға жануарлардың түрлерін ұғындыру сабағы. Сабақтың мақсаты - оқушыларға жануарлар жабайы және үй жануарлары болып бөлінетіндігін ұғындыру, оқушыларды жабайы және үй жануарларын ажырата алуға үйрету. Мұғалім жануарлар түрлерін түсіндіріп болғаннан кейін оқушыларға «Дұрысын тап» алгоритмдік ойынын ойнатады [2].

Ойлауды дамытуға басты назар аударылды. Себебі оқушыларға ойлаудың аналитикалық, талдау және жинақтау, салыстыру заңдылықтарын үйрету ең алдымен, олардың ойлауды жетілдіру мақсатында енгізілуі тиіс деген қағида алынды. Сондықтан бастауыш сыныпта логопедия сабағын дидактикалық ойындар арқылы меңгеру барысында мынадай негізгі талаптар ескерілді:

- Дидактикалық ойындарды логопедия сабағының оқу жоспарына сай оқыту үрдісінде қолдану;

- дидактикалық ойындардың оқушыларға дамытушылық әсерінің жолдарын анықтау;
- оқушылардың логопедпен және өзара қарым-қатынасқа түсу түрлерін алдын-ала жоспарлау;
- дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға жаңа материалдарды игерту тиімді әдіс-тәсілдерін нақтылау;
- дидактикалық ойындарды оқушылардың танымдық, білімдік, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру дәрежесіне қарай дұрыс таңдай білу;
- оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға қатысын белгілеу;
- дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын туғызу жолдарын анықтау;
- логопедия сабағында дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың сөздік қорын байланыстырып сөйлеу тілін, ойлауын жетілдіруге тигізетін әсерін айқын білу.

«Ғажайып қапшық» ойыны

Логопед әдемі ғажайып қапшық ішіне құрамында А дыбысы бар заттар немесе заттық суреттер салады. Бірінші затты қапшық ішінен өзі алып балаға көрсетіп, анық дауыстап айтады. Екінші затты бала алып, анықтап, дауыстап айтады және дыбыс барын анықтайды.

Қажетті дидактикалық материалдар: алма, асық, анар, аю, ат және т.б. суретті карточкалар.

«Лото» дидактикалық ойыны

Балаға Р дыбысы бар және Р дыбысы жоқ карточкалар және түрлі-түсті төрт бұрышты Р дыбысы жазылған карточкалар ұсынылады. Логопед сөзді атайды, бала карточкадан аталған сөздің суретін тауып, құрамында Р дыбысы бар болса, суретті Р дыбысының суреті бар төрт бұрыштымен жабады. Егер Р дыбысы жоқ болса, суретті түрлі түсті карточкамен жабады.

«Кімге не керек» ойыны

Заттық суреттер және маман иелерінің суреттері даярланады. Балаға маман иелерінің суреттері беріледі. Стол үстінде жатқан заттық суреттермен тиісті суреттің бетін жабуы керек. Дұрыс қателеспей суретті жапса, дұрыс орындалғаны.

Қажетті дидактикалық материалдар: ұшак, аспаз, қаймақ, ұшқыш, қалам, қайшы, қой, оқушы, тігінші, бала, балықшы, қармақ, тәрбиеші [3].

«С» дыбысын түзетуде қолданылатын дидактикалық материалдар:

1. «Насос» ойыны. Велосипедтің дөңгелегінің желі шығып кетіпті, соған насоспен жел толтырайық. Насос қандай дыбыс шығарады? С – С – С....

2. «Сөзді аяқта» ойыны. Берілген сөздердің суреттері үстел үстінде жатады. Логопед сөздерді көрсетеді, бала суретті табу арқылы сөздерді аяқтайды.

БА(С)	ЫДЫ(С)	АЛПАМЫ(С)
ТА(С)	КҮМІ(С)	ЖАРЫ(С)
ҚА(С)	ҚАМЫ(С)	ЫРЫ(С)
ЖА(С)	ТҮ(С)	ҚҰ(С)


3. Сен СА(СО, СУ, СҮ, СІ) буынын айт, мен сөзді аяқтаймын. Үстел үстінде айтылатын сөздерге байланысты суретті карточкалар жатады. Бала осы карточкаларға қарап отырып, С дыбысына байланысты буындарды айтады.

СА(НА)	СА(ЙМАН)	СО(НА)
СА(ҒАТ)	СА(УМАЛ)	СО(РПА)
СА(БАҚ)	СА(МАЛ)	СО(ҚА)
СА(РАЙ)	СА(ҚИНА)	СҮ(Т)
СА(УСАҚ)	СА(РЫ)	СӘ(БИ)

«Р» дыбысын түзетуде қолданылатын дидактикалық материалдар:

1. Жолбарыс қандай дыбыс шығарады? – Р – Р – Р...

2. Ит қалай ырылдайды? - Р – Р – Р...
3. Жұмбақты шеш.
Рақат, риздық, рақым
Сұрасаң менің жұрағатым
Әріпшің ерке балаға
Қиындау тиіп тұратын. (Р)
4. Жоғалған дыбысты тап.



Логопедия сабағында дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың жалпы сөйлеу тілін дамытудың негізгі қағидалары барысында жұмыс жасау қолға алынды:

1-кестеде көрсетілгендей, анықтау экспериментінің алдына мынадай міндеттер қойылды:

- Логопедия сабағында дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту әдісін бақылау;

- эксперименттік және бақылау топтарын белгілеу;

- логопедия сабағында өтілетін оқу материалын, оқыту үрдісінде орындалатын жұмыс түрін, сабақ барысында қолданылатын дидактикалық ойындарды, олардың маңызы мен орнын айқындау;

- оқушылардың алған білімдерінің деңгейлерін анықтау.

Аталған міндеттерді орындау мақсатында бастауыш сынып мұғалімдермен, ата-аналармен әңгіме өткізіліп, оқыту барысында дидактикалық ойындарды қолдану деңгейлері мен оқушыларды сабаққа қызықтыратын қандай әдістемелік тәсілдерді пайдаланатынын білу мақсатында төмендегідей сауалнама ұсынылды:

- Жалпы мектептегі логопед қызметін қалай түсінесіз?

- Бастауыш сынып оқушыларына логопедтің көмегі қажет пе?

- дидактикалық ойынға анықтама беріңіз;


- сабақта дидактикалық ойындарды қолданасыз ба, қолдансаңыз қандай түрлерін пайдаланасыз?

Кесте 1. Зерттеу жұмысы бойынша эксперименттің ұйымдастырылу кезеңдері

Талдау критерийлері	Анықтаушы эксперимент	Қалыптастырушы эксперимент
Жүргізілетін жұмыс түрлері	Бастауыш сынып мұғалімдеріне, ата-аналарға сауалнама жүргізу; оқушылардың диагноздарына, деңгейлеріне байланысты тапсырмалар беру; нәтижелерін алу.	Логопедия сабағында дидактикалық материалдарды, ойындарды қолдану; дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұхбаттасу, талдау, сараптау	Жаттығу, ойын, талдау, жинақтау
Қолданылатын дәстүрлі емес әдістердің түрлері	«Тастардың түрленуі», «Түстердің өзгеруі», «Кім суретші?», Артығын тап», «Сөзжұмбақ», «Мақалды тауып оқы», «Фитошөптермен	«Ғажайып қапшық», «Лото», «Кімге не керек», «Менің әріпім», «Не жетіспейді», «Мақалды тап», «Дұрыс тап»

1. кестде зерттеу жұмысы бойынша эксперименттің ұйымдастырылу кезеңдері берілген: жүргізілетін жұмыс түрлері, қолданылатын әдіс-тәсілдер, қолданылатын дәстүрлі емес әдістердің түрлері [4].

3 суретте логопедия сабағында дидактикалық ойындарды ұйымдастыру жүйесінің құрылымдық үлгісі схема түрінде көрсетіледі:



Сурет 3 - Логопедия сабағында дидактикалық ойындарды ұйымдастыру жүйесінің құрылымдық үлгісі

Логопедия сабақтарының жоспары құрылып, дидактикалық материалдарды, ойындарды қолдану дұрыс екендігі ескеріліп, бастауыш сынып мұғалімдеріне тапсырмалар алдын - ала екі-үш күн бұрын беріліп тұрды. Эксперименттік сыныптарда дидактикалық ойындар бір-бірімен байланыста жүргізілді.

Дидактикалық ойындар оқушылардың білім, іздену, ойлау деңгейлеріне қарай ізденімдік, шығармашылық ойындар болып белгіленді. Бұл жерде оңайдан - қиынға, жеңілден ауырға қағидасы басшылыққа алынды [5].

Логопедия сабағында дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда бірнеше ойындардың түрлері қолданылды. Атап айтар болсақ, тапқырлық ойындар, ізденімдік ойындар, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар. Дидактикалық ойындарды логопедия сабағында қолдану оқушылардың сөйлеу тілін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу тілін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Қорыта келе біз мынандай тоқтамға келдік. Логопедия сабағында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану оқушылардың сөйлеу тілін түзетуде шешуші рөл атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытудың маңызды тәсілі - арнайы таңдап алынған жаттығулар және дидактикалық ойындарды қолдану болып табылады. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін логопед тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Мұндай жұмыстарды жүргізу үшін: берілетін дидактикалық ойындар оқушылардың ойлауы жетерліктей жас ерекшеліктерін ескеру; оқушылар өз беттерінше қорытынды жасай алуға үйрету үшін сабақта мүмкіндігінше дидактикалық ойындарды жиі пайдалану; оқушылардың сөйлеуін дамыту; сабақты мүмкіндігінше оқушының материалды жақсы қабылдай алуына бірден-бір көмекші құрал – ол дидактикалық материалдар. Логопедия сабағында дәстүрлі емес әдістерді пайдаланудың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А.М. Құдиярова. Педагогика. Алматы.: Дарын, 2004.
2. Өмірбекова Қ.Қ., Өмірбекова С.Ж. Сөйлеу тілін тексеру әдістері, Алматы кітап, 2002ж.
3. Коржова Г.М., Байтурсынова А.А. История специального образования в РК. Алматы.-2003.

4. А.К.Жалмухамедова «Оказание ранней коррекционно-развивающей помощи детей с ограниченными возможностями». / Под. ред. Сулейменовой Р.А. – А., 2008. – 60 с.
 5. Тулебиева Г.Н., Оразаева Г.С. Практикалық логопедия. – Алматы, 2010.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НЕТРАДИЦИОННЫХ МЕТОДОВ В ИГРОВОЙ ФОРМЕ НА УРОКАХ ЛОГОПЕДИИ

Отаршинова Б.С., Ержанова Г.Ж.

В статье рассматривается использование нетрадиционных методов игровой формы на уроках логопедии. Работа с применением нетрадиционных методов на уроках логопедии кардинально меняет приоритеты образования, воспитания и формирования становления современной личности. В достижении достаточного уровня общего и психического развития учащегося, особое место занимают нетрадиционные методы.

Ключевые слова: *нетрадиционные, методы, дидактические, игровые, экспериментальные, наглядные, ролевые, деловые.*

FEATURES OF THE USE OF UNCONVENTIONAL METHODS IN THE FORM OF A GAME AT THE LESSONS OF SPEECH THERAPY

Otarshinova B., Yerzhanova G.

The article discusses the use of non-traditional methods of game form in speech therapy lessons. Working with the use of non-traditional methods in the lessons of speech therapy radically changes the priorities of education, upbringing and formation of the formation of a modern personality. In achieving a sufficient level of General and mental development of the student, a special place is occupied by non-traditional methods.

Key words: *non-traditional, methods, didactic, game, experimental, visual, role, business.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 17.07.2019ж.

ӘОЖ 37.013.77

ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕКТІҢ ҚИМЫЛ ТӘСІЛДЕРІНЕ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Рабибалиева Г.С.

Мақалада зерде бұзылыстары бар балаларды еңбектің қимыл тәсілдеріне үйрету жолдары қарастырылған. Арнайы мектептің ең басты міндеттерінің бірі – оқушыларға кез келген еңбек әрекетіне қажет жалпы еңбектік ерік және дағдыларын дамыту. Зерде бұзылыстары бар оқушылар жалпы еңбектік ерік-дағдыларын меңгеру үрдісінде өз әрекеттерін бақылап және ретке келтіріп отыруды үйренулері қажет.

Кілт сөздер: *арнайы мектеп, әдістер, еңбек, ойын, эксперимент, көрнекілік, рөлдік, іскерлік.*

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған мектептің ең басты міндеттерінің бірі –

оқушыларға кез келген еңбек әрекетіне қажет жалпы еңбектік ерік және дағдыларын дамыту. Зерде бұзылыстары бар балалар жалпы еңбектік ерік-дағдыларын меңгеру үрдісінде өз әрекеттерін бақылап және ретке келтіріп отыруды үйренулері қажет. Олардың орындалуын жоспарлау, бұрын меңгерген білім және тәжірибелерін, әрекеттің жаңа жағдайларында пайдаланып, нақты және ұқыпты жұмыс.

Зерде бұзылыстары бар балалардың жалпы еңбектік ерік және дағдыларының қалыптасу мәселесінің өзектілігіне қарамастан, ол олигофренопсихологияда аз реттеліп, жеткілікті деңгейде талданған жоқ. Зерде бұзылыстары бар балалардың психикалық дамуына еңбектің коррекциялы-тәрбиелік маңызы көбінесе жалпы еңбектік ерік және дағдылардың қалыптасуында көрініс табады. Ал бұл осы балалардың тұлғасының үйлесім дамуында өте үлкен роль атқарады [1].

Зерде бұзылыстары бар балалардың жалпы еңбектік дағды және тәсілдерді меңгеру үрдісінде мақсатқа бағытталып және өз беттерінше әрекет жасауға үйренеді және өздерінің ықтимал мүмкіндіктерін ашады. Даму мөлшеріне және үнемі қолдануына қарай жалпы еңбектік тәсіл және дағдылар әдетке айналады, тұлғаның сәйкес келетін қасиеттеріне дейін өседі. Осылайша, еңбектік тапсырманы орындау барысында өз әрекетін жоспарлау әдеті әрекетті орындауға мақсатқа бағытталған және жауапкершілікті, ойлау қатынасын қалыптасуына әсер етеді.

Арнайы мектеп жағдайында бұл өте маңызды, өйткені зерде бұзылыстары бар – балаларда қойылған мақсаттан шетке қарай сырғып кетуді, жеке және жекеменшік әрекеттер оларға бағынбайды.

Психикалық даму үшін өзін - өзі бақылаудың жалпы еңбектік дағды және тәсілдері де маңызды. Орындалатын әрекетті бақылаумен түзетудегі ептілік пен әдет оқушыларда өздері жасаған затқа сыни көзқараспен қарауға әсер етеді. Бұның да арнайы мектеп жағдайында үлкен тәрбиелік маңызы зор. Жалпы еңбектік тәсіл және дағдылардың дамуы және осылардың негізінде еңбек әрекетінің орындалуы, жұмыс операцияларын қабылдау, есте сақтау, ойлау, елестету және т.б. таным үрдістерімен тығыз байланысты және де бұл үрдістердің қарқынды дамуына әсер етеді.

Жалпы еңбектік тәсілдер мен дағдылар ақыл-ой тапсырмаларын шешумен әрқашанда байланысты және интеллектуалды дамудың белгілі бір деңгейін талап етеді. Л.С.Выготский 30-шы жылдардың өзінде «баланың интеллектуалды дамуы мен және оның еңбек әрекетімен байланысын» анықтаудың маңызды екенін көрсетті. Ол әрбір берілген жастық генетикалық баспалдақтың қалай байланысқанын көрсетеді, баланың ойлауы практикалық әрекетімен бірге байланысады. Зерде бұзылыстары бар балалардың интеллектуалды дамуы мен еңбек әрекетінің арасындағы байланыс жөнінде мәселе одан да күрделі, әсіресе жалпы еңбектік тәсіл және дағдылардың қалыптасуы туралы сөз болғанда айқындалады.

Арнайы мектеп оқушыларының жалпы еңбек тәсіл және дағдыларының қалыптасуының ерекшелігі – ол әрекеттің өзбеттілігінің қалыптасуымен тығыз байланысты. Еңбек әрекетін дұрыс ұйымдастыру және оны жоспар бойынша жүзеге асыру үшін, оның орындалуын бақылап және реттеу үшін, ерте меңгерілген білімді тиімді пайдалану үшін - тәсіл және дағдыларды, сәйкес келетін операцияларды нақты және ұқыпты іске асыру, ол үшін оқушы өз бетінше жұмыстың қажетті тәжірибесін меңгере алуы қажет.

Н.А.Менчинскаяның зерттеуінде зерде бұзылыстары бар оқушыларда жалпы еңбектік тәсіл мен дағдылардың дамуында басты шарт – мұғалімнің көмегімен бағыттаушы әсер етуі. Мұғалімнің көмегінсіз олар қажетті талдап-қорытуды жасай алмайды. Берілген тапсырманы орындау үшін керекті білім мен дағдыны біріктіре алмайды. Мұғалімнің жүйелік көмегінің нәтижесінде балалардың әрекетін бағыттап және бағдарлаудың арқасында олар да өз әрекеттерін бақылап, түзету тәсілдерін талдап қорыту қалыптасады. Өзінің бұрынғы тәжірибесін және білімін жаңа жағдайға жоспарлы,

адекватты ауыстыруды, нақты және бірлесіп әрекет етуге үйрету. Еңбек әрекеті үрдісінде оқушыларға бұрын сабақта меңгерген әр түрлі білімдерін қолдануларына тура келеді. Әрекеттің сәттілігі тек қана сәйкес келетін білім мен дағдылардың айырмашылығымен айқындалмайды және де оларды практикада қолдана алулары қажет. Ал бұл белгілі бір интеллектуалды тәсілдердің даму деңгейіне тәуелді. Интеллектуалды тәсілде талдап-қорытудың әр түрлі деңгейлері болуы мүмкін. Қажетті кезде оларды қолдану мүмкіншілігіне тәуелді [2].

А.А.Байтұрсынванын зерттеуінде талдап-қорыту үрдісі зерде бұзылыстары бар балаларда қажетті мөлшерде дамымағаны белгілі екені айқын. Бұл интеллектуалды тәсілдердің қалыптасуына және жалпы еңбектік тәсіл дағдының дамуында көрініс табады. Оқу үрдісін дұрыс ұйымдастырған жағдайда интеллектуалды дағдылардың сәтті қалыптасуына қажетті алғышарттар құрылатынын айта кету қажет. Осы басты жағдайлардың бірі – ақыл-ой әрекетінің орындаудағы жаттығу және біртіндеп әрекеттің тәсілдеріне айналдыру. Ең бірінші бұны есте сақтау психологиясын зерттеу кезінде нақты көрсетті.

Зерде бұзылыстары бар балалардың жалпы еңбектік тәсілдері мен дағдыларының дамуының басты шарты – білімді меңгеруде оқу үрдісіне арнайы жаттығулардың қосылуы. Оқу үрдісін ұйымдастыру игерілген білімді жаттығумен байланыстырып қолдану, өзін-өзі бақылау тәсілдерінің дамуына және жоспарлауға әсер етеді [3].

Жоғарыда көрсетілген принцип бойынша оқу өткен экспериментальды сыныптарда оқушылар өз әрекеттерін дұрыс және рациональды ұйымдастыру дағдысының дамуында үлкен табыстарға жетті, бұрын меңгерілген білімдерін қолдануда талдап қорыта алды. Бақылаушы сыныптарда сынақтан өткен оқушыларды бұл қатынаста алға жылжушылық байқалмады. Еңбек сабағында тек қана практикалық әрекеттерге оқытпай, жұмыс тәсілдерін рациональды және ойланған тәсілдеріне де оқыту қажет. Әсіресе белгілеу, бөлшектерді біріктіру, материалдарды өңдеу, бөлшектердің және жеке блоктардың ұзындығын өлшеу және операцияларына оқыту кезінде маңызды.

Оқу шеберханаларында еңбекке оқудың 2-3 жылдарында арнайы мектептің көптеген оқушылары қалыптасқан дағды деңгейінде еңбек әрекетін меңгермейді. Мысалы, слесарь шеберханасында 6 сынып оқушысының шаблон бойынша жұмыс орындағанын байқап көрейік, оның қимыл-қозғалысының еркіндіксіз, жұмыс темпінің төмен екенін көруге болады. Соған қарамастан оқушы талпынса қажетті қорытындыға ие болады. Осыған орай, оқушылар өз жұмыстарында еңбек тәсілдерін ұзақ уақыт қолдана алады, олардың қозғалыс ұйымы дағды деңгейінде дамымаған, бірақ практикалық қорытынды алуға мүмкіндігі бар.

Бұл еңбек әрекетінің даму деңгейін кейбір авторлар былай анықтайды «бірінші дағды» немесе «біріншілік дағды».

Оқу барысында алынған еңбек етуге мүмкіндік әдісін болашақта біз әдісті меңгеру деп айтамыз, керекті жағдайда меңгеру деңгейін көрсетеміз. Бастапқы деңгейде жаттығулар қажетті мөлшерде меңгерілсе, әдіс сәйкес дағдыға деңгейіне дейін дамиды.

Арнайы мектептің оқушылары жұмыс әдістерін сәтті меңгереді. Егер әдістер қиын болса, балалардың көбісі әрекет және оның қорытындысын ұғынуда қиналады. Кәсіби әдістерді оқыту үшін, мұғалімнен оларды жоғары деңгейде меңгеру ғана емес, сонымен қатар оқушыларда бұл әдістерді қалыптастыру барысында психологиялық ерекшеліктер үрдісі туралы білімінің болуын талап етеді.

Оқушылар меңгерген еңбек әдістерінің үш компонентін бөліп көрсетуге болады: әдістің қорытындысы, еңбек қаруы және қозғалыс бағдарламасы.

Мысалы, қағазды бүгу әдісін меңгергенде, оқушы бүгілген жердің түзу, қыртыссыз болу керектігін, қағаздың екі жағының сәйкес болу керектігін біледі. Ол дұрыс және әлсіз бүктеу кезінде бүктелген жердің қандай болатынын біледі. Бұл әдіс кезінде еңбек қаруын сүйекше атқарады. Әдісті меңгергеннен кейін, оқушы осы құралдың құрылысын, оған

қойылатын талаптарды біледі [4].

Бүктеудің қозғалыс бағдарламасы, әдістің керекті қорытындысын алу үшін өзіне әрекеттердің реттілігін және жұмыс объектісіне қатысты еңбек құралының жағдайын қосады.

Еңбек әдісін қалыптастыру үшін, барлық үш компонентті меңгеру керек.

Еңбекке оқыту практикасында мына жағдай көптеп байқалады, оқушылар барлық компоненті толық меңгерілмеген әдістерді қолдануға тырысады. Сонымен қатар оқушылар оны немқұрай қабылдайды, ал шын мәнінде жұмысқа мүлде басқа әдісті қолданады, әдетте ол әдістер берілген жағдайда аз нәтиже береді және олар өте жеңіл әдіс болып табылады. Бұны біз мынандай мысалда көрсетеміз. Ағашпен жұмыс сабағында мұғалім оқушыларға орындықтың аяқтары кірілетін ұяшықтың өлшемдерін түсіндіреді. Ол аяқшалар үшін дайындалған төрт бөлшекті қалай орналастыру керектігін көрсетеді, бұл өлшемдерді бір уақытта жүзеге асыру үшін жасалады. Әр таяқшаны жеке өлшеу әдісіне қарағанда, бұндай әдіс уақытты үнемдеуге көмектеседі. Бұл сабақта көп оқушыларға бөлшектерін(брусоктарды) қалай орналастыру керектігін түсінбейді. Оларды дұрыс орналастырмағаннан кейін, оқушылар бірнеше бөлшектердің бір уақыттағы өлшемі әдісін қолданбайды, бірақ мұғалімнің талаптарын орындай отырып, әр бөлшекті жеке өлшеу әдісін қолдана отырып, бір-біріне ұқсас ағаш бөлшектерін ажыратып үйренеді.

Көптеген жағдайларда әдістерді меңгерудегі қиындықтар оның бірінші компонентінің – практикалық әрекеттердің қорытындысы туралы елестетулердің жеткілікті қалыптаспауымен байланысты. Оқушылар жұмыс объектісі барысында жіберілген қателіктерін көрмейді: өлшемнің дәлсіздігі, бөлшек элементтерінің формадан ауытқуы, байланыстыру ақаулығы және т.б. Олар өз әрекеттерін бақылау қажеттіліктері туралы мұғалімнің айтқан нұсқауынан кейін де өз қателерін таба алмайды. Мысалы, ағаш бөлшектерін жону барысында оқушы бір жақ сызықты қаттырақ жонып жібереді, бірақ сонымен қатар көрсетілмеген жердің бетін ойып тастайды. Жұмысын бақылау барысында ол бірінші қатесін көреді де, ал екіншісін байқамайды. Келесі тексеру мынаны көрсетті, бұл оқушы нақты нұсқау бойынша жасалған ағаш бөлшегінің қандай болу керектігін нашар елестетеді.

Осыған ұқсас қателіктерді мына жағдайларда байқауға болады, егер оқушылар жасалатын әректің қорытындысына қойылатын талаптарды толығымен түсінбесе.

Оқушылардың бұл әрекеттері білімнің және жұмыс әдісінің қорытындысын елестетудің әлсіз қалыптасуымен сипатталады. Кейбір жағдайларда бұл қателіктер әдістің қимыл комплексін толық меңгермеумен және әрекеттерді дұрыс бақылай алмаушылыққа байланысты, яғни елестетілген қозғалысты жүзеге асырылған қозғалыспен сәйкестендіру. Қиындықтар мынамен түсіндіріледі, қозғалыс әрекеттерін бірқатар белгілер арқылы бақылап отыру керек (күштің жұмсалуды, құралдың қалпы, ауысу жылдамдығы және т.б.). Бір уақытта барлық белгілерді бақылап отыру жалпы мектеп оқушылары үшін де қиынға соғады. Ақыл-ойы кем оқушылар оны жаман шешеді. Қозғалыс әрекеттерінің дұрыстығын олар еңбек объектісінің өзгеруімен бағалайды, ал бұл өз кезегінде қозғалыстың немесе жұмыс түрінің дұрыс қалыптаспауына әкеледі [5].

Белгіленген еңбек әдістерінің қалыптасу ерекшеліктері білім беру кезеңін сипаттайды. Көрсетілген мысалдардан мынаны қорытындылауға болады, жұмыстың дұрыссыздығына әдіс компоненттерінің толық меңгерілмеуі әсер етеді.

Әдетте жаттығулар санының көбеюі оқушыларды нақты бір жағдайда жұмыс істеуге үйретеді. Бірақ еңбектік кәсіби әдіс мына жағдайда меңгерілді деп саналады, егер оқушылар өз беттерінше, бұрын кездеспеген жағдайда әдісті қолдана алса. Осында балалардың әдістерді ауыстыра алу қабілеттері бекітілген. Арнайы мектептің оқушылары ұқсас жағдайда жеңіл әдістерді сирек қолданады, бірақ жағдай ауыстырылған кезде олар алдыңғы жасаған әдістерін де жүзеге асыра алмайды. Әрекет кезектілігі бұзылады, кейбір

әрекеттер мүлде орындалмайды, ал қорытынды басқа кәсіби емес әдістің арқасында жасалады. Мысалы, оқушылар өлшеудің арнайы құралдық әдістерін білсе де олар жан-жақты жұмысты орындау барысында бұйымды көз мөлшерімен өлшейді [6].

Интеллектісі сақталған балалар елестетулердің жағдайының формасын және қозғалыс траекториясының өзгеруіне байланысты жаттығуларды алдын ала орындауға қабілетті. Бұл дайындық және ізденіс әрекеттерінсіз көзделген жоспар бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Сонымен, келтірілген мысалдар мынаны көрсетеді, оқушы емен ағашынан брусокты аралап алу үшін, қарағайды аралағанға қарағанда басқа ұйымдастырылған жұмыс түрі қолданылатынын және өзгеше құралдың қажет екенін түсінуі керек. Осыған орай, әдістерді жаңа жағдайларға ауыстыру үшін физикалық білімдері, материалдардың қасиеттері туралы білімдері, технологиялық үрдістер туралы білімдері талап етіледі. Зерде бұзылыстары бар балалар әдістерді бір жағдайдан екінші жағдайға ауыстыра алмауы, олардың логикалық қабілеттерінің төмендігімен, қорытынды жасай алмаушылықпен түсіндіріледі.

Арнайы зерттеулер мынаны көрсетеді, зерде бұзылыстары бар жасөспірімдер өз беттерінше еңбектің объективті өзгерістерін, жұмыстың жаңа әдістерін құрауға әлі де қабілетсіз екенін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ковалева Е. А. О подготовке учащихся вспомогательных школ к обучению в профессионально-технических училищах. // Дефектология. - 1991. - № 4.

2. Менчинская Н. А. Проблемы обучения, воспитания и психического развития ребенка: Избранные психологические труды. 1998.

3. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалармен даму болашағы. Алматы., 2008. – 228 б.

4. Бондарь В. И., Еременко И. Г. О совершенствовании подготовки умственно отсталых детей к самостоятельному труду. // Дефектология. - 1990. - № 3.

5. Попов Ю. И., Бгажнокова И. М. Из опыта работы по социальной и трудовой реабилитации подростков с интеллектуальной недостаточностью. // Дефектология. - 1995. - № 1.

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ ИНТЕЛЛЕКТА СПОСОБАМ ТРУДА

Рабибалиева Г.С.

В статье рассмотрены методы обучения детей с нарушениями интеллекта способам деятельности труда. Одной из главных задач специальной школы является развитие у учащихся общих трудовых умений и навыков, необходимых для любой трудовой деятельности. Учащиеся с нарушениями интеллекта должны научиться контролировать и регулировать свои действия в процессе усвоения обще трудовой волю.

Ключевые слова: специальная школа, методы, труд, игра, эксперимент, наглядность, ролевая, деловая.

METHODS OF TEACHING CHILDREN WITH INTELLECTUAL DISABILITIES WAYS OF LABOR ACTIVITY

Rabigaliyeva G.

The article considers the methods of teaching children with intellectual disabilities the ways of labor activity. One of the main tasks of the special school is to develop students' general work skills and abilities necessary for any work activity. Students with intellectual disabilities

must learn to control and regulate their actions in the process of mastering the general will.

Key words: special school, practices, work, play, experiment, presentation, role-playing, business.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 11.09.2019ж.

ӘОЖ 373.1.02.37

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚОҒАМ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ГУМАНИЗАЦИЯЛАНУЫ

Сыдықова Б.Т., Мустафа Ф.Б.

Бұл мақалада мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың өмір сүруіне әр түрлі қоғам мен дәуірдің қарым — қатынасының тарихы қарастырылады. Басты назар арнайы оқыту жүйесін басқа әлеуметтік институттардан оқшаулау себептеріне аударылады.

Кілт сөздер: *арнайы оқыту, гуманизм, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, ерекше бала, қалыпты адам.*

Дамуында қандайда бір ауытқуы бар адамдарға әр елде түрлі көзқарас қалыптасқан. Тіпті бір қоғамда бұндай адамдарға деген көзқарас субмәдениеттік ұғымдарына, стереотиптеріне, құндылықтарына байланысты өзгеріп отыратын. Дж. Ньюман айтуы бойынша «кемістігі бар адамдарға деген көзқарас және оларға қатысты әлеуметтік саясат, тарихи процестердің нәтижесінде қалыптасады». Ол атап өткендей, «бұл үдерістер, адам құқығы мен гуманизмінің философиялық ұғымдарына бағытталады». Бұл ұғымдар ежелден бері батыс елдерінің мәдениеті болып қалыптасқан және біздің заманымызда да қоғамдық мораль мен саясатты қалыптастыруда.

Антикалық заманда мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың санын айқындап айту әрине қиын, алайда дефектология ілімінің пайда болу тарихын зерттейтін ғалымдардың пайымдауынша, сол заманда мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың саны қазіргі таңмен салыстырғанда айтарлықтай көбірек болған. Дегенмен, бірнеше мыңжылдықтар бойы қоғам оларды тек аздан құралған топ ретінде емес, жетілмеген топ ретінде қабылдады: «дене бітімінде ауытқушылығы бар немесе психикалық ауытқуы бар адамға барлық тарихи дәуірлерде ерекше көзқараспен қарады, оған себеп тек оның кемістігі не болмаса әлеуметтік салаға қатыса алмағандығы ғана емес, сонымен қатар ол дені сау адамда мистикалық қорқыныш тудырды». [1,176.]

Соған орай, Антикалық заманның заңы бойынша, жоғары билік басының өкілдері дене бітімінде ауытқушылықпен туылған балаларды дені сау балалардан ажыратып, бөлек шеттетіп отырған. Бұдан әрі ол балалар тағдыр тәлкегіне қала берді немесе жойлып отырылды. Бұл туралы Сенеканың мына сөздерінен көре аламыз «Біз дүниеге әлсіз, ұсқынсыз болып туылған ергежейлерді суға батырып өлтіреміз. Біз мұны ашуға бой алып немесе құр босқа жасамаймыз, ақылға салып жарамсызды саудан тазартамыз». [2] Мұндай ұстаным әскери мемлекеттің азаматы үшін қалыпты жағдай болды, онда ең бастысы— жауынгер, ал бала тәрбиесіндегі басты артықшылық дене бітімі мен әскери дайындыққа бағытталды. Мүмкіндігі шектеулі бала, ол тіпті жоғары сөзсіз жатса да, Рим мемлекеті мен азаматтарының көзқарасы бойынша жарамсыз, пайдасыз болып саналды.

Осыған байланысты Малофеев Н. Н. айтуынша: «көрмейтіндер көп жылдар бойы көбінесе қайыр сұрау арқылы өмір сүрді және заңға мойынсұнушы бола отырып, өзіне айналасындағылардың агрессивті көзқарасын тудырмады. Ал естімейтіндерге келетін болсақ, антикалық заманнан бастап заң олардың қанадай да бір іс әрекетке қабілетін жоққа шығарды, ал орта ғасырларда олардың жағдайы тіпті нашарлай түсті. Католик

шіркеуі керендікті Құдайдың жазасы деп түсіндірді, естімейтін баланы туған сәтінен бастап қоғамнан оқшаулауды жөн санады». [1, 20 б.]

Сол уақыттың тағы да бір қызықты фактісіне Колесин А. назар аударған болатын: «Ерекше баланың ата-аналарына «жарамсыз» баладан бас тартуға кеңес берді, бірақ олардың артында осы кеңеске бармау құқығын қалдырды. Егер олардың жағдайы жеткілікті болса, онда олар баланы өмірінің соңына дейін асырауға құқылы болған. Бұл өте маңызды куәлік — тіпті христиандық қоғам өз мүшелерінен жүректегі мейірімділікті тартып алмаған. Дегенмен бұндай құтқарылған баланың болашақта толыққанды азаматтық құқықтарға мүмкіндігі аз екеніндігін барлығыда білді. Осы ретте айта кететін қызықты жайт, Антикалық заңнамада ақыл-есі кем адамдар туралы мүлде айтылмаған. Онда тек дене және психикалық ауытқушылық туралы айтылған». [3,]

Орта ғасыр дәуірінде Еуропа халқының басым көпшілігі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға оң көзқарас танытпады. Бұған себеп табиғаттан тылсым туылған «ергежейлік», «керендік», «психикалық ауытқушылық». Ертеректе христиандар жоғарыда көрсетілген ауытқушылықтарды «өзінің немесе ата анасының жасаған күнәлары үшін, Құдайдың берген жазасы» деп санаған.

Ғылыми әдебиеттердің басым көпшілігінде орта ғасыр артта қалғандай жазылған, бірақ «кейбір мәдениет пен субмәдениет әлі күнге дейін кемтарлықты діни жаза сезімдерімен немесе күнә, ұятпен, мүгедектің өзін де, оның бүкіл отбасын да байланыстырады». [4]

